

**"Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 449 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы
№ 767 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 767 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы
№ 728 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, сондай-ақ Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және бақылау қағидаларына сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпарат берсін.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 30 шілдедегі
№ 449 қаулысымен
бекітілген

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы атауы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан – 2050" стратегиясы:

Өзірлеуге негіздеме қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелері; Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 11 қарашадағы "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Бағдарламаны әзірлеуші Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Бағдарламаның мақсаты Елдің ұтымды аумақтық ұйымдастырылуын қалыптастыру, экономикалық өсу орталықтарында халықтың және капиталдың шоғырлануын ынталандыру арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасау

1-міндет. Әр макроөңір үшін инвестициялық басымдықтарды айқындау.

2-міндет. Елді аумақтық дамытуды жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері 3-міндет. Инженерлік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту.

4-міндет. Халықты ауызсумен және су бұрудың көрсетілетін қызметтерімен тиімді және ұтымды қамтамасыз ету.

Иске асыру 5-міндет. Тұрғын үй құрылысын дамыту.
мерзімдері 2015 – 2019 жылдар

Индикатордың атауы	2015 жыл (факт)	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
1. Агломерациялар халқының саны, мың адам							
Агломерациялар бойынша барлығы:	6049,6	6117,2	6221,9	6332,5	6440,0	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарының, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Астана	1025,4	1021,9	1052,1	1083,2	1115,5		
оның ішінде Астана қаласы	872,6	969,3	1014,5	1052,8	1121,3		
Алматы	2815,9	2879,3	2939,2	3000,8	3057,9		
оның ішінде Алматы қаласы	1703,5	1725,7	1776,5	1828,7	1872,5		
Шымкент	1594,2	1599,4	1607,9	1621,5	1635,2		
оның ішінде Шымкент қаласы	886,3	929,4	954,1	979,8	1013,2		
Ақтөбе	614,1	616,6	622,7	627,0	631,4		

оның ішінде Ақтөбе қаласы	397,4	410,7	417,2	427,5	438,0		
2. Жан басына шаққанда негізгі капиталға инвестициялар (Бағдарламада көзделген қаражат шеңберінде), мың теңге							
Орта есеппен республика бойынша барлығы:	15,0	10,9	7,1*	6,9*	19,2*		
Оңтүстік							
Алматы облысы	5,4	2,5	2,0*	1,9*	11,4*		
Жамбыл облысы	9,4	3,0	2,8*	2,6*	7,8*		
Қызылорда облысы	21,0	11,5	4,7*	5,7*	12,4*		
Оңтүстік Қазақстан облысы	3,2	1,5	1,5*	1,1*	6,0*		
Солтүстік							
Ақмола облысы	12,4	4,4	4,9*	3,1*	16,0*		
Қостанай облысы	15,7	4,5	4,8*	4,7*	17,4*		
Солтүстік Қазақстан облысы	20,1	5,4	9,1*	6,6*	20,7*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Батыс							
Ақтөбе облысы	16,8	3,6	4,6*	3,6*	18,1*		
Атырау облысы	5,6	3,9	1,4*	1,5*	14,0*		
Батыс Қазақстан облысы	14,7	4,4	6,7*	5,1*	18,5*		
Маңғыстау облысы	27,3	7,2	2,7*	2,6*	18,7*		
Орталық-Шығыс							
Шығыс Қазақстан облысы	13,1	9,3	1,6*	1,6*	8,2*		
Қарағанды облысы	10,5	4,1	4,4*	4,2*	13,0*		
Павлодар облысы	14,3	5,2	9,1*	4,5*	15,6*		
Астана қаласы	61,5	37,2	8,6*	37,0*	34,4*		
Алматы қаласы	24,1	4,7	8,3*	2,3*	17,1*		
3. Жаңғыртылған/салынған желілердің үлесі, оның ішінде жылумен, электрмен және газбен жабдықтау, %							
Орта есеппен республика бойынша барлығы:	4	1,4	1,5*	1,6*	1,5*		
Ақмола облысы	2,8	0,5	0,3*	0,7*	0,7*		
Ақтөбе облысы	5	1,1	1,9*	1,8*	1,8*		
Алматы облысы	16,1	2	0,8*	1,6*	1,6*		
Атырау облысы	2,8	1,3	1,9*	1,9*	1,9*		
Шығыс Қазақстан облысы	1,1	0,6	0,6*	0,7*	0,7*		
Жамбыл облысы	2,2	4,4	3,2*	1,8*	1,8*		

Батыс Қазақстан облысы	6,2	1,5	1,5*	1,4*	1,4*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Қарағанды облысы	0	0,5	1,2*	0,4*	0,4*		
Қостанай облысы	0,2	0,7	0,6*	0,7*	0,8*		
Қызылорда облысы	3,3	2,5	3,7*	4,5*	4,3*		
Маңғыстау облысы	6,9	2,3	2,1*	1,3*	1,3*		
Павлодар облысы	0,2	1,6	2,1*	5,4*	5,4*		
Солтүстік Қазақстан облысы	0,2	1,3	1,4*	1,9*	2*		
Оңтүстік Қазақстан облысы	6,7	2,5	2,5*	2,3*	2,2*		
Астана қаласы	0,2	0,3	1,2*	1,1*	1,1*		
Алматы қаласы	16,8	1,0	0,9*	1,3*	1,3*		
4. Орталықтандырылған жүйелерге қолжетімділік, %							
Сумен жабдықтау, оның ішінде:						ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
қалаларда	87	88	90*	93*	97*		
АЕМ-де	51,5	52,3	55*	58*	62*		
Су бұру, оның ішінде:							
қалаларда	82	84	88*	93*	97*		
АЕМ-де	11	11,2	11,5*	12*	13*		

* Бұл индикаторлар 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Қаржыландыру Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті көздері мен бюджеттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының көлемі заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және олардың шегінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемдері:

млн. теңге

	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
РБ*	180 755	113 335	103 516	97 296	488 804
ЖБ*	16 158	11 751	5 010	4 415	14 930
Бюджеттен тыс қаражат	212 968	523 712	155 254	139 900	129 000
Барлық қаражат	409 881	648 798	263 780	241 611	632 734

*Қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуі мен нақтылануына қарай нақтыланады.

2. Кіріспе

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы

14 желтоқсандағы "Қазақстан – 2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" және 2014 жылғы 11 қарашадағы "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Қазақстан халқына жолдауларын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады.

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы (бұдан әрі – Болжамды схема) жаңа өңірлік саясатты іске асырудың құралы болып табылады, оның мақсаты әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде өңірлердің орнықты дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Мемлекет басшысы қойған жаңа міндеттерді ескере отырып, өңірлік дамытудың барлық жүйесін заманауи қағидаттарға сай жаңғырту қажет. Стратегиялық басқару жүйесін республикашілік өңіраралық (трансөңірлік) және макроөңірлік деңгейлерде ұйымдастыру мемлекеттің стратегиялық жоспарлау институттарының, өңірлердің, қоғамдық бірлестіктердің, бизнестің және сарапшылар қоғамдастығының рөлін арттырумен қоса жүргізілуі тиіс.

Өткен жылдары Қазақстанда өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту деңгейлерін теңестіруге бағытталған өңірлік саясаттың екі Тұжырымдамасы іске асырылды. Бұдан басқа, ауылдық аумақтарды дамытудың 2004 – 2010 жылдарға арналған, шағын қалаларды дамытудың 2004 – 2006 жылдарға арналған, Елді аумақтық дамытудың 2015 жылға дейінгі бағдарламалары іске асырылды. Сондай-ақ, қазіргі уақытта бірқатар бағдарламалық құжаттар қолданыста және қабылданды, оның ішінде реттелетін бағыттардағы өңірлік дамудың жекелеген аспектілерін қозғайтын әлеуметтік, индустриялық-инновациялық, агроөнеркәсіптік дамыту және басқа да салалардағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар.

Сонымен бірге, аталған бағдарламалық құжаттарда шектеулі ведомстволық тәсілді көздеп отырып, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасында тұжырымдалған мемлекеттік өңірлік саясаттың басымдықтарына жеткіліксіз назар аударылғанын мойындаған жөн. Бұдан басқа, қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды сыни тұрғыдан талдау оларда көзделген институционалдық және әкімшілік ресурстардың іс жүзінде өзара жеткілікті үйлеспегендігін, көбінесе бір-бірін қайталайтынын анықтады.

Осындай жағдайларда жоғарыда аталған барлық бағдарламалық құжаттардың ережелерін бір өзектің – өңірлерді дамыту немесе өңірлердің экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру төңірегінде біріктіру талабы туындайды.

Өңірлік саясаттың базалық идеологиясы ретінде экономикалық өсу орталықтарын басым дамытудың ұтымды теңгеріміне, аумақтық шоғырлану мен басқарылатын урбандалуға, сондай-ақ хаб және шұғыла қағидаттары негізінде макроөңірлік дамуға негізделген теңгерімді даму стратегиясы ұсынылады. Бұл ретте Бағдарлама жекелеген өңірлер, сондай-ақ тұтастай ел шеңберінде экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру басымдықтарына сәйкес өңірлердің дамуына мемлекеттік қолдау көрсету құралдарын қамтиды.

Осы Бағдарлама мынадай бағдарламалардың негізінде әзірленді: "Өңірлерді дамыту", "Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы", "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы", "2011 – 2020 жылдарға арналған "Ақбұлақ" бағдарламасы, "Қолжетімді тұрғын үй – 2020".

Бағдарлама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға (тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды – энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға), өңірлердің экономикалық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ өңірлерді функционалдық типологиясына және экономикалық әлеуетіне сәйкес дамытуға бағытталған, олардың нарықтық бастамада ішкі шоғырлануына, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға көшуіне ықпал ететін әкімшілік-құқықтық және экономикалық сипаттағы шараларды айқындайды.

Тұтастай алғанда, республика бойынша жыл сайын республикалық бюджет есебінен өңірлерге инженерлік инфрақұрылымды дамытуға шамамен 300 млрд. теңге бөлінеді.

Осыған орай, инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі барлық жобаларды өңірлерді дамыту саласындағы уәкілетті орган арқылы орталықтандырылған түрде қарау қажет.

Жобалар мемлекеттік органдардың қолданыстағы бюджеттік бағдарламалары шеңберінде, өңірлерді дамыту саласындағы уәкілетті органның, оның ішінде материалдардың, жабдықтар мен технологиялардың қолданылуы тұрғысындағы келісімімен іске асырылатын болады.

Осы құжаттармен бір кешенде Бағдарлама 2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бойынша бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады.

Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге (бағыттарға), нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар, сондай-ақ Бағдарламада қолданылатын терминдер:

1) агломерация – бір (моноорталықты) немесе бірнеше (көпорталықты) орталық қалалардың айналасына жақын орналасқан, өзара тұрақты өндірістік, мәдени-тұрмыстық және өзге байланыстармен біріккен, сондай-ақ аумақтық бірігу үрдісі бар елді мекендердің урбанизациялық топталуы.

Қазақстандағы агломерацияларды айқындаудың негізгі өлшемшарттары мыналар болып табылады:

орталық қаланың (астана, республикалық маңызы бар қала) әкімшілік мәртебесі, оның Қазақстан жағдайында маңызы зор, себебі ол бюджеттік ресурстарды бақылауды көздейді;

өңір халқының тығыз орналасуын, көші-қон ағынын, ресурстық базаны (жер, су, азық-түлік ресурстарын) қамтитын демографиялық сыйымдылық;

ыңғайлы географиялық орналасуын, халықаралық көлік дәліздерінің өтуін, көлік торабы мен инфрақұрылымның болуын білдіретін логистикалық әлеует;

экономикалық әлеует, яғни орталық қаланың дамуы (өнеркәсіптік, сервистік, еңбек, қаржы, ғылыми әлеует);

2) моноқала – бұл өнеркәсіп өндірісінің және еңбекке жарамды халықтың негізгі бөлігі (20 % және одан астамы) бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы (мономамандандырылу) әрі қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді айқындайтын кәсіпорындарда шоғырланған қала.

Моноқалалар санатына халқының саны 10 мыңнан 200 мың адамға дейінгі, мына өлшемшарттардың бірімен сипатталатын:

қаланың негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіптік өндірісінің көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 %-ынан астамын құрайтын (мономамандандырылу);

қаланың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 20 %-дан астамы жұмыс істейтін;

қала құраушы кәсіпорындары қазіргі уақытта ішінара істейтін немесе қызметін тоқтатқан қалалар кіреді.

Бұл ретте көптеген моноқалаларға қаламен экономикалық тығыз байланыстағы қала маңындағы кенттер мен ауылдық елді мекендер әкімшілік бағыныста болады;

3) шағын қала – халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала;

4) тірек ауылдық елді мекен – абаттандырылған ауылдық елді мекен, онда сол жерде тұратын халыққа және іргелес орналасқан аумақтардың тұрғындарына қажетті әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ету үшін өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар жасалатын болады;

5) шекара маңындағы аумақтар – Мемлекеттік шекарадан 50 километрге дейінгі арақашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктердің және елді мекендердің аумақтары;

6) экономикалық өсу орталықтары – елдің немесе өңірдің экономикасында инновация мен прогресс көздерінің функциясын орындайтын, "ауқым әсерінің" арқасында өндіріс факторларының тартылыс полюстері (шоғырлануы) болып табылатын, сондай-ақ жаңа тауарлар шығаратын және қызметтер көрсететін қарқынды дамып жатқан салалардың кәсіпорындары орналасқан нақты аумақтар (елді мекендер).

Осы Бағдарламада экономикалық өсу орталықтарының қатарына:

ел ауқымында – "бірінші деңгейдегі" қалалар (орталықтары Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларын болатын агломерациялар) және "екінші деңгейдегі" қалалар (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары);

өңір ауқымында – "үшінші деңгейдегі" қалалар (перспективалы шағын және моноқалалар), аудан орталықтары, тірек ауылдық елді мекендер (бұдан әрі – АЕМ), оның ішінде тірек ауылдық елді мекендер, шекара маңындағы аумақтар енгізілген;

7) "бірінші деңгейдегі" қалалар – орталықтары Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары болатын агломерациялар;

8) "екінші деңгейдегі" қалалар – дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар, ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын облыс орталықтары, сондай-ақ Семей және Түркістан қалалары;

9) "үшінші деңгейдегі" қалалар – экономикалық даму және халық санының өсу перспективалары бар шағын және моноқалалар;

10) депрессивті өңір – өндірістің ұзақ (бес және одан да көп жыл) құлдырауы, төмен инфрақұрылымдық қамтамасыз ету (жолдар, телефон байланысы, энергиямен жабдықтау, жылумен жабдықтау) салдарынан жұмыспен қамту, экология, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер саласында жағымсыз үрдістердің болуымен сипатталатын әкімшілік-аумақтық бірлік;

11) уәкілетті орган – өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

12) Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісі – Бағдарламаны жергілікті жерде іске асыру үшін жауапты, облыстың, Астана және Алматы қалаларының әкімі айқындайтын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

13) өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы өңірлік саясат мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган;

14) "зәкірлік" инвестициялық жоба – Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларында іске асырылатын және шағын немесе моноқаланың экономикасын әртараптандыруға бағытталған, кемінде 50 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланған орташа инвестициялық жоба;

15) жаңғырту – техникалық жабдықты, өндірісті, процесті және т.б. жаңартуға бағытталған қазіргі заманғы талаптар мен нормаларға сәйкес конструкцияларды өзгерту.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Қазіргі кезеңде Қазақстанның өңірлік саясаты ұлттық экономиканың маңызды экономикалық өсу нүктелері болып табылатын урбандалу процестерін ынталандыруды және агломерацияларды реттеп дамытуды, экономикалық және демографиялық әлеуеті бар перспективалы елді мекендерді дамытуды және қолдауды қамтитын ұтымды аумақтық ұйымдастыруды қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстанда урбандалу деңгейі шамамен 56,7 %-ды құрайды, бұл Орта Азия елдері үшін ең жоғары коэффициент болып табылады, алайда дамыған елдерден тым артта қалуда. Өсіп жатқан қалалар, халық ұтқырлығының артуы және өндірістің мамандануының өсуі дамудың ажырамас серіктері болып табылады. Аустралия, Канада және АҚШ сияқты елдердің Қазақстанмен салыстырылатын урбандалу коэффициенттері 75 – 80 % аралығында.

Аумақты дамытудың оңтайлы саясатын жүргізу үшін Мемлекет басшысының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығында баяндалған Елді аумақтық кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасымен (бұдан әрі – Болжамды схема) Қазақстан Республикасы өңірлерінің мынадай сыныптамасы қабылданды.

Макроөңірлер – өздерінің экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша ұқсас өңірлер топтамасы.

Хаб-қалалар – ұлттық және өңірлік өзара іс-қимыл орталықтары: сауда-логистика және көлік, қаржы және кадр орталықтары, ақпарат пен технологияларды жеткізушілер.

Агломерация – бір (моноорталықты) немесе бірнеше (көпорталықты) орталық қалалардың айналасына жақын орналасқан, өзара тұрақты өндірістік, мәдени-тұрмыстық және өзге байланыстармен біріккен, сондай-ақ аумақтық бірігу үрдісі бар елді мекендердің урбанизациялық топталуы.

Болжамды схемада урбандалған экономикалық өсу орталықтарының мынадай санаттары да бөліп көрсетіледі:

1) "бірінші деңгейдегі" қалалар (агломерациялар, хаб-қалалар);

2) "екінші деңгейдегі" қалалар (облыс орталықтары, облыстық маңызы бар ірі қалалар);

3) "үшінші деңгейдегі" қалалар (шағын және моноқалалар).

Бұдан басқа, Болжамды схемаға сәйкес тірек ауылдық елді мекендер, шекара маңындағы аумақтар экономикалық өсу орталықтарына жатады.

Макроөңірлер

Қазақстанда өңірлер ұқсас экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға негізделі отырып, төрт макроөңірге топтастырылған – Солтүстік (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары), Орталық-Шығыс (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары), Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары) және Батыс (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары). Макроөңірлердің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен айрықша мәртебесіне ұқсас болғандықтан, Астана және Алматы хаб-қалалары да бөліп көрсетіледі.

Қазақстанның макроөңірлері әртүрлі әлеуетке ие және елдің экономикалық дамуына әртүрлі үлес қосуда.

1-кесте. Қазақстан Республикасы макроөңірлерінің қысқаша сипаттамасы

	ЖІӨ-дегі үлесі, %	Қазақстан Республикасының жалпы халық санындағы халықтың үлесі, %	Урбандалу деңгейі, %
Орталық-Шығыс	18,3	20,0	69,7
Солтүстік	8,6	12,4	48,6
Оңтүстік	17	37,7	38,0
Батыс	23,8	15,2	52,9
Алматы қаласы	21,2	9,6	100,0
Астана қаласы	11,2	4,9	100,0

Айталық, мұнайлы Батыс макроөңірі ел халқының 15,2 % үлесімен ұлттық экономикаға үлес қосу (23,8 %) бойынша көшбасшы болып табылады. Ал аграрлы Оңтүстік макроөңірі ел халқының 37,7 % үлесімен (Алматы қаласын есептемегенде) елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ) 17,0 %-ын ғана өндіреді.

Бұл бірінші кезекте макроөңірлер экономикасының құрылымына байланысты. Батыс макроөңірі жалпы өңірлік өнімінің (бұдан әрі – ЖӨӨ) 90 %-дан астамын өндіру өнеркәсібі – құрылатын жұмыс орындарының саны шектеулі жоғары өнімді сектор қамтамасыз етеді. Сонымен бірге экономикасының құрылымы әртараптандырылған Алматы қаласы (ел халқының 9,6 %) ел экономикасына Батыс макроөңірімен салыстыруға болатын үлес қосуда. Сонымен бірге Оңтүстік және Солтүстік макроөңірлерінің дамуы құрылатын жұмыс орындарының саны

шектеулі ауыл шаруашылығының төмен өнімді секторларына негізделген. Тиісінше, ел халқының үлесі жоғары болғанымен, олардың елдің ЖІӨ-ге үлесі төмен.

Бұдан екінші қорытынды шығады – макроөңір қаншалықты урбандалса, оның экономикасы соншалықты әртараптанады. Осылайша, Орталық-Шығыс макроөңірі салыстырмалы жоғары урбандалу деңгейіне және тиісінше, орташа республикалықпен салыстыруға болатын жан басына шаққандағы орташа табыс көрсеткішіне ие. Жан басына шаққандағы орташа кірістің ең жоғары көрсеткіші Астана және Алматы қалаларында байқалады. Сонымен бірге, жан басына шаққандағы орташа кірістің ең төмен көрсеткіші – аграрлы Солтүстік және Оңтүстік макроөңірлерінде. Батыс макроөңірі өндірістің мономамандануымен ерекшеленеді және сондай-ақ өндіру секторы шегінен тысқары жан басына шаққандағы орташа кірістің шамалы көрсеткіштеріне ие.

Макроөңірлердің теңгерімді дамуы үшін инвестициялық және еңбек ресурстарының өндіру өнеркәсібінен және өнімділігі төмен ауыл шаруашылығы секторларынан экономиканың өңдеу өнеркәсібіне және өнімділігі жоғары сервис секторларына көшуін қамтамасыз ету арқылы олардың экономикасын әртараптандыру саясатын жүргізу қажет, ол ел халқының жан басына шаққандағы орташа кірісін арттырады.

Заманауи технологиялардың, бизнес-процестерді автоматтандырудың және өндірісті ақпараттандырудың дамуына орай өндіру өнеркәсібі мен аграрлық сектор жұмыс орындарының жеткілікті санын құруға қабілетті емес.

Қазіргі кезеңде көрсетілетін қызметтер секторында жұмыс орындарының жеткілікті саны ұсынылуы мүмкін. Экономиканың сервистік секторлары урбандалған аумақтарда дамиды.

Осылайша, өңірлік саясат тұрғысында бұл елдің шикізаттық емес ЖІӨ арттыратын басқарылатын урбандалу саясатын білдіреді.

Экономиканың құрылымында және урбандалу деңгейінде айырмашылықтар болғандықтан, елдің макроөңірлері үшін инвестициялық бағдарламаларды әзірлеудің әртүрлі тәсілдері қажет.

Оңтүстік макроөңір

Халық саны – 6,7 млн. адам (Алматы қаласын қоспағанда).

Урбандалу деңгейі – 37,7 %.

Макроөңірде екі хаб-қала – Алматы мен Шымкент, сондай-ақ "екінші деңгейдегі" 4 қала, "үшінші деңгейдегі" 20 қала, 71 тірек АЕМ бар.

Басым мамандандырылу – ауыл шаруашылығы. Сонымен бірге өнеркәсіптің жекелеген түрлері: өндіру – Қызылорда облысында, уран және химия – Оңтүстік Қазақстан облысында, фосфор өнімінің өндірісі – Жамбыл облысында дамыған.

Макроөңір халықтың жоғары тығыздығымен, бірақ урбандалудың төмен деңгейімен сипатталады. Осыған орай урбандалу процестері міндетті түрде болады, ауыл халқы қалаларға белсенді көшуде.

Макроөңір іске асырылған "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" (Қорғас – Алматы – Тараз – Шымкент – Түркістан – Қызылорда) жобасының арқасында басқаларға қарағанда барынша интеграцияланған болып табылады.

Батыс макроөңір

Халық саны – 2,7 млн. адам.

Урбандалу деңгейі – 52,9 %

Макроөңірде бір хаб-қала – Ақтөбе, сондай-ақ "екінші деңгейдегі" 3 қала, " үшінші деңгейдегі" 11 қала, 62 тірек АЕМ бар.

Макроөңірдің урбандалуы салыстырмалы түрде төмен болып табылады. ЖӨӨ-нің басым бөлігін мұнай және газ өндіру секторы құрайды. Өңдеу өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарында дамыған. Осы екі өңір макроөңір үшін ішінара азық-түлік базасы болып табылады.

Макроөңір аумағында елдің жалғыз теңіз қақпасы – Ақтау теңіз порты орналасқан.

Маңғыстау облысында (Жаңаөзен) халықтың шамадан тыс қоныстану проблемасы бар, мұнда табиғи-климаттық жағдайларға байланысты жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігі шектеулі.

Орталық-Шығыс макроөңір

Халық саны – 3,5 млн. адам.

Урбандалу деңгейі – 69,7 %.

Макроөңірде бір хаб-қала – Өскемен, сондай-ақ "екінші деңгейдегі" 3 қала, " үшінші деңгейдегі" 20 қала, 81 тірек АЕМ бар.

Макроөңірде урбандалу деңгейі жоғары, жоғары қайта өңдеуді дамытуды қажет ететін салыстырмалы дамыған өнеркәсіп бар. Макроөңірдің ірі қалалары Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Семей болып табылады.

Макроөңір Астана хаб-қаласымен және Солтүстік макроөңірмен тығыз байланысты. Атап айтқанда, елді мекендердің (Теміртау, Саран, Абай, Шахтинск қалаларымен) Қарағанды агломерациялық жүйесі Астана агломерациясымен байланысты. Бұл ретте екі макроөңір салалық құрылымы бойынша – Солтүстік макроөңірдің аграрлы мамандануы және Орталық-Шығыс макроөңірдің өнеркәсіптік мамандануы өзара бір-бірін толықтырады.

Аумақ жерінің кеңдігін ескерсек, макроөңір үшін, әсіресе, тірек қалалардан туристік әлеуеті бар аумаққа дейін (Баянауыл, Қарқаралы, Алтай және басқалары) жылдамдығы жоғары көліктік қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңызы өте зор.

Солтүстік макроөңір

Халық саны – 2,2 млн. адам.

Урбандалу деңгейі – 48,6 %.

Макроөңір үшін Астана хаб-қала болып табылады.

Макроөңірде "екінші деңгейдегі" 3 қала, "үшінші деңгейдегі" 17 қала, 99 тірек АЕМ бар. Макроөңірдің урбандалуы төмен, сонымен қатар халықтың көшіп кетуі байқалады.

Негізгі мамандану – астық өндірісі. Өңірлерде жекелеген өнеркәсіп түрлері (Солтүстік Қазақстан облысындағы ПАМЖЗ, Қостанай облысындағы ССТӨБ және Агромашхолдинг, Ақмола облысындағы КамАЗ-Инжиниринг және уран кендерін өндіру) дамыған, яғни Қостанай, Петропавл, Көкшетау, Степногорск қалалары салыстырмалы әртараптандырылған болып табылады.

Макроөңірдің белгілі бір туристік әлеуеті бар (Шучинск-Бурабай курорттық аймағы, Зеренді, Сандықтау, Бұланды және басқалары).

"Бірінші деңгейдегі" қалалар (агломерациялар)

Қалалық агломерациялар әлемнің көптеген елдерінде заманауи қоныстандырудың объективті түрде негізгі нысандары болуда.

АҚШ-та бүкіл халықтың 76 %-дан астамы агломерацияларда тұрып жатыр, олардың ең ірісі Нью-Йорк (11,3 мың шаршы км, 23,3 млн. адам) және Лос-Анджелес (5,8 мың шаршы км, 18,6 млн. адам) агломерациялары.

Еуропада әлемдік деңгейдегі агломерациялар Лондон (11 мың шаршы км, 13,4 млн. адам) және Париж (12 мың шаршы км, 12 млн. адамнан астам) агломерациялары.

Қытайда – Шанхай (7,1 мың шаршы км, 18,6 млн. адам), Бразилияда – Рио-де-Жанейро (4,6 мың шаршы км, 12,1 млн. адам), Аргентинада – Буэнос-Айрес (2,7 мың шаршы км, 14,6 млн. адам), Үндістанда – Колката (1,8 мың шаршы км, 15,6 млн. адам) және басқа да дамушы елдерде урбандалған аумақтар жылдам қарқынмен қалыптасып жатыр.

Дамушы елдерде агломерациялардың дамуы өзіндік ерекшелікке ие. Оларға кейбір жетекші және ірі орталықтарда халық пен экономиканың барлық салаларының өсіп келе жатқан шоғырлану үлгісі тән. Халықтың ауылдық жерден ірі және аса ірі орталықтарға келуі жоғары қарқынмен жалғасатын болады.

Егер қалалық орталықтардың дамуы "өз бетінше" жүзеге асырылса, ауылдық жерден халықтың бақыланбайтын көші-қон процестері тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым қуатына шамадан тыс жүктеменің қалыптасуына, шеткері қала қоныстарында әлеуметтік-экономикалық маргиналдану аймақтарының пайда болуына әкеп соғуы, өңіраралық үйлеспеушілікті одан әрі нығайтуға ықпал етуі және экономиканы әртараптандыруға кедергі болуы мүмкін.

Осындай үрдістер Латын Америкасы мен Африка елдеріндегі көптеген қалалық агломерацияларға тән, олар экономикалық артта қалушылық пен теңсіздікті консервациялауға ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрақсыздыққа да ықпал етеді.

Қытай Халық Республикасы Ғылым академиясының География ғылымдары мен табиғи ресурстар институты ұсынған "Қытайдың қалалық агломерацияларын дамыту – 2010" баяндамасына сәйкес Қытай 23 қалалық агломерация құрады.

Қалалық агломерациялар Қытайдың экономикалық дамуының болашақ құрылымында ең перспективалы аудандар болып табылады. 10 – 20 жылдан кейін Қытай әлемдік деңгейдегі ең бәсекеге қабілетті және инновациялық ілгерілетілген агломерациялардың топтарын құруға тиіс, ал әрбіреуінің халық саны кемінде 20 млн. адам болуға тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанда орталықтары Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары болатын агломерациялар "бірінші деңгейдегі" қалалар болып айқындалды. Қалыптасып келе жатқан қалалық агломерациялар елдің барлық халқының үштен бір бөлігінен астамын шоғырландырады.

Олардың ішінде неғұрлым ауқымдысы (халық санын және қала маңымен бірге орталық қаланы қамтитын агломерациялар құрылымының күрделілігін ескере отырып) Алматы мен Шымкент айналасында дамып келеді. Қарқынды өсуі қоныстандыру жүйесіндегі жаңа елорданың ролін арттыруға бағытталған мемлекеттің саясатына негізделген Астана әлі дамыған қала маңы аймағын қалыптастырып үлгерген жоқ. Республиканың батысында Ақтөбе қаласында орталығы бар болашақ агломерация перспективалы болып табылады.

Бұл ретте Астана агломерациясының құрамына бірыңғай агломерациялық құрылым жасауға қабілетті Қарағанды қаласы және оның маңындағы елді мекендер (серіктес қалалар, кенттер) тартылады.

Қазақстанда агломерациялар қалалық агломерацияларды қалыптастырудың және дамытудың негізгі өлшемшарттары бойынша айқындалады:

1) демографиялық сыйымдылық, өңір халқының жоғары тығыздығын, көші-қон ағынын, ресурстық базаны (жер, су, азық-түлік ресурстарын) қамтиды (2-кесте).

2-кесте. 2016 жылдың басындағы агломерациялардың халық саны мен демографиялық сыйымдылығы бойынша ақпарат

Р/с№	Атауы	Халық саны				Демографиялық сыйымдылық (орталықтың халық тығыздығы), мың адам
		агломерациялар		орталық қалалар		
		мың адам	үлесі, %	мың адам	үлесі, %	
1.	Астана	1 025,4	5,8	872,6	8,7	2 460
2.	Алматы	2 815,9	15,9	1 703,5	16,9	10 087

3.	Шымкент	1 594,2	8,4	886,3	8,8	4 074
4.	Ақтөбе	614,1	3,2	397,4	4,5	1 331
	Барлығы	6 049,6	34,2	3 912,4	38,9	

2015 жылы "бірінші деңгейдегі" қалалар (агломерациялар) халқының саны 6 049,6 мың адамды құрады, бұл Қазақстан Республикасы халқының жалпы санының 22,1 %-ын құрайды. Бұл ретте Астана, Алматы және Шымкент қалалары халқының саны Қазақстанның жағдайында агломерациялық әсер (500 мың адам) іске асырылатын деңгейден асып отыр.

2) логистикалық әлеует, бұл ыңғайлы географиялық орналасуды, халықаралық көлік дәліздерінің өтуін, көлік торабы мен инфрақұрылымның болуын білдіреді.

Қазіргі уақытта агломерациялардың және агломерациялардың ықпал ету аймағына кіретін (серіктес қалаларды, көршілес қалаларды, кенттерді, ауылдарды қоса алғанда) елді мекендердің шекаралары белгіленді. Агломерация ареалын делимитациялау (шекара белгілеу) үшін изохрон әдісі пайдаланылды, ол агломерация орталығына бару үшін қажет уақыт шығыны негізінде агломерация шекараларын айқындаудан тұрады. Агломерация шекарасы ретінде 1,5 сағаттық изохрон қабылданды. Аталған әдістің көмегімен агломерация аумағының шегінде қоныстар сәйкестендірілген:

Астана агломерациясының құрамына Ақмола облысының Ақкөл, Аршалы, Целиноград, Шортанды аудандарының бөліктері кіреді;

Алматы агломерациясының құрамына қала маңындағы аймақтың елді мекендері кіреді, оларға Алматы облысының бес әкімшілік ауданы: Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, сондай-ақ Қапшағай қалалық әкімшілік аумағы кіреді. Алматы қаласының ықпал ету аймағы қала мен қала маңының тығыз байланысының негізінде (күнделікті еңбек маятниктік көші-қоны шамамен 250 мың адамды құрайды) айқындалды және қалыптасқан серіктес қалалар Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Есік қалаларының, Ұзынағаш ауылының және жоспарланып отырған Gate City (қаржы орталығы), Golden City (мәдени орталық), Growing City (өнеркәсіптік орталық), Green City (туристік орталық) төрт жаңа серіктес қалалардың орналасуын ескереді;

Шымкент агломерациясының құрамына Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласы, Бәйдібек, Түлкібас, Қазығұрт, Төлеби, Ордабасы және Сайрам аудандары кіреді;

перспективалы Ақтөбе агломерациясының құрамына Ақтөбе облысының Хромтау, Алға, Қандыағаш қалалары, Алға, Қарғалы, Мәртөк, Мұғалжар, Қобда мен Хромтау аудандарының бірқатар ауылдық елді мекендері кіреді.

Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Астана қалалары арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерін салуға байланысты агломерациялардағы логистикалық әлеуетті ұлғайту болжануда.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта жолаушылар айналымы бойынша статистикалық деректердің болмауы орталық қала мен серіктес қалалардың арасындағы көліктік қолжетімділікті анықтауды қиындатады.

3) экономикалық әлеует, яғни орталық қаланың дамығандығы (өнеркәсіптік, сервистік, еңбек, қаржылық, ғылыми әлеует);

Астана – республиканың астанасы, елдің әлеуметтік-экономикалық даму көшбасшыларының бірі болып табылатын қала. Астананы көшіру туралы шешім қаланың, жақын орналасқан облыстардың және жалпы елдің кеңістік құрылымының серпінді дамуына бірден-бір ықпалын тигізді. Тиімді экономикалық-географиялық орналасудың көп көлемді материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарымен үйлесімде болуының агломерациялық даму әлеуеті әлі іске асырылмаған Астана қаласын агломерация орталығы ретінде қалыптастыру үшін зор маңызы бар.

Республика көлемінде Астана қаласының ЖӨӨ үлесі 11,2 %-ды құрайды (2015 жылғы деректер). Қала экономикасының негізін мыналар құрайды: көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу (24,7 %), жылжымайтын мүлікпен операциялар (11,2 %), құрылыс (10,1 %), көлік және қоймалау (8,2 %), кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер (7,8 %).

Қала халқының өмір сүру деңгейін талдау қаралатын барлық көрсеткіштер бойынша оң серпінді анықтады. Астана қаласының экономикалық тұрғыдан белсенді халқының саны 2015 жылы 488,8 мың адамды құрады және 2000 – 2015 жылдар аралығында 2,7 есе өсті.

Алматы – агломерациялық орталық ретінде белсенді қалыптасып келе жатқан елдің ең ірі мегаполисі. Алматы қаласының тартылыс аймағына Талғар, Есік, Қаскелең, Қапшағай қалалары және олармен тығыз экономикалық, еңбек және әлеуметтік байланыстары бар іргелес кенттер мен ауылдар жатады. Алматы қаласы ұлттық және әлемдік нарықтармен байланысты қамтамасыз ететін адами, қаржылық ресурстардың, білім беру және ғылыми әлеуеттің, дамыған инфрақұрылымның жоғары шоғырлануымен ерекшеленеді.

Алматы қаласының 2015 жылғы ЖӨӨ-сінің салалық құрылымын талдау қаланың экономикалық базасын көрсетілетін қызметтер секторы құрайтынын көрсетеді. Үлестік салмақ бойынша бірінші позицияны көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу (31,3 %), одан кейін жылжымайтын мүлікпен операциялар (10,6 %), қаржы және сақтандыру қызметі (9,1 %), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (6,8 %) алады.

Қаланың экономикалық тұрғыдан белсенді халқы 2015 жылы 885,1 мың адамды құрады және 2000 – 2015 жылдар кезеңінде 1,4 есе өсті.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының қала маңындағы аймағын дамыту Алматы қаласының қала маңындағы аймағы аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың қабылданған кешенді схемасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Шымкент – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, білім беру және мәдени орталығы. Бұл ретте экономикалық әлеуеті бар қала елдің оңтүстігінің агломерациялық орталығы бола алады. Сонымен қатар, оның "жалған урбандалу" форматында дамуына жол бермеу мақсатында аталған процесті реттеу қажет.

2010 – 2015 жылдар аралығында Шымкент қаласы халқы санының жыл сайын орта есеппен 2,9 %-ға өсуі байқалған.

Ақтөбе қаласы Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы болып табылады. Ақтөбе қаласының аумағы, әкімшілік тұрғыдан бағынысты бес ауылдық округті (Благодарный, Қарғалы, Құрайлы, Новый, Сазды) қоса алғанда, 2,3 мың шаршы км тең. Облыс көлемінде өнеркәсіптік өндірістің үлесі 26,2 %-ды, яғни 265,4 млрд. теңгені құрайды (2015 жылғы деректер бойынша);

4) орталық қаланың (астана, республикалық маңызы бар қала) әкімшілік мәртебесі, бұл Қазақстанның жағдайында маңызды, себебі бюджет ресурстарын бақылауды көздейді.

Қазақстанда агломерациялар дамуының SWOT-талдауы

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және бос уақыт өткізу салаларында қызметтер көрсетудің жоғары деңгейі (елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда); халықтың табиғи және көші-қон өсімінің оң көрсеткіштері; шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар; кадрлық базаның болуы	қоныстанудың төмен тығыздығы, 2 млн. адамнан астам халқы бар орталық қалалардың болмауы; орталық қалалардың және іргелес аумақтардың (елді мекен жүйелерінің) ортақ жүйелі инфрақұрылымының болмауы; орталық қалалар ішінде тиімсіз көліктік инфрақұрылым (көлік кептелістері); ірі қалалардағы жағымсыз экологиялық жағдай (газдану, "жасыл экономиканың" смарт-технологияларын қолданбау, қоғамдық көліктің дамымауы, қалалардың ішінде экологиялық емес және энергияны қажетсінетін өндірістердің болуы); қалаларда рекреациялық аймақтардың және жасыл аймақтардың жеткіліксіз дамуы; елдің ірі қалаларында тартымды брендтердің (танымал халықаралық имидждің) болмауы; елдің ірі қалаларының жаһандық және өңірлік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі; орталық қала мен қала маңындағы елді мекендердің бірыңғай заманауи қала құрылысы құжаттамасының болмауы
Мүмкіндіктер	Қатерлер

<p>экономиканың толық қайта құрылуы (индустрияландырудан кейінгі даму);</p> <p>халық саны көп және әртараптандырылған еңбек нарығының қалыптасуы;</p> <p>тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізудің сыйымды нарығының тартымдылығын арттыру;</p> <p>"инфрақұрылымдық әсер" құру (қуатты көлік кешендері, мультимодальды тораптар, ақпараттық коммуникациялар);</p> <p>ірі орталықпен көрші болу әсері, яғни барлық агломерация тұрғындарына агломерациялардың әртүрлі аймақтарының еңбек, сауда және басқа да мүмкіндіктеріне кең ауқымды қолжетімділік беру</p>	<p>біліктілігі төмен еңбек ресурстарының бақылаусыз жаппай келуінің салдарынан "жалған урбандалу";</p> <p>тұрғын үй тапшылығы;</p> <p>жоғары жұмыссыздық;</p> <p>қалалық әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға шамадан тыс жүктеме;</p> <p>қала шетінде ретсіз құрылыс салу;</p> <p>келетін халықтың маргиналдануы мен бейәлеуметтенуі (қылмыстың көбеюі)</p>
---	---

"Екінші деңгейдегі" қалалар (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары)

Қазіргі уақытта Қазақстанда "екінші деңгейдегі" қалаларға 14 қала жатады, оның ішінде 12 қала 12 облыстың әкімшілік орталықтары болып табылады (Көкшетау, Талдықорған, Атырау, Орал, Тараз, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Ақтау, Павлодар, Петропавл, Өскемен), 2 қала облыстық маңызы бар қала (Семей, Түркістан) болып табылады.

"Екінші деңгейдегі" қала халқының саны 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 795,2 мың адамды құрады, бұл республикадағы жалпы халық санының 21,5 %-ын немесе елдің қала халқы санының шамамен 37,7 %-ын құрайды. Қаралып отырған кезеңде барлық "екінші деңгейдегі" қалаларда халық санының өсуі байқалады, бұл халықтың табиғи өсуінің оң мәндерімен және қалыптасқан халық көші-қонының оң сальдосымен байланысты.

Осы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін салыстырмалы талдау көптеген қалалар өз өңірлерінде өндірістік, қаржылық және еңбек ресурстарының тартылыс және шоғырлану орталықтары болып табылатынын көрсетті.

3-кесте. "Екінші деңгейдегі" қалалардың 2015 жылғы қаңтар-желтоқсандағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері (алдын ала деректер)

Р/с №	Қалалық әкімшіліктің атауы	Халық саны (2016 жылғы 1 қаңтарға)		Нақты жалақы		Өнеркәсіптік өнімнің көлемі	
		мың адам	үлес, %	мың тг	облыс бойынша орташа, мың тг.	млн. тг.	үлес, %
1.	Көкшетау	159,5	21,4	99,2	89,2	82 158,10	26,3
2.	Талдықорған	165,3	8,5	97,1	90,7	46 892,5	8,5
3.	Атырау	302,2	50,8	229,6	225,1	149 143, 4	3,03
4.	Орал	288,4	45,3	116,8	99,4	103 918,6	8,2

5.	Тараз	363,0	32,7	92,6	85,3	182 200,1	66,4
6.	Қарағанды	498,1	36	116,9	113,9	259 467,2	19,0
7.	Қостанай	232,0	26,3	96,3	92,0	150 201,4	34,8
8.	Қызылорда	277,8	36,3	119,3	106,3	488 548,5	80,7
9.	Павлодар	358,9	47,3	111,3	108,6	437 589,4	42,4
10.	Петропавл	216,2	38	97,6	87,3	109 083,1	64,7
11.	Өскемен	333,4	23,9	117,7	103	640 793,7	62,7
12.	Семей	343,5	24,6	95,1	103	125 136,2	12,2
13.	Түркістан	256,9	9,0	78,2	85,7	11 697,0	1,8

Р/с №	Қалалық әкімшіліктің атауы	Бөлшек сауда		Негізгі капиталға инвестиция		Тұрғын үйлердің жалпы алаңын пайдалануға беру	
		млн. тг.	үлес, %	млн. тг.	үлес, %	шаршы метр	үлес, %
1.	Көкшетау	97 495,8 (2014)	53,6	26 483	14,6	105 900	39,5
2.	Талдықорған	39 407,4	12,7	51 946,3	10,6	122 700	10,8
3.	Атырау	13 292,4	86	647 662,5	44,5	366 309	66,6
4.	Орал	170 818,8	78,8	56 647,4	16	156 857	59,9
5.	Тараз	153 752,5	83,9	49 497,1	21,8	128 231,0	43,9
6.	Қарағанды	447 191,2	75,9	88 523,9	24,9	155 750,0	48,6
7.	Қостанай	127 076,4	61,9	37 229,1	22,3	157 210	63,2
8.	Қызылорда	148 518,7	86,0	127 341,3	53,8	312 195,0	67,0
9.	Павлодар	178 707,8	70,4	132 393	29,54	123 314,0	74,9
10.	Петропавл	113 687,6	67,1	51 187,9	33,1	86 103,0	66,9
11.	Өскемен	309 117,3	51,9	81 968,7	19,9	140 909,0	44,3
12.	Семей	138 455,3	23,3	44 208,4	10,8	80 394,0	25,3
13.	Түркістан	13 984,9	4,4	19 749,0	4,7	38 679,0	8,7

"Екінші деңгейдегі" қалалардағы өнеркәсіптік өндірістің көлемі 2015 жылы 2,52 трлн. теңгені құрады, бұл өнеркәсіптік өндірістің жалпы республикалық көлемінің шамамен 17 %-ын құрайды.

2008 – 2015 жылдары "екінші деңгейдегі" қалалардағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемі 39,7 %-ға ұлғайды.

"Екінші деңгейдегі" қалаларда өңдеу өнеркәсібінің салалары жақсы дамыған. Айталық, осы қалалардың өнеркәсіп өндірісінің құрылымын талдау көбінесе өңдеу өнеркәсібінің үлесі өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінің 55 %-ынан асатынын көрсетті.

Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде өңдеу саласының үлес салмағы 2015 жылы Атырауда – 62 %, Қарағандыда – 59 %, Ақтауда – 72 %-ды құрады.

Су құбыры, кәріз, жылу және электр желілерінің, автомобиль жолдарының тозу дәрежесінің жоғары болуы "екінші деңгейдегі" қалалардың инженерлік инфрақұрылымының негізгі проблемалары болып табылады.

4-кесте. Коммуналдық инфрақұрылымның тозу дәрежесі

Р/с №	Қалалардың атауы	Су құбыры желісі, %	Кәріз желілері, %	Жылу желілері, %	Электр желілері, %	Автомобиль жолдары (қанағаттанарлықсыз жағдайда), %
1.	Көкшетау	45	15	53	62	31
2.	Талдықорған	60	72	65	60	50
3.	Атырау	31	38,5	74	30	28,1
4.	Орал	69	67	55	95	41
5.	Тараз	68	74	70,9	72	25
6.	Қарағанды	78	74	75	60	73
7.	Қостанай	63,3	73,2	51	73	42
8.	Қызылорда	54	60	62	70	68
9.	Павлодар	46,4	41,6	71,2	53	29
10.	Петропавл	81,3	63,6	71	68,5	48
11.	Өскемен	72	75	59	61	27
12.	Семей	77	75	77	66	47
13.	Түркістан	92	40	75	61	67,4

"Үшінші деңгейдегі" қалалар (шағын және моноқалалар)

Қазіргі уақытта Қазақстанда 41 шағын қала бар, олардағы халық саны 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 947,2 мың адамды құрайды. Бұл ретте 33 шағын қала тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады, 8 шағын қала ауылдық аудандардың орталықтары болып табылмайды. Географиялық орналасу бойынша қалалардың мынадай типтерін бөліп көрсетуге болады:

1) агломерациялардың ықпал ету аймағында – Ақкөл, Алға, Қандыағаш, Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Леңгір;

2) республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль және теміржол магистральдары бойында – Ақкөл, Атбасар, Ерейментау, Есіл, Макинск, Щучинск, Алға, Қандыағаш, Шалқар, Жаркент, Қапшағай, Қаскелең, Сарқанд, Аягөз, Шу, Приозерск, Арал, Ембі, Үшарал, Үштөбе, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Арыс, Сарыағаш, Булаево, Мамлютка, Тайынша;

3) шекара маңындағы аумақтарда – Жаркент, Үшарал, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шар, Шемонаиха, Мамлютка, Булаево.

Моноқалалардың тізбесіне 27 қала енгізілген, олардағы халық саны 1,447 млн . адамды немесе елдің қала халқының 16,8 %-ын құрайды, оның ішінде 16 моноқала тиісті аудандардың әкімшілік орталығы болып табылады.

Моноқалаларда Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетінің басым бөлігі шоғырланған

Көліктік орналасу бойынша моноқалаларды екі топқа бөлуге болады: теміржол желілерінің бойында орналасқан қалалар (20 қала) және теміржолдан алыс не теміржол тұйығында орналасқан қалалар (7 қала).

Елдің 27 моноқаласының ішінен халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында – 7, республикалық маңызы бар – 14, жергілікті маңызы бар – 7 қала орналасқан.

1999 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 41 шағын қаладағы халықтың жалпы санының өсуіне қарамастан, көптеген шағын қалаларда халық саны 14,3 %-ға азайды. Сондай-ақ онжылдық кезеңде моноқалалардағы халықтың 4 %-ға жалпы өсуіне қарамастан, олардың 11-інде халық саны 11,8 %-ға² азайды.

Шағын қалалар халқының жан басына шаққандағы ақшалай кірісі орташа республикалық деңгейдің 65 %-ын ғана құрайды, ал көптеген моноқалалардың жан басына шаққандағы кірістері орташа облыстық деңгейге жетпейді. Айталық, Арқалық, Кентау, Балқаш, Саран қалаларында жан басына шаққандағы орташа ақшалай кіріс орташа облыстық деңгейдің 80-85 %-ын құрады.

Елдің көптеген шағын және моноқалаларында негізінен бұрынғы қала құраушы кәсіпорындардың немесе басым саланың жай-күйіне байланысты проблемалар кешені пайда болды.

Проблемалардың бірі – инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жағдайы. Су құбыры, кәріз, жылу және электр желілерінің жоғары дәрежеде тозуы айтарлықтай қаржылық салымды қажет етеді. Мәселен, моноқалалардың жартысында (11 қалада) электр және жылу желілерінің тозуы 70 %-ға дейін жетті.

Шағын және моноқалалардың дамуын тежейтін негізгі проблемалардың бірі өндірістік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жағдайы болып табылады. Әсіресе, көлік жолының шалғайлығы және автомобиль жолдарының нашар жағдайының проблемасы өте өзекті.

Қазақстанның шағын және моноқалаларын дамыту бойынша тиімді шараларды әзірлеу үшін ұқсас елді мекендерді дамытуда шет елдердің табысты мысалдары зерттелді.

Шағын қалаларда қалыптасқан жағдайдың сипаты мен ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан үшін АҚШ, Швеция, сондай-ақ тұтас Еуропалық одақ (бұдан әрі – ЕО) тәжірибесін бейімдеуге және қолдануға болады.

Мысалға, көмір өндіруді және тоқыма өнеркәсібі өндірісінің көлемін азайту нәтижесінде Биг Стоун Гэп (АҚШ) қаласы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға тап болды. Қала экономикасын қайта құрылымдау және табиғат пен

рекреациялық орындарға жақындығы артықшылықтарын пайдалану арқасында жұмыссыздық деңгейін тұрақтандыруға және қала халқының санын ұлғайтуға қол жеткізілді.

Басқа мысал: Фармвилль қаласының темекі саласына тәуелділігі шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) белсенді қолдау және "бизнесті" үлкен қаладан "тарту" жолымен қаланың экономикасын әртараптандыру арқылы жойылған болатын. Бұл жерде үлкен қаланың, 2 теміржол желісі мен тасжолға жақындығының артықшылықтары пайдаланылды.

Кемшіліктерді артықшылықтарға айналдырудың табысты мысалдарының бірі Кируна (Швеция) қаласы болды. Темір өндіру көлемін азайту және жұмыспен қамтылғандарды қысқарту нәтижесінде қала банкротқа ұшырау алдында тұрды. Қала экономикасын әртараптандыру үшін қала құраушы кәсіпорын ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді (бұдан әрі – ҒЗТКӘ), аэроғарыш саласын және туристік индустрияны дамытуға ауқымды инвестициялар салды.

Хелмонд (Нидерланды) қаласында технологиялық құрылыстың ауысуы өнеркәсіптің дәстүрлі салаларында жұмыспен қамтылғандарды жаппай қысқартуға (тоқыма өнеркәсібінде – жартысынан көбін, металл өңдеу саласында – үштен бірін) және жұмыссыздықтың 27 %-на әкеп соқты. Билік қабылдаған шаралардың нәтижесінде "пулмен", ғылыми-техникалық прогресті кеңінен қолдануға және халықаралық нарықта белсенді жұмыс істейтін кәсіпкерлікке бағдарланған технологиялық жаңалықтармен сипатталатын көптеген отандық және шетелдік компаниялар тартылды. Қала халқының саны 48-ден 70 мың адамға дейін өсті, ал жұмыссыздық 27-ден 6,8%-ға дейін қысқарды.

Жапонияда да моноқалалардың проблемаларын шешуді мемлекет пен қалақұраушы кәсіпорын бірлесіп жүзеге асырды. Бұл жерде қызметкерлердің бір бөлігін компанияның басқа қалалардағы өндірістік қуаттарына ауыстыру ұйымдастырылды.

Бұл ретте қала құраушы кәсіпорын экономиканың әртүрлі салаларында жаңа шағын кәсіпорындар (электроника және ақпараттық жүйелер, өмірге қажетті тауарлар мен тамақ өнімдерін өндіру, технопарк құру) құрды.

Бирмингем қаласының (АҚШ) тәжірибесі моноқаланың экономикасын әртараптандырудың табысты мысалдарының бірі саналады. Қаланың табиғи артықшылықтарын және инвестициялар тарту бойынша үкіметтің ойластырылған саясатын (мысалы, шағын өндірушілерге бос өндіріс алаңдарын беру, жоғары білім инфрақұрылымын дамыту және басқа шаралар) пайдалана отырып, қала металлургиялық қала құраушы кәсіпорындардың жабылуына байланысты проблемаларды шеше алды.

Әлемдік практика көрсеткендей, мемлекет тарапынан да, қала құраушы кәсіпорын тарапынан да бірлескен жоғары мүдделілік болған қалалар өздерінің проблемаларын шешуде неғұрлым табысты болды.

Қайта даярлау курстарын, бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру, қалақұраушы кәсіпорынның жаңа өндірістерді құруы, салық жеңілдіктері сияқты негізгі күштер кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған моноқалаларда едәуір алға басу байқалады.

Ауылдық аумақтар

Әлеуметтік-экономикалық даму мониторингінің қорытындылары бойынша 6672 АЕМ бар, онда 7,7 млн. адам тұрады. АЕМ жалпы санының

1229 – жоғары, 4938 – орташа, ал 478 – төмен даму әлеуетіне сәйкес келеді. Бұл ретте АЕМ-нің жартысынан көбінде халық саны аз және онда ауыл халқының небәрі 8,9 % тұрады.

Орталықтандырылған сумен жабдықтауға ауыл халқының 79 %-ы қол жеткізген, ал жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 27 %-ы күрделі жөндеуді қажет етеді.

Ауылдық аумақтарды дамыту мәселелерін шешу әртүрлі бағдарламалық құжаттар шеңберінде көзделген, алайда осы бағытта кешенді тәсілдің болмауы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты, ауылдық аумақтарды дамытудың ортақ проблемаларын шешумен қатар, ауыл халқының анағұрлым жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете отырып, тірек АЕМ-ді кешенді дамытудың жаңа кезеңін бастау қажет.

Тірек ауылдарды дамыту үшін Беларусь Республикасының ауылдық аумақтарының даму тәжірибесі зерделенді.

Беларусь Республикасында Ауылды жаңғырту мен дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды, ол ауылды басым әлеуметтік-экономикалық дамыту және агроөнеркәсіптік кешен жұмысының тиімділігін арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Бұл Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаттары мен міндеттері:

1) Беларусь ауылдарының әлеуметтік және өндірістік саласын жаңғырту және дамыту, ауыл шаруашылығы өндірісін орнықты жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

2) ауыл халқының табысын жоғарылату, ауылдық жерде тұру беделдігі және ауылда демографиялық жағдайды жақсарту үшін негіздер құру;

3) ауыл шаруашылығы өнімін және азық-түлікті ішкі нарыққа және экспорттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеткілікті көлемде тиімді өндіруді қамтамасыз ету болды.

Агроқалашықтар ауылдағы әлеуметтік стандарттардың жүргізушілері болып айқындалды.

Осы құжатта агроқалашық ауыл кенттерінің сапалы түрде жаңа түрі ретінде айқындалған: агроқалашық – халқының саны, әдетте, мың адамнан аз абаттандырылған елді мекен, онда тұрып жатқан халықты және іргелес аумақтардың тұрғындарын әлеуметтік стандарттармен қамтамасыз ету үшін өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым құралатын болады.

Агроқалашықтар аумағы тарихи қалыптасқан әкімшілік құрылым болып табылатын базалық деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірліктердің негізінде құрылады. Бағдарламаны іске асыру барысында агроқалашықтар екі топқа бөлінген. Біріншісі – толыққанды қонысты құру бағыты, бұрыннан алынып, жүйелі түрде іске асырылып жатқан қоныстар. Бұл жерде әртүрлі түрлендіру мен жетілдіру жоспарлы сипатқа ие және төтенше, радикалды болып қабылданбайды. Агроқалашық мәртебесіне ие болу үшін басқа қоныстар көптеген аспектілер бойынша айтарлықтай өзгеруі тиіс. Бұл жағдайда елеулі қаржылай салымды талап ететін айқын көрінетін және түбегейлі жаңалықтар қажет.

Беларусь Республикасында қол жеткізілген оң нәтижелер Қазақстан Республикасының жаңа өңірлік саясатын іске асыру шеңберінде тірек АЕМ-ді дамытуда ұқсас тәсілдер мен құралдарды қолдануды өзекті етеді.

Шекара маңындағы аумақтар

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының құрлықтағы жалпы ұзындығы 13383 км құрайды. Республикада 12 шекара маңындағы облыс, 62 шекара маңындағы аудан және олардың аумақтарында орналасқан 1268 елді мекен бар.

Бұл мән-жайлар даму және осындай жағдайға байланысты барлық артықшылықтарды пайдалану өзектілігінің жоғары деңгейін және осыдан туындайтын кемшіліктерді ескеру және алдын алу қажеттілігін болжайды.

Еліміздің оңтүстік өңірлерінде іргелес елдердің шекара маңы аумақтарының тығыз қоныстануына, сондай-ақ дамыған инфрақұрылымның, көліктік қолжетімділікпен шекара маңы саудасының болуына байланысты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің серпінді өсуі үшін барлық алғышарттар бар.

Экономикасы өтпелі елдер үшін шекара маңында "әлеуеттері әртүрлі" елдердің орналасуы – жұмыс күші мен көлік шығасылары неғұрлым төмен инфрақұрылым жағдайында бәсекелес артықшылықтары бар аумаққа өндірістің бір бөлігін көшіруге мүдделі болатын анағұрлым дамыған көршімен шекаралас орналасуы (мысалы, АҚШ-пен шекарада Мексиканың Сонора штаты, ЕО байырғы елдерімен Чехия, Мажарстан шекаралары) экономикалық тұрғыдан өте тиімді. Алайда дамыған елдермен шекаралас болғанның өзінде егер

институционалдық орта инвестициялар үшін қолайсыз болса, шекара маңы әсері нашар болады (мысалы, Ресейдің солтүстік-батыс шекарасы және ЕО).

Қазақстан мен Ресей шекарасында "әлеуеттің әртүрлілігі" жоқ, Ресейдің көршілес өңірлерінде де Қазақстан өңірлері сияқты дамудың анық артықшылығы жоқ. Қазақстанның батыс облыстарында және Тюмень облысында жан басына шаққандағы жоғары ЖӨӨ статистикалық шама болып қалуда, мұнай-газ кірістерінің басым бөлігі орталық бюджетке орталықтандырылады, бұл жылдам дамуға және өңірлердің өзінде жаңа жұмыс орындарын құруға кедергі жасайды. Орташа немесе нашар дамыған өңірлердің шекара маңы өзара іс-қимылы көп емес немесе алмасудың аз номенклатурасына, көлеңкелі сауданың қомақты үлесіне ие.

Айталық, 2000 жылы Қытайда "Батысты кең ауқымды дамыту стратегиясы" бағдарламасы қабылданды. Қытайдың алдағы жылдарға арналған экономикалық дамуының ресми ұраны "Тұрақты Шығыс, дамып келе жатқан Батыс" деп жария етілді. 2000 – 2009 жылдары Батыс Қытайда ЖІӨ жыл сайын орташа есеппен 11,9 %-ға өсті, бұл ел бойынша орташа деңгейден артты. 2009 жылы ел әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында қиын кезеңдерді бастан өткізген кезде қарқынды даму үрдісі сақталды. Батыс Қытайда елдің шығыс бөлігіне³ қарағанда, ЖІӨ 2,8 %-ға жоғары болды. Бұл ретте, Шығыс Қазақстан облысында халық санының депопуляциясы байқалады, 2005 жылы 1442 мың адамды құраса, 2016 жылдың басына қарай халық саны 1395 мыңға дейін төмендеді.

Сонымен қатар, Қытаймен серпінді дамып келе жатқан тауар айналымы, халықаралық шекара маңындағы сауда орталықтарын құру, басқа елдерге шығу мүмкіндігімен республиканың ішкі аумағына қарай көлік байланыстарын дамыту бойынша қабылданған шаралар, үлкен туристік әлеует осы өңірлердің экономикасын дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Көліктік қолжетімділік жоғары болғандықтан, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 12 ресейлік және 7 қазақстандық өңір орналасқан шекара маңындағы аумақтарының жоғары интеграциясы байқалады.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша даму деңгейі жоғары шекара маңындағы өңірлерге Шығыс Қазақстан (шекара маңындағы ресейлік аймақ) және Атырау облыстары, дамыған өңірлерге – Оңтүстік Қазақстан облысы, орташа дамыған өңірлерге – Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан (шекара маңындағы қытайлық аймақ), Жамбыл, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары, даму деңгейі төмен өңірлерге – Қызылорда облысы жатады.

Осыған байланысты, ауылдық аумақтарды дамытудың жалпы проблемаларын шешумен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенділігі мен

үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шекара маңындағы аумақтарды кешенді дамытудың жаңа кезеңін бастау қажет.

4. Бағдарламаны іске асыру мақсаты, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты елдің ұтымды аумақтық ұйымдастырылуын қалыптастыру, экономикалық өсу орталықтарында халықтың және капиталдың шоғырлануын ынталандыру арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Нысаналы индикаторлар	2015 жыл (факт)	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
1. Агломерациялар халқының саны, мың адам							
Барлығы, агломерациялар бойынша:	6049,6	6117,2	6221,9	6332,5	6440,0	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарының, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Астана	1025,4	1021,9	1052,1	1083,2	1115,5		
оның ішінде Астана қаласы	872,6	969,3	1014,5	1052,8	1121,3		
Алматы	2815,9	2879,3	2939,2	3000,8	3057,9		
оның ішінде Алматы қаласы	1703,5	1725,7	1776,5	1828,7	1872,5		
Шымкент	1594,2	1599,4	1607,9	1621,5	1635,2		
оның ішінде Шымкент қаласы	886,3	929,4	954,1	979,8	1013,2		
Ақтөбе	614,1	616,6	622,7	627,0	631,4		
оның ішінде Ақтөбе қаласы	397,4	410,7	417,2	427,5	438,0		
2. Жан басына шаққанда негізгі капиталға инвестициялар (Бағдарламада көзделген қаражат шеңберінде), мың теңге							
Барлығы, республика бойынша орташа	15,0	10,9	7,1*	6,9*	19,2*		
Оңтүстік							
Алматы облысы	5,4	2,5	2,0*	1,9*	11,4*		
Жамбыл облысы	9,4	3,0	2,8*	2,6*	7,8*		
Қызылорда облысы	21,0	11,5	4,7*	5,7*	12,4*		
Оңтүстік Қазақстан облысы	3,2	1,5	1,5*	1,1*	6,0*		
Солтүстік							
Ақмола облысы	12,4	4,4	4,9*	3,1*	16,0*		

Қостанай облысы	15,7	4,5	4,8*	4,7*	17,4*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Солтүстік Қазақстан облысы	20,1	5,4	9,1*	6,6*	20,7*		
Батыс							
Ақтөбе облысы	16,8	3,6	4,6*	3,6*	18,1*		
Атырау облысы	5,6	3,9	1,4*	1,5*	14,0*		
Батыс Қазақстан облысы	14,7	4,4	6,7*	5,1*	18,5*		
Маңғыстау облысы	27,3	7,2	2,7*	2,6*	18,7*		
Орталық-Шығыс							
Шығыс Қазақстан облысы	13,1	9,3	1,6*	1,6*	8,2*		
Қарағанды облысы	10,5	4,1	4,4*	4,2*	13,0*		
Павлодар облысы	14,3	5,2	9,1*	4,5*	15,6*		
Астана қаласы	61,5	37,2	8,6*	37,0*	34,4*		
Алматы қаласы	24,1	4,7	8,3*	2,3*	17,1*		

3. Жаңғыртылған/салынған желілердің үлесі, оның ішінде, жылумен, электрмен және газбен жабдықтау, %

Барлығы, республика бойынша орташа	4	1,4	1,5*	1,6*	1,5*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Ақмола облысы	2,8	0,5	0,3*	0,7*	0,7*		
Ақтөбе облысы	5	1,1	1,9*	1,8*	1,8*		
Алматы облысы	16,1	2	0,8*	1,6*	1,6*		
Атырау облысы	2,8	1,3	1,9*	1,9*	1,9*		
Шығыс Қазақстан облысы	1,1	0,6	0,6*	0,7*	0,7*		
Жамбыл облысы	2,2	4,4	3,2*	1,8*	1,8*		
Батыс Қазақстан облысы	6,2	1,5	1,5*	1,4*	1,4*		
Қарағанды облысы	0	0,5	1,2*	0,4*	0,4*		
Қостанай облысы	0,2	0,7	0,6*	0,7*	0,8*		
Қызылорда облысы	3,3	2,5	3,7*	4,5*	4,3*		
Маңғыстау облысы	6,9	2,3	2,1*	1,3*	1,3*		
Павлодар облысы	0,2	1,6	2,1*	5,4*	5,4*		
Солтүстік Қазақстан облысы	0,2	1,3	1,4*	1,9*	2*		
Оңтүстік Қазақстан облысы	6,7	2,5	2,5*	2,3*	2,2*		

Маңғыстау облысы	31,6	32,6	33,6	34,6	35,6		
Орталық-Шығыс							
Шығыс Қазақстан облысы	35,5	37	39	41	43		
Қарағанды облысы	35,0	40,6	41,4	42,6	44,1		
Павлодар облысы	34,5	34,6	34,7	34,8	34,9		
Алматы қаласы	10,8	18,7	18,9	19,1	19,3		
Астана қаласы	4,5	4,6	4,8	5,0	5,3		
2. ЖӨӨ жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің үлесін ұлғайту, %							
Оңтүстік							
Алматы облысы	1	1,3	1,5	1,8	2,1		
Жамбыл облысы	3,0	3,5	4,0	4,5	5,0		
Қызылорда облысы	0,42	0,52	0,62	1,2	2,2		
Оңтүстік Қазақстан облысы	1,7	2,1	2,3	2,5	2,8		
Солтүстік							
Ақмола облысы	3,0	3,4	3,5	4	4,5		
Қостанай облысы	4,3	5,9	6,5	7,1	7,6	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Солтүстік Қазақстан облысы	2,04	2,4	2,8	3,4	3,8		
Батыс							
Ақтөбе облысы	0,4	0,5	0,6	0,9	1,2		
Атырау облысы	0,50	0,65	0,75	1,6	2,0		
Батыс Қазақстан облысы	0,31	0,32	0,33	0,36	0,6		
Маңғыстау облысы	0,08	0,3	0,5	0,8	1,0		
Орталық-Шығыс							
Шығыс Қазақстан облысы	4,48	4,59	5,05	5,3	5,57		
Қарағанды облысы	1,1	1,9	2,4	3,3	4,7		
Павлодар облысы	5,0	5,6	5,8	6,0	6,3		
Алматы қаласы	-	0,4	0,5	0,6	0,8		
Астана қаласы	3,1	3,5	3,7	3,9	4,1		

2-міндет. Елді аумақтық дамытуды жетілдіру

Аталған міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Нәтижелер көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
1. Аумақтарды ұтымды жайластыруға және дамытуға бағытталған іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар саны							
Барлығы (бірлік), оның ішінде:	73	14	-	-	12		
экономикалық өсу орталықтары бойынша:							
1) "бірінші деңгейдегі" қалаларда (агломерациялар), оның ішінде:	4	-	-	-	12		
Алматы агломерациясы	4	-	-	-	12		
2) "екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары), оның ішінде:	11	5					
Алматы облысы	2						
Шығыс Қазақстан облысы	1	1					
Жамбыл облысы	1						
Батыс Қазақстан облысы	2						
Қарағанды облысы		1					
Қызылорда облысы	1	1					
Маңғыстау облысы	1						
Павлодар облысы	1	1				ҰЭМ деректері	ҰЭМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Солтүстік Қазақстан облысы	1	1					
Оңтүстік Қазақстан облысы	1						
3) "үшінші деңгейдегі" қалаларда (шағын және моноқалалар), оның ішінде:	58	9					
Ақтөбе облысы	4						
Алматы облысы	4	2					
Атырау облысы	2						
Шығыс Қазақстан облысы	10	4					
Жамбыл облысы	4	1					

Батыс Қазақстан облысы	2					
Қарағанды облысы	9					
Қостанай облысы	13					
Қызылорда облысы	1					
Маңғыстау облысы	2					
Павлодар облысы	5	1				
Оңтүстік Қазақстан облысы	2	1				

Нәтижелер көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
2. Аумақтарды дамытудың қала құрылысы саясатын жетілдіру, оның ішінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттаманы әзірлеу							
Барлығы (бірлік), оның ішінде:	355	140	117	57	311		Ұ Э М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
1) қала құрылысын жоспарлау, оның ішінде:	122	50	52	0	229		
1.1) аумақты дамытудың өңіраралық схемалары, оның ішінде:	-	1	4	-	-		
Алматы агломерациясы		1					
Астана агломерациясы			1				
Ақтөбе агломерациясы			1				
Шымкент агломерациясы			1				
өңірлердің (Орталық, Оңтүстік, Батыс)			1				
1.2) облыстар аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары, оның ішінде:	-	-			14		
Ақмола облысы					1		
Ақтөбе облысы					1		
Алматы облысы					1		
Атырау облысы					1		
Шығыс Қазақстан облысы					1		
Жамбыл облысы					1		
Батыс Қазақстан облысы					1		
Қарағанды облысы					1		
Қостанай облысы					1		
Қызылорда облысы					1		
Маңғыстау облысы					1		
Павлодар облысы					1		
Солтүстік Қазақстан облысы					1		
Оңтүстік Қазақстан облысы					1		
1.3) бас жоспарлар, оның ішінде:	122	49	48	0	215		
агломерациялардың орталық қалаларының, оның ішінде:	2		1		1		

Астана қаласы	1					ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО деректері
Алматы қаласы			1			
Ақтөбе қаласы	1					
Шымкент қаласы					1	
"екінші деңгейдегі" қалалардың, оның ішінде:	-	2			10	
Ақмола облысы					1	
Алматы облысы		1				
Атырау облысы		1				
Шығыс Қазақстан облысы					1	
Жамбыл облысы					1	
Қарағанды облысы					1	
Қостанай облысы					1	
Қызылорда облысы					1	
Маңғыстау облысы					1	
Павлодар облысы					1	
Солтүстік Қазақстан облысы					1	
Оңтүстік Қазақстан облысы					1	
"үшінші деңгейдегі" қалалардың, оның ішінде:	4	2	1	-	-	
Ақтөбе облысы	2					
Шығыс Қазақстан облысы	2					
Қарағанды облысы			1			
Қостанай облысы		1				
Қызылорда облысы		1				
Солтүстік Қазақстан облысы						
АЭМ	116	45	46	0	204	
2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттаманы әзірлеу, оның ішінде:	233	90	65	57	82	
2.1) сметалық-нормативтік құжаттар	48	42	41	41	42	
2.2) құрылыс өндірісінің жаңа технологиялары жөніндегі технологиялық карталар	20	-	-	-	40	
2.3) үлгілік жобалар	162	48	24	16	-	
2.4) нормативтік-техникалық құжаттар	3	-	-	-	-	

Нәтижелер көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қ о л жеткізуге жауаптылар
3. Халық санының өсуі, мың адам							

тірек АЕМ, оның ішінде облыстар бойынша:	943	959	973,2	990,5	1008,1	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың ЖАО
Ақмола	44,7	45,6	46,5	47,4	48,3		
Ақтөбе	45,8	46,7	47,6	48,5	49,4		
Алматы	136,7	139,3	141,9	144,5	147,5		
Атырау	24,1	24,6	25,1	25,5	26,0		
Шығыс Қазақстан	88,3	90,0	91,7	93,5	95,2		
Жамбыл	62,1	63,3	64,5	65,8	67,0		
Батыс Қазақстан	51,9	49,0	50,0	51,0	52,0		
Қарағанды	52,5	53,5	54,5	55,6	56,6		
Қостанай	52,5	53	53,7	54,6	55,5		
Қызылорда	57,3	58,5	59,6	60,7	61,8		
Маңғыстау	34,3	34,9	35,6	36,3	36,9		
Павлодар	43,1	44,0	44,8	45,7	46,5		
Солтүстік Қазақстан	55,9	56,1	56,2	56,2	56,4		
Оңтүстік Қазақстан	193,8	197,6	201,5	205,2	209,0		
шекара маңындағы аумақтарда орналасқан тірек АЕМ, оның ішінде облыстар бойынша:	168,4	170,0	171,5	173,0	174,6		
Ақтөбе	10,7	10,9	10,9	11,0	11,2		
Алматы	14,4	14,5	14,8	14,8	14,9		
Атырау	4,9	5,0	5,1	5,1	5,2		
Шығыс Қазақстан	28,4	28,7	29,0	29,2	29,5		
Жамбыл	30,4	30,7	31,0	31,3	31,6		
Батыс Қазақстан	11,2	11,3	11,4	11,5	11,6		
Қостанай	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0		
Маңғыстау	2,8	2,8	2,8	2,9	2,9		
Павлодар	8,2	8,3	8,3	8,4	8,5		
Солтүстік Қазақстан	6,5	6,5	6,5	6,6	6,6		
Оңтүстік Қазақстан	42,9	43,3	43,7	44,2	44,6		

3-міндет. Инженерлік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту

Аталған міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Нәтижелер көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
1. Жаңғыртылған/салынған желілердің ұзындығы (км), республика бойынша барлығы:							
1) жылумен жабдықтау	399,6	417,5	290,5*	207,7*	203,8*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
2) электрмен жабдықтау	4803,3	1641	1948*	2141*	2141*		
3) газбен жабдықтау	1769	318,5	374,2*	374,7*	374,7*		

4) сумен жабдықтау	2392,8	349,3	999,1*	661,3*	4385,0*		
5) су бұру	91,7	88,8	184,1*	208,5*	616,0*		
өңірлер бөлінісінде:							
1) жылумен жабдықтау							
Ақмола	34,7	53,7	5,9	11,3	11,3	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Ақтөбе	87,1	6,7	11,2	7,7	7,7		
Алматы	25,3	95,9	12,8	11,2	11,2		
Атырау	103,7	0,6	25,5	4,2	4,2		
Шығыс Қазақстан	16,1	22,5	10,3	20,6	23,6		
Жамбыл	24,6	117,7	26,8	4,2	4,2		
Батыс Қазақстан	3,4	1,3	10,6	4,5	4,1		
Қарағанды	12,1	4,2	32,8	4,1	7,7		
Қостанай	1,2	2,2	10,2	1,6	10,5		
Қызылорда	12,1	19,3	19,1	24,4	8,9		
Маңғыстау	8,8	6,8	3,5	4	4		
Павлодар	10,4	17,3	10,2	59,7	67		
Солтүстік Қазақстан	6	3,2	40,5	4,1	13,5		
Оңтүстік Қазақстан	16,9	29,5	29,5	29,5	9,3		
Астана қаласы	1,2	7,8	26,5	2,3	2,3		
Алматы қаласы	36	28,84	15,1	14,3	14,3		
2) электрмен жабдықтау							
Ақмола	366,1	15,5	40,2	92,8	92,8	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Ақтөбе	12,6	52,1	125,4	113,2	113,2		
Алматы	1489,8	76,2	42,7	119,5	119,5		
Атырау	89,6	83,7	96,8	100,9	100,9		
Шығыс Қазақстан	160	96,6	100,9	116,3	116,3		
Жамбыл	0	168	95,9	93,4	93,4		
Батыс Қазақстан	356	115,6	124,6	91,8	91,8		
Қарағанды	0	138,5	318,5	115,9	115,9		
Қостанай	0	68,5	53,7	53,5	53,5		
Қызылорда	131,6	128,6	217,8	254	254		
Маңғыстау	575,1	184,5	169,7	97,8	97,8		
Павлодар	7,9	132,6	184,3	434	434		
Солтүстік Қазақстан	3,8	69,6	36,6	100,6	100,6		
Оңтүстік Қазақстан	404	293,5	298,4	264,4	264,4		
Астана қаласы	6	5,4	18,8	39,9	39,9		

Алматы қаласы	1201	12,6	23,7	53,5	53,5		
3) газбен жабдықтау							
Ақмола	0	0	0	0	0	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Ақтөбе	386,4	50,5	51,4	55,8	55,8		
Алматы	106	28,1	26,5	27,6	27,6		
Атырау	10,3	10,6	13,6	31,2	31,2		
Шығыс Қазақстан	25	0	0	0	0		
Жамбыл	145	44,4	120,6	40,4	40,4		
Батыс Қазақстан	229,6	29,1	12,3	35,4	35,4		
Қарағанды	0	0	0	0	0		
Қостанай	19,3	7,7	6,6	22,5	22,5		
Қызылорда	71,3	15,4	9,3	18,3	18,3		
Маңғыстау	0	5,2	6,8	11	11		
Павлодар	0	0	0	0	0		
Солтүстік Қазақстан	0,2	0	0	0	0		
Оңтүстік Қазақстан	701,9	93,5	95	95,3	95,3		
Астана қаласы	0	0	0	0	0		
Алматы қаласы	74	34	32,1	37,2	37,2		
4) сумен жабдықтау							
Ақмола	77,7	9,1	55,0*	62,8*	295,0*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Ақтөбе	3	47,4	101,4*	95,0*	319,8*		
Алматы	70,7	44,7	81,5*	86,6*	314,4*		
Атырау	7,6	0,0	27,9*	8,0*	293,6*		
Шығыс Қазақстан	140	32,7	37,2*	13,6*	395,7*		
Жамбыл	419	34,0	51,1*	51,3*	259,4*		
Батыс Қазақстан	160,5	0,0	58,3*	22,6*	227,4*		
Қарағанды	46	25,1	95,3*	89,0*	540,4*		
Қостанай	170,6	51,6	63,4*	58,9*	291,7*		
Қызылорда	539,5	0,0	0,0*	11,3*	238,7*		
Маңғыстау	480,6	50,3	16,0*	26,7*	163*		
Павлодар	18,2	0,0	192,3*	46,4*	303,5*		
Солтүстік Қазақстан	182,7	13,1	56,2*	27,5*	179,6*		
Оңтүстік Қазақстан	4	0,0	38,5*	24,7*	200*		
Астана қаласы	0	0,0	0,0*	0,0*	194,2*		
Алматы қаласы	72,7	41,3	125,0*	36,9*	168,6*		

5) су бұру

Ақмола	11,6	0,0	0,0*	26,1*	39,1*
Ақтөбе	2,2	12,3	21,2*	8,9*	36,6*
Алматы	9,3	4,2	0,0*	1,1*	19*
Атырау	0	0,0	0,0*	0	18,6*
Шығыс Қазақстан	0	28,7	15,7*	6,1*	46,1*
Жамбыл	21,3	0,0	0,0*	0	27,4*
Батыс Қазақстан	0	0,0	12,2*	14,3*	25,9*
Қарағанды	15	26,2	0,0*	0,0*	17,7*
Қостанай	3	2,4	10,9*	21,8*	34*
Қызылорда	0	0,0	0,0*	0	6,0*
Маңғыстау	9,4	0,0	0,0*	0	8,0*
Павлодар	10,4	0,0	16,6*	5,6*	24,1*
Солтүстік Қазақстан	1,2	0,0	27,5*	12,6*	29,3*
Оңтүстік Қазақстан	0	0,0	0,0*	0	12,2*
Астана қаласы	3,3	15,0	80,0*	109,5*	165,0*
Алматы қаласы	5	0,0	0,0*	2,5*	107,0*

ҰЭМ деректері

ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО

экономикалық өсу орталықтары бойынша:

1. "Бірінші деңгейдегі" қалаларда (агломерацияларда):

1) жылумен жабдықтау	131,6	105,5	34*	36,3*	34*
Астана агломерациясы	18,2	7,8	4,8*	8*	7*
Алматы агломерациясы	47,9	86,2	7,5*	3,1*	3,1*
Шымкент агломерациясы	16,9	8,3	18,5*	18,5*	17,2*
Ақтөбе агломерациясы	48,6	3,2	3,2*	6,7*	6,7*
2) электрмен жабдықтау	2996,7	678,9	258	263,9*	263,9*
Астана	314	344,2	7,6*	7,9*	7,9*
Алматы	2371,6	42,2	43,7*	45,7*	45,7*
Шымкент	298,5	240,4	140,6*	143,0*	143,0*
Ақтөбе	12,6	52,1	66,1*	67,3*	67,3*
3) газбен жабдықтау	621,2	96,5	116,5*	117*	117*
Астана	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

ҰЭМ деректері

ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО

Алматы	74	37,0	49,5*	49,5*	49,5*
Шымкент	531	53,0	59,7*	59,7*	59,7*
Ақтөбе	16,2	6,5	7,3*	7,8*	7,8*
4) сумен жабдықтау	111,0	71,3	231,9*	102,7*	591,0*
Астана	15,0	0	9,1*	7*	164,0*
Алматы	75,0	71,3	185*	73,5*	264,0*
Шымкент	0	0	11,0*	10,0*	46,0*
Ақтөбе	21,0	0	26,8*	12,2*	117,0*
5) су бұру	26,28	31,4	101,2*	132,7*	176,0*
Астана	11,88	10,2	86,6*	126,1*	68,0*
Алматы	9,3	21,2	0*	0*	72,0*
Шымкент	0	0	0*	0*	24,0*
Ақтөбе	5,1	0	14,6*	6,6*	12,0*

2. "Екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары):

1) жылумен жабдықтау	81,9	150	106,5*	88,9*	87,9*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
2) электрмен жабдықтау	476,7	402,9	486,4*	434,8*	434,8*		
3) газбен жабдықтау	140	137,2	162,2*	162,2*	162,2*		
4) сумен жабдықтау	86,9	35,2	346,0*	158,3*	355,0*		
5) су бұру	15,7	23,6	26,6*	28,6*	236,0*		

3. "Үшінші деңгейдегі" қалаларда (шағын және моноқалалар):

1) жылумен жабдықтау	158,8	98	114*	68,8*	68,8*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
2) электрмен жабдықтау	360	298,7	279,4*	475,3*	475,3*		
3) газбен жабдықтау	90,2	3,3	6*	6*	6*		
4) сумен жабдықтау	251,2	47,5	190,3*	182,2*	239,0*		
5) су бұру	49,7	27,3	27,5*	10,6*	159,0*		

4. Ауылдық аумақтарда:

1) жылумен жабдықтау	27,3	64	36*	13,7*	13,7*	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
2) электрмен жабдықтау	969,9	260,5	924,2*	967*	967*		
3) газбен жабдықтау	917,6	81,5	89,5*	89,5*	89,5*		
4) сумен жабдықтау	1943,7	195,3	230,9*	218,1*	3200,0*		

5) су бұру	0	6,5	28,8*	36,6*	45,0*		
------------	---	-----	-------	-------	-------	--	--

* Аталған көрсеткіштер 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Нәтижелер көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
2. Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін азайту (%)							
Орта есеппен республика бойынша барлығы:	27	27	25	23	21	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
өңірлер бөлінісінде:							
Ақмола	5,4	5,4	5,3	5,2	5,1	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Ақтөбе	33,4	33,4	31,4	27,4	24,4		
Алматы	58,0	57,6	57,4	57,2	56,9		
Атырау	24,3	23,8	21,4	19,1	16,8		
Шығыс Қазақстан	19,9	19,9	17,9	13,9	10,9		
Жамбыл	26,0	26,0	24,0	20,0	17,0		
Батыс Қазақстан	85,4	85,4	83,4	79,4	76,4		
Қарағанды	28,6	28,6	26,6	22,6	19,6		
Қостанай	55,9	55,9	53,9	49,9	46,9		
Қызылорда	59,5	59,5	57,5	53,5	50,5		
Маңғыстау	20,4	20,4	18,4	14,4	11,4		
Павлодар	33,5	33,5	31,5	27,5	24,5		
Солтүстік Қазақстан	18,6	18,6	16,6	12,6	9,6		
Оңтүстік Қазақстан	44,5	44,5	42,5	38,5	35,5		
экономикалық өсу орталықтары бойынша:							
1. "Бірінші деңгейдегі" қалаларда (агломерациялар), оның ішінде:	42,4	42,4	40,4	36,4	33,4	ҰЭМ деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО
Астана	13,9	13,9	11,9	7,9	4,9		
оның ішінде Астана қаласы	14,6	14,3	13,8	13,3	12,9		
Алматы	54,5	54,5	52,0	51,5	51		
оның ішінде Алматы қаласы	54,4	54,4	53,9	53,4	52,9		
Шымкент	43,3	43,3	41,3	37,3	34,3		
оның ішінде Шымкент қаласы	42,9	42,9	40,9	36,9	33,9		
Ақтөбе	24,9	24,9	22,9	18,9	15,9		
оның ішінде Ақтөбе қаласы	21,7	21,7	19,7	15,7	12,7		
2. "Екінші деңгейдегі" қалаларда	31,7	31,7	29,7	25,7	22,7		
3. "Үшінші деңгейдегі" қалаларда	29,1	29,1	27,1	23,1	20,1		
4. Ауылдық аумақтарда	12,4	12,4	10,4	6,4	3,4		

4-міндет. Халықты ауыз сумен және су бұру қызметтерімен тиімді және ұтымды қамтамасыз ету

Астана	100	100	100*	100*	100*	ҰЭМ деректері	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО, АШМ
Алматы	71,4	74,0	76,5*	79,1*	81,7*		
Шымкент	89	89	89,5*	92*	92*		
Ақтөбе	76,5	79	80*	82,5*	84,5*		
2. "Екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары)	57	68	75*	85*	93*		
3. "Үшінші деңгейдегі" қалаларда (шағын және моноқалалар)	75	79	83*	87*	94*		

* Аталған көрсеткіштер 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

5-міндет. Тұрғын үй құрылысын дамыту

Аталған міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Нәтижелер көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Ақпарат көзі	Қол жеткізуге жауаптылар
Республика бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға беру, барлығы (мың шаршы м.), оның ішінде:	7100	7200	7300	7350,4	8526	Статистика деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, Жылжымайтын мүлік қоры
өңірлер бойынша:							
Ақмола	255,5	302,2	324,5	330,9	471,4	Статистика деректері	ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, Жылжымайтын мүлік қоры
Ақтөбе	455,5	478,9	484,2	490,6	585,1		
Алматы	645,5	604,0	611,5	614,7	791,4		
Атырау	492,5	524,8	529,6	531,1	650,1		
Шығыс Қазақстан	316,5	333,7	342,5	343,1	445,4		
Жамбыл	259,5	273,8	282,2	290,6	366,6		
Батыс Қазақстан	240,0	289,3	295,1	300,0	273,4		
Қарағанды	307,5	300,7	304,0	310,7	414,5		
Қостанай	245,5	185,0	210,0	220,0	230,0		
Қызылорда	285,5	335,9	355,2	360,0	382,9		
Маңғыстау	500,0	500,8	506,4	505,4	506,0		
Павлодар	166,2	168,1	182,5	198,2	185,9		
Солтүстік Қазақстан	124,5	156,8	196,2	198,5	230,0		
Оңтүстік Қазақстан	405,5	460,2	465,7	470,1	523,8		
Астана қаласы	1236,9	1268,2	1226,3	1210,1	1322,4		
Алматы қаласы	1163,0	1017,6	984,1	976,4	1147,1		

экономикалық өсу орталықтары бойынша*:						
1. "Бірінші деңгейдегі" қалаларда (агломерациялар), оның ішінде:	3238,5	3131,2	3082,1	3144,7	3500,8	ҰЭМ деректері ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, Жылжымайтын мүлік қоры
Астана	1243,1	1273,2	1235,5	1210,1	1325,9	
Алматы	1204,3	1019,8	996,9	1074,5	1166,1	
Шымкент	366,3	410,2	415,7	420,1	473,8	
Ақтөбе	424,8	428,0	434,0	440,0	535,0	
2. "Екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары)	2404,6	2475,9	2575,9	2445,2	3490,5	
3. "Үшінші деңгейдегі" қалаларда (шағын және моноқалалар)	1158,1	1205,7	1277,3	1373,1	1216,5	
4. Ауылдық аумақтарда	298,5	387,2	364,7	387,4	318,2	
* тұрғын үй құрылысының бағыттары бөлінісіндегі тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіштері осы Бағдарламаға 4-қосымшада көрсетілген						

Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік органдар: Ұлттық экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Инвестициялар және даму министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары, тиісті шаралар

Бағдарлама кезеңдерге бөлінбей 2015 – 2019 жылдары іске асырылатын болады. Бағдарлама макроөңірлерді, перспективалы аудандар мен экономикалық өсу орталықтарын:

- 1) макроөңірлерді;
- 2) "бірінші деңгейдегі" қалаларды (орталықтары Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары болатын агломерацияларды);
- 3) "екінші деңгейдегі" қалаларды (облыс орталықтарын, Семей және Түркістан қалаларын);
- 4) "үшінші деңгейдегі" қалаларды (шағын және моноқалаларды);
- 5) тірек ауылдық елді мекендерді қоса алғанда, ауылдық аумақтарды;
- 6) шекара маңындағы аумақтарды дамытуға бағытталатын болады.

Бұл ретте, Болжамды схеманы іске асыру шеңберінде республиканың барлық облыстары мен аудандарының экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, олардың экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Бағдарламада көзделген міндеттерді шешуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін жобаларды қайтарымды қаржыландыру, оның ішінде қолданыстағы

заңнамаға сәйкес "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту қоры" акционерлік қоғамы арқылы қайтарымды қаржыландыру тетіктері қолданылатын болады.

1. Макроөңірлерді дамыту

Инвестициялық басымдықтарды (экономикалық өсу драйверлерін) айқындау және макроөңірлерді кешенді дамыту жөніндегі міндетті іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) оңтайлы қоныстандыру жүйесін құру және өңірлік инфрақұрылымды нығайту;

2) макроөңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуын дамыту.

Макроөңірлер ішінде көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту хабтардың, негізгі жүк ағындарын тартуға бағытталған дистрибуциялық тораптардың, өзге де негізгі ресурстардың (қаржылық, еңбек, мәдениет және с.с.) қағидаттары бойынша іске асырылатын болады.

Жаңа экономика экономиканың басым секторларында кластерлерді құру мен дамытуды болжайды. Мұндай кластерлер, әдетте, урбандалған өңірлерде шоғырланатын болады, ол басқарылатын урбандалу саясатын жүргізуді білдіреді.

Еңбек ресурстарының өнімділігі төмен аграрлық сектордан экономиканың өнімділігі жоғары сервис секторларына (ауылдардан қалаларға) көшуі қала, сол сияқты ауыл экономикасы өнімділігінің өсуіне әкеледі. Оған сондай-ақ "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасын іске асыру мүмкіндік береді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық компаниялар Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асырған кезде оларға қатысушыларға халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша жобаларға жұмысқа орналастыру үшін құрылыс және реконструкциялау кезінде жаңадан құрылатын жұмыс орындарының кемінде 10 %-ын және күрделі, ағымдағы жөндеу, абаттандыру кезінде жаңадан құрылатын жұмыс орындарының кемінде 15 %-ын ұсынады.

Макроөңірлердің теңгерімді дамуы хаб-қалалардың, "үшінші деңгейдегі" қалалардың және "шұғыла қағидаты" бойынша өзара байланысқан тірек АЕМ-нің үйлестірілген дамуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте, макроөңірлерді инвестициялық дамыту жөніндегі іс-шаралар әрбір макроөңірдің ерекшелігін барынша ескеретін болады.

Барлық іс-шаралардың түпкі мақсаты – жалпы ұлттық экономиканың неғұрлым орнықты өсуін қамтамасыз ететін әрбір макроөңірдің экономикасын әртараптандыру, бірыңғай ішкі экономикалық нарықты қалыптастыру.

Макроөңірлердің ерекшелігін ескере отырып, олардың экономикасын әртараптандыру, Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы, "Бизнестің жол картасы 2020", "Агробизнес 2020", "Көрсетілетін қызметтерді дамыту 2020" бағдарламаларының тетіктерін пайдалана отырып, сатылас интеграция арқылы (жұмыс істеп тұрған секторларда жаңа қайта өңдеуді игеру), сондай-ақ деңгейлес интеграция (экономиканың жаңа секторларын құру) арқылы жүргізілетін болады.

Оңтүстік макроөңірі

1. Оңтайлы қоныстандыру жүйесін құру және өңірлік инфрақұрылымды нығайту.

Экономикалық өсудің постиндустриялық сервис орталықтары, әлемдік деңгейдегі қалалар ретінде хабтар түрінде миллиондық екі қала – Алматы мен Шымкентті басым дамыту көзделген. Осы қалаларды дамыту Алматы және Шымкент агломерацияларын дамытудың ұзақ мерзімді жоспарлары шеңберінде іске асырылатын болады.

Іргелес аумақтар халқының жоғары тығыздығын ескере отырып, негізгі өндірістерді орталық қалалардан серіктес қалаларға (Алматы үшін – Қапшағай, Қаскелең, Есік, Талғар және басқалары; Шымкент үшін – Леңгір, Ақсукеңт және басқалары) көшіру арқылы Алматы мен Шымкент агломерацияларын көпорталықты дамыту қамтамасыз етіледі.

Алматы агломерациясында басқа жақын орналасқан қалалармен (Қаскелең, Есік, Талғар) тікелей көліктік байланыстыра отырып, Алматы және іргелес аумақтар үшін контрмагнит ретінде Қапшағай қаласының дамуына ерекше көңіл бөлінетін болады. Болашақта Қапшағай қаласының басқа макроөңірлердің хаб-қалалары – Астанамен, Ақтөбемен және Өскеменмен жылдамдығы жоғары көліктік қатынасы қамтамасыз етіледі. Бұған "Қазыбек бек – Жетіген" теміржол учаскесінің құрылысы мүмкіндік беретін болады.

Экономиканың ауыл шаруашылық емес секторларын басым дамыту арқылы тірек ауылдар мен шағын қалалардағы урбандалу процестеріне, атап айтқанда, 15 мың адамнан көп халқы бар ауылдық елді мекендерді (Сайрам, Қазығұрт және басқалары сияқты) урбандалған аумақтарға өзгерту процесіне жәрдем көрсетілетін болады.

Инфрақұрылым саласындағы инвестициялық басымдықтар халық көп қоныстанған Оңтүстік Қазақстан облысында тиімді қоныстандыру жүйесінің қалыптасуына мүмкіндік береді – бұл Түркістан-Кентау және Жетісай-Сарыағаш елді мекендер жүйесі, Шымкент агломерациясы және Шымкент қаласынан Жамбыл облысына қарай қоныстандыру арнасы.

"Кентау – Жаңатас" теміржол учаскесінің құрылысы "Қаратау айналымын" (Тараз – Қаратау – Жаңатас – Кентау – Түркістан – Шымкент – Тараз) құра

отырып Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының қоныстандыру жүйесін жаңа қоныстандыру арнасы бойынша біріктіруге мүмкіндік береді, ол осы "айналымның" (Қаратау, Жаңатас, Кентау) бойында шағын және моноқалалардың дамуына қосымша серпін береді.

Макроөңірдің шеткері аумақтарын – Қызылорда облысындағы Арал-Қазалы елді мекендер жүйесін және Алматы облысындағы Сарқанд-Үшарал елді мекендер жүйесінде көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету және экономикалық дамыту бойынша жекелеген шаралар пысықталатын болады.

Жалпы экономиканы және қоныстандыру жүйесін дамыту, Оңтүстік макроөңірдің (Алматы агломерациясын қоса алғанда) аумағында өндіріс күштерін орналастыру аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарда мынадай шаралар қаралатын болады:

"Қазыбек бек – Жетіген" теміржол желісінің құрылысын аяқтау;

"Қаратау теміржол айналымын" (Тараз – Қаратау – Жаңатас – Кентау – Түркістан – Шымкент – Тараз) құру арқылы "Кентау – Жаңатас" жаңа теміржол желісін салу;

Жетіген кентінде хаб-әуежай салу;

Шымкент қаласында хаб-әуежай салу;

көліктік-логистикалық орталықтарды (Жетіген, Шу, Сарыағаш және "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" автомагистралінің бойы) салу;

Алматының және іргелес аумақтарға контрмагнит ретінде дамытуды көздейтін Қапшағай қаласының бас жоспарын түзету, сондай-ақ Қапшағай қаласын басқа серіктес қалалармен (Қаскелең, Есік, Талғар) ҰАААЖ (Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы) арқылы тікелей көліктік байланысын қамтамасыз ету;

Шымкент қаласы мен Қапшағай қаласын басқа макроөңірлердің хаб-қалалары – Астанамен, Ақтөбемен және Өскеменмен байланыстыратын жоғары сапалы көліктік инфрақұрылымды реконструкциялау және салу;

шекара маңындағы сауда орталықтарының инфрақұрылымдарын дамыту;

Алматы ЖЭО-1 және ЖЭО-2, Қызылорда ЖЭО-6, Шардара СЭС реконструкциялау, Алматы облысының ірі және шағын СЭС салу.

2. Макроөңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуын дамыту.

Осы бағыт шеңберінде мынадай салаларда инвестициялық жобалар іске асырылатын болады:

ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы салаларында дайын өнімді өндіру);

Алматы (Алакөл, Іле Алатауы, Есік, Қапшағай, Талғар Таңбалытас, Шарын, Шымбұлақ және басқалары), Жамбыл (Айша бибі, Қарахан, Ақыртас және басқалары), Қызылорда (Байқоңыр) және Оңтүстік Қазақстан (Ақсу-Жабағылы, Қасқа-су, Сарыағаш, Түркістан және басқалары) облыстарында туристік индустрия;

жергілікті ресурстар негізінде құрылыс материалдарының өндірісі;

Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында химия өнеркәсібі;

Оңтүстік Қазақстан облысында фармацевтика өнеркәсібі;

Шымкент агломерациясы (Шымкент – Леңгір) шегінде тоқыма кластері;

Алматы және Шымкент хаб-қалаларында экспорттық әлеуеті бар (қаржылық көрсетілетін қызметтер, бизнес-қызметтер, білім беру, медициналық және басқа да көрсетілетін қызметтер) жоғары технологиялық өндірісті орналастыру және сервистік көрсетілетін қызметтерді дамыту.

Осы мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын (Шымкент) әрі қарай дамыту;

Алматы мен Шымкент хаб-қалаларының агломерациялық аймақтарына кіретін және магистральдық теміржолға қолжетімділігі бар қалаларда, сондай-ақ елді мекендерде индустриялық аймақтар салу;

"Қорғас" халықаралық шекара маңындағы ынтымақтастық орталығын одан әрі дамыту;

"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" автомагистралінің бойында сервистік инфрақұрылымды дамыту;

Леңгір (тігін фабрикалары, машина жасау зауыты), Қаратау, Жаңатас қалаларының (химия өнеркәсібі) және басқа да моноқалалардың бастапқы мамандандырылуын қалпына келтіру;

шағын қалаларда және тірек АЕМ-де өндірістерді орналастыруға жаңа аймақтар мен алаңдар құру;

Алматы облысының Шелек дәлізінде және Жоңғар қақпасында жел энергетикасын дамыту.

Батыс макроөңірі

1. Оңтайлы қоныстандыру жүйесін құру және өңірлік инфрақұрылымды нығайту.

Ақтөбе агломерациясын құрудың және дамытудың ұзақ мерзімді жоспарын іске асыру шеңберінде әртараптандырылған экономикасы бар халықаралық деңгейдегі қала ретінде Ақтөбе хаб-қаласын басым дамыту көзделуде.

Перспективада Ақтөбе хаб-қаласының Ақтау теңіз портымен жылдамдығы жоғары көліктік қатынасы қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте "Батыс Еуропа

– Батыс Қытай" автожолы арқылы Оңтүстік макроөңірдің хаб-қалаларымен (Шымкент, Алматы) Ақтөбенің магистральдық қатынастарын нығайту жалғасатын болады.

Ақтөбе агломерациясында Қандыағаш, Алға шағын қалаларын және Хромтау моноқаласын Ақтөбе хаб-қаласының жекелеген функцияларын олардың пайдасына қайта бөле отырып, дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Осылайша, көрсетілген агломерация шегінде көліктік-логистикалық орталықтың функцияларын Қандыағаш қаласы іске асыратын болады.

Тұтастай алғанда, Ақтөбе елді мекендер агломерациялық жүйесі (Ақтөбе, Хромтау, Қандыағаш, Алға қалаларын және басқа да тірек елді мекендерді қоса алғанда) перспективада макроөңірдің Атырау мен Маңғыстау облыстары сияқты еңбек күші артық өңірлерден еңбек ресурстарын тарту орталығы болады.

Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік (машина жасау, газ өңдеу) әлеуетін ескере отырып, Атырау мен Маңғыстау облыстарының импорттық өнімге тәуелділігін азайту мақсатында олардың төлем қабілетті тұтынушылық базасымен ("Орал-Атырау", "Ақтөбе-Атырау", "Атырау-Ақтау") сапалы көліктік қатынасы қамтамасыз етілетін болады.

Атырау мен Маңғыстау облыстарында экономиканың шикізаттық емес секторларын – Атырауда мұнай-химияны, Маңғыстау облысында туризмді (оның ішінде Кендірлі курортты аймағында), Ақтауда мұнай-сервистік секторды және азот тыңайтқыштарын өндіруді, Ақтау мен Бейнеуде көліктік логистиканы, құрылыс материалдарын өндіруді, балық шаруашылығын, түйе шаруашылығын және басқаларды дамытуға қолдау көрсетіледі.

Маңғыстау облысында халқы көп Жаңаөзен қаласынан еңбек ресурстарын қоныстандыру және көшіру үшін олардың тартымдылығын арттыру мақсатында жағалау аймағында орналасқан облыс орталығы Ақтауды, Форт-Шевченко шағын қаласын, Кендірлі курортты аймағын, Құрық және Баутин теңіз порттарын дамытуға басым тәртіппен көңіл бөлінетін болады.

Маңғыстау облысы арқылы Өзбекстан және Түрікменстан шекарасына дейін республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының дәлізі өтеді. Осы бағыттағы автомобиль жолдарын реконструкциялау таяу және алыс шетелдерден Ақтөбе облысына қарай транзиттік жүк айналымының жүк ағынын арттыруға мүмкіндік береді. Көршілес өңірлермен тауар айналымын дамыту есебінен облыс халқының әл-ауқаты жақсарады.

Тұтастай алғанда, Батыс макроөңірі аумағының экономикасын және қоныстандыру жүйесін дамыту, өндіріс күштерін орналастыру аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарлама шеңберінде Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының аумақтарында тиісті жергілікті атқарушы органдар мұнай мен газ өндіру және өңдеу, мұнай-газ химиясы, олармен байланысты мұнай-газ өнеркәсібі үшін машина жасау және сервистік қызметтер жөніндегі Ұлттық кластерді дамытуға және теңгерімді қолдауға шоғырландырылады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарда мынадай шаралар қаралатын болады:

"Атырау – Мақат – Индер – Орал" теміржол желісін салу;

"Маңғышлақ – Баутино" теміржол желісін салу;

көліктік-логистикалық орталықтар салу (Қандыағаш, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы және басқалары);

республикалық маңызы бар "Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы" автомобиль жолын реконструкциялау;

республикалық маңызы бар "Жаңаөзен-Түрікменстанның мемлекеттік шекарасы" автомобиль жолын реконструкциялау;

негізгі теміржолдардың және "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" автомагистралінің бойында сервистік инфрақұрылымды дамыту;

Ақтау теңіз портының Ақтөбе хаб-қаласымен жылдамдығы жоғары көлік қатынасын қамтамасыз ету;

Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары әкімдіктерінің Ұлттық кластерді дамытуға арналған жекелеген бюджеттік өтінімдері бойынша қажетті бюджет қаражатын көздеу. Қаражат Ұлттық кластердің кіші кластерлерінің Жол карталарына сәйкес аталған өңірлердің жергілікті бюджеттерінен бөлінетін болады.

2. Макроөңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуын дамыту.

Осы бағыттың шеңберінде мынадай салаларда инвестициялық жобалар іске асырылатын болады:

балық шаруашылығы;

мал шаруашылығы;

Кендірліде туристік индустрия;

көліктік логистика ("Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы" Көліктік логистика орталығы, Қандыағаш, "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" және басқалары);

құрылыс материалдарын өндіру;

Атырау облысында мұнай өңдеу және мұнай-химия;

Маңғыстау облысында мұнай-сервистік көрсетілетін қызметтер;

Батыс Қазақстан облысында газ өңдеу;

Ақтөбе облысында калий тыңайтқыштарын өндіру;

Маңғыстау облысында азот тыңайтқыштарын өндіру;

Батыс Қазақстан облысында машина жасау;

Ақтөбе хаб-қаласында экспорттық әлеуеті бар (бизнес қызметтер, білім беру, медициналық және басқалар) жоғары технологиялық өндірістерді орналастыру және сервистік көрсетілетін қызметтерді дамыту.

Осы мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын одан әрі дамыту (көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды, басым қызмет түрлерін кеңейтуді қоса алғанда);

Атырау және Маңғыстау облыстарында бекіре балығын өсіру зауытын және тауарлық бекіре фермаларын реконструкциялау және салу;

Ақтөбе қаласындағы "Ақтөберентген" медициналық зауытын жаңғырту; макроөңірдің индустриялық аймағын одан әрі дамыту.

Орталық-Шығыс макроөңірі

1. Оңтайлы қоныстандыру жүйесін құру және өңірлік инфрақұрылымды нығайту.

Урбандалудың жоғары деңгейін ескере отырып, макроөңір қалаларын сапалы дамытуға басым көңіл бөлінетін болады.

Шағын және моноқалаларда баламалы өндірістер, "зәкірлік" инвестициялық жобалар дамитын болады.

Ірі өнеркәсіптік қалаларда (Өскемен, Қарағанды, Павлодар, Семей) экономиканың сервистік секторлары – бизнес қызметтер, ақпараттық технологиялар, ғылыми-білім беру қызметтері, жоғары мамандандырылған медицина және басқалар дамитын болады. Макроөңір үшін хаб функцияларын Астана мен Өскемен қалалары іске асырады.

Қалалар арасындағы байланыс қарқындап, әсіресе жақын орналасқан қалалар арасындағы "жұптық" кооперация дамитын болады: Қарағанды елді мекендер агломерациялық жүйесі – Астана агломерациясы, Павлодар – Ақсу, Өскемен – Семей және басқалары. Бұл қалалардың экономикасын әртараптандыруда синергияға қол жеткізуге мүмкіндік береді және бүкіл макроөңір экономикасының өсуіне алып келеді.

Макроөңірдің ірі қалаларының кеден бекеттеріне (Майқапшағай, Бақты), күні бүгінге дейін пайдалы қазбалардың кен орындары өңделмеген аумақтарға, сондай-ақ туристік әлеуеті бар – Алакөл, Баянауыл, Зайсан, Қарқаралы, Қатон-Қарағай және басқа да аумақтарға дейін сапалы көліктік қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Тұтастай алғанда, экономиканы және қоныстандыру жүйесін дамыту, Орталық-Шығыс және Солтүстік макроөңірдің (Астана агломерациясын қоса алғанда) аумағында өндіріс күштерін орналастыру аумақтық дамытудың бірыңғай өңіраралық схемасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:
"Қалбатау – Майқапшағай" және "Таскескен – Бақты" автожол учаскелерін реконструкциялау және салу;

туристік әлеуеті бар аумақтардың (Алакөл, Баянауыл, Зайсан, Қарқаралы, Қатон-Қарағай және басқалар) макроөңірдің ірі қалаларымен (Қарағанды, Семей, Өскемен) сапалы көліктік қатынасын қамтамасыз ету;

Майқапшағай мен Бақты кеден бекеттерінің макроөңірдің ірі қалаларымен (Қарағанды, Семей, Өскемен) сапалы көліктік қатынасын қамтамасыз ету;

Өскемен, Қарағанды, Павлодар, Семей ірі қалаларын басқа макроөңірлердің хаб-қалалары – Астанамен, Алматымен және Шымкентпен байланыстыратын жоғары сапалы көліктік инфрақұрылымды реконструкциялау және салу;

шекара маңындағы сауда орталықтарының инфрақұрылымын дамыту.

Макроөңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуын дамыту.

Осы бағыт шеңберінде мынадай салаларда инвестициялық жобалар іске асырылатын болады:

балық шаруашылығы;

мал шаруашылығы;

туризм (Алакөл, Баянауыл, Қарқаралы, Қатон-Қарағай және басқалар);

құрылыс материалдарын өндіру;

Павлодар облысында алюминий кластері;

Павлодар облысында мұнай-сервис саласын дамыту;

макроөңірдің ірі қалаларында (Өскемен, Қарағанды, Павлодар және Семей) экспорттық әлеуеті бар (бизнес қызметтер, білім беру, медициналық және басқалары) жоғары технологиялық өндірістерді орналастыру және сервистік көрсетілетін қызметтерді дамыту.

Осы мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:

"Павлодар" және "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймақтарын одан әрі дамыту;

кала құраушы кәсіпорындардың айналасында жобаларды дамыту, баламалы өндірісті, "зәкірлік" инвестициялық жобаларды құру және дамыту, моноқалаларда бастапқы мамандандырылуды қалпына келтіру;

шағын қалаларда және тірек АЕМ-де өндірістерді орналастыруға жаңа арнайы және индустриялық аймақтар мен алаңдар құру;

Шығыс Қазақстан облысындағы Тайынша ауылында жел энергиясы көзін салу.

Солтүстік макроөңірі

1. Оңтайлы қоныстандыру жүйесін құру және өңірлік инфрақұрылымды нығайту.

Тарихи тұрғыдан макроөңір ауыл шаруашылығына мамандануымен сипатталады. Ірі тұтынушы нарық болып табылатын Астана хаб-қаласымен көршілігін есепке алғанда, макроөңір Астана үшін азық-түлік белдеуінің функциясын атқаратын болады.

Басқарылатын урбандалуды және экономиканы әртараптандыруды дамыту мақсатында Атбасар, Макинск, Лисаковск, Жітіқара, Ерейментау және басқа шағын қалаларда қосалқы өндірістерді орналастыра отырып, макроөңірдің тірек қалаларында экономиканың өнеркәсіптік секторларын құруға және дамытуға басым көңіл бөлінетін болады – Қостанайда автомобиль кластері, Қостанайда және Көкшетауда ауыл шаруашылығы машинасын жасау және т.б.

Қалалар арасында байланысты қарқындату, әсіресе, жақын орналасқан қалалар арасындағы "жұптық" кооперация дамитын болады: Қостанай – Рудный, Көкшетау – Щучинск және басқалары, ол күшті біріктіріп, қалалардың экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Макроөңірдің туристік әлеуеті – Щучинск-Бурабай курорттық аймағы, Зеренді, Сандықтау, Бұланды, Қорғалжын және басқа да аймақтар барынша пайдаланылатын болады.

Тұтастай алғанда, Солтүстік және Орталық-Шығыс макроөңірінің (Астана агломерациясын қоса алғанда) аумағында экономиканы және қоныстандыру жүйесін дамыту, өндіріс күштерін орналастыру аумақтық дамытудың бірыңғай өңіраралық схемасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:
"Щучинск – Көкшетау – Петропавл" автожолын реконструкциялау;

Қостанай, Атбасар және басқа да қалаларда көліктік-логистикалық орталықтар салу;

тірек қалаларды туристік аймақтармен (Бурабай, Зеренді, Сандықтау, Бұланды, Қорғалжын және басқалары) байланыстыратын автожолдарды реконструкциялау.

2. Макроөңірдің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуын дамыту.

Осы бағыт шеңберінде мынадай салаларда инвестициялық жобалар іске асырылатын болады:

мал шаруашылығы;

Астананың айналасындағы азық-түлік белдеуі;

туристік кластер;

құрылыс материалдарын өндіру;

ауыл шаруашылық машина жасау (Қостанай, Көкшетау);

автомобиль кластері (Қостанай).

Осы мақсаттарда мынадай шаралар қаралатын болады:

негізгі салалардың сақталатын кәсіпорындарын жаңғырту;
шағын қалаларда және тірек АЕМ жоғары деңгейдегі қайта өңдеумен заманауи азық-түлік және өңдеу өнеркәсібін дамыту;
ауыл шаруашылық машина жасау саласын құру;
макроөңірдің қалаларында, сондай-ақ Астана хаб-қаласының агломерациялық аймағына кіретін және магистральдық теміржолға қолжетімділігі бар елді мекендерде индустриялық аймақтар салу.

Астана және Алматы хаб-қалалары

1. Оңтайлы қоныстандыру жүйесін құру және өңірлік инфрақұрылымды нығайту.

Астана хаб-қаласы постиндустриялық сервистік экономикасы (бизнес-қызметтер, қаржы және аудит, логистика, медициналық кластер, ғылым қаласы және басқалар) бар қала, Астана агломерациясының орталығы, әлемдік деңгейдегі қала ретінде дамитын болады.

Астананы дамыту Елорданың 2050 жылға дейін әлемнің үздік 10 қаласының рейтингіне кіру тұжырымдамасын іске асыру, Астана агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Астана агломерациясы Қарағанды елді мекендері агломерациялық жүйесі мен Щучинск-Бурабай курорттық аймағының жақындығы мен даму перспективаларын ескере отырып, желілік "өсу аймағының" интеграцияланатын элементі ретінде қаралады.

Астана хаб-қаласы автожолдардың өңіраралық желісі (Орталық-Шығыс, Орталық-Оңтүстік, Орталық-Батыс) жобаларын іске асыру есебінен барлық макроөңірлерді байланыстыратын орталық болады.

Алматы хаб-қаласының дамуы өсудің көпорталықты аймағы ретінде Алматы облысының іргелес аудандарының "үшінші деңгейдегі" қалаларын тарту арқылы Алматы агломерациясын құрумен байланысты болады.

Алматы хаб-қаласы өзінің қосылған құнның жаһандық тізбегіне қосылғандығынан пайда табу арқылы инновациялардың, сондай-ақ мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттарының, халықаралық компаниялардың және көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің жоғары шоғырлануының қозғаушысы болады.

Алматы дистрибуция орталығы бола тұра, Оңтүстік макроөңір және бүкіл Қазақстан үшін хабтың функцияларын іске асырады.

Астана мен Алматы қалаларының инвестициялық бағдарламалары Астана және Алматы агломерацияларын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы шеңберінде іске асырылатын болады.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:

Астана мен Алматы агломерацияларының аумағында бірыңғай көліктік-логистикалық кешенді дамыту;

Астана мен Алматы хаб-қалаларының және тиісінше олардың агломерациялық аймақтарының инженерлік және көліктік-логистикалық инфрақұрылымын кешенді дамыту;

Smart-city жобаларын іске асыру.

2. Бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуды дамыту.

Осы бағыттың шеңберінде мынадай салаларда инвестициялық жобалар іске асырылатын болады:

әлемдік дәрежедегі қаржылық, сақтандыру және бизнес қызметтері;

ақпараттық технологиялар, энергетика және ғарыш салаларында жоғары технологиялы өндіріс;

креативті экономика және медиа-индустрия;

туризм және қонақжайлылық индустриясы;

оқиғалық индустрия (халықаралық деңгейдегі форумдар, фестивальдар, спорттық іс-шаралар).

Осы мақсаттарда мынадай шаралар пысықталатын болады:

Алматы қаласындағы "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын одан әрі дамыту;

"Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын одан әрі дамыту;

медициналық көрсетілетін қызметтер мен жоғары білімдегі көрсетілетін қызметтердің экспортын іске асыру;

"Астана" халықаралық қаржы орталығын құру;

өнеркәсіптік және қоймалық объектілерді Алматының тарихи орталығынан қаланың Алатау ауданының индустриялық аймағына шығару;

Алматы тарихи орталығының (бұрынғы өнеркәсіп аймақтарын кешенді қайта дамытуды қоса алғанда) инфрақұрылымын кешенді реконструкциялау;

Алматыдан жақын маңдағы шағын қалалар мен тірек АЕМ-ге ауыстырылатын өндірістер үшін жаңа аймақтар мен алаңдар құру.

2. "Бірінші деңгейдегі" қалаларды (орталықтары Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларындағы агломерацияларды) дамыту Қалалық агломерацияларды дамыту бойынша міндеттерді іске асыру:

1) республикалық және өңірлік нарықтарда қалалық агломерацияларды экономикалық позициялау;

2) инновациялық технологияларды пайдалана отырып, қалалық агломерациялар инфрақұрылымдарын үйлестіре дамыту;

3) қалалық агломерацияларды дамытудың аумақтық, қала құрылысы және институционалдық саясатын жетілдіру бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

1. Республикалық және өңірлік нарықтарда қалалық агломерацияларды экономикалық позициялау.

Осы бағыт шеңберінде әлемдік бизнес үшін тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларының кәсіпкерлік ахуалын жақсартудың және имиджін жаңартудың нысаналы саясаты жүзеге асырылатын болады.

Осы агломерациялардың жоғары ұйымдастырылған урбандалу ортасын құру және олардың жаңа рөлде қалыптасуы үшін:

1) агломерацияларда және оларға жақын аумақтарда:

жалпыұлттық және перспективада Орта Азиялық дистрибуцияның (сауда және көрсетілетін қызметтер);

перспективада өңірдегі ең ірі сауда-логистикалық орталықтардың (мысалы, Сингапур, Гонконг мысалында), авиатранзит орталықтарын ("хабтар") қалыптастыра отырып, көлік-логистикалық процессинг қызметтерінің;

технологиялық трансферттер: көпшілік стандартты технологиялардың импорты, ішкі және сыртқы нарықтарға бағдарланған жетекші шетел компанияларының процессинг орталықтарын ашудың (филиалдар, бірлескен кәсіпорындар);

инновациялық дамудың (Алматы қаласындағы "Инновациялық технологиялар паркі" мысалында), яғни қалалық агломерациялардың белгілі бір экономикалық мамандандырылуы шеңберінде арнайы экономикалық аймақтарды, индустриялық парктерді, инновациялық өсу аймақтарын, өнеркәсіптік алаңдарды, технологияларды коммерцияландыру орталықтарын қалыптастырудың;

туристік, рекреациялық және спорттық қызметтер, ойын-сауық және бос уақыт қызметін көрсету орталығының;

азық-түліктік мамандандырылудың (азық-түлік белдеуі);

халықаралық қаржы орталығының көп функционалдық аймақтарын қалыптастыру көзделген;

2) мемлекеттік жобаларды, оның ішінде қалалық агломерациялардың белгілі бір экономикалық мамандандырылуы шеңберінде МЖӘ тетігі арқылы (мысалы, "Назарбаев Университетінің", "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының, G4 City серіктес қалаларының, "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" автомобиль жолының құрылысы сияқты және басқа да жобалар) іске асыру;

3) халықаралық ұйымдардың өкілдіктері мен офистерін, ең ірі трансұлттық компаниялардың филиалдарын қалалық агломерациялар орталықтарында орналастыруды ынталандыру;

4) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларда көзделген құралдарды қолдану ("Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы, "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы", туризмді, көлік және коммуникацияларды және басқаларды дамыту сияқты) көзделетін болады.

Белгіленген іс-шараларды іске асыру агломерациялар аймағына кіретін әкімшілік аумақтарды қамтуды көздейді, ол бір жағынан оларды дамытуға серпін береді, екінші жағынан басқаруды үйлестіру (өңірліктен жоғары реттеу), сабақтас өңірлердің бірлескен іс-шараларын өткізу (кооперативтік жобалар) қажеттілігіне алып келеді.

2. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, қалалық агломерациялар инфрақұрылымдарын үйлестіре дамыту.

Осы бағыт шеңберінде дамытудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде агломерацияларды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Қалалық агломерациялардың инфрақұрылымын үйлестіре отырып дамытуда (ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы):

1) мыналар:

көліктің жаңа жүрдек түрлерін (жүрдек рельсті көлік) енгізу;

қоғамдық көлікті басым дамыта отырып, агломерациялар шегінде қаламаңы және қалаішілік қатынас жүйелерін реконструкциялау арқылы интеграцияланған көлік жүйесі;

2) озық инновациялық және технологиялық шешімдерді қолдана отырып (әлемдік үрдістерді ескере отырып), өндірістік, энергетикалық, инженерлік-коммуналдық, су шарушылығы және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;

3) мыналарды:

кеңжолақты қолжетімділіктің (цифрлық тепе-теңдік) енгізілуін жоғары дәрежеде қамтамасыз ету;

желілердің жылдам таратылу және ауысу (сымсыз технологиялар) мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы ақпараттық коммуникация;

4) мыналарды:

энергия және ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ету;

"жасыл белдеулер" және саябақ аймақтарын дамыту;

экологиялық таза көлікті пайдалану;

өндірістерді қаладан тыс жерлерге шығару арқылы "жасыл экономиканы" құру;

5) тасқындарға, селдерге, көшкіндерге, жер сілкіністеріне қарсы іс-қимыл инфрақұрылымын, сондай-ақ агломерациялардың өртке қарсы қорғанысын дамыту көзделетін болады.

3. Қалалық агломерацияларды дамытудың аумақтық, қала құрылысы және институционалдық саясатын жетілдіру.

Агломерацияларды үйлесімді дамыту үшін агломерациялық дамытуды әкімшілік-аумақтық басқару құралдарын жетілдіру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының агломерациялық құрылымдарының әртүрлі әкімшілік-аумақтық ұйымдастырылуына байланысты, олар мемлекеттік басқару субъектілері арасындағы қатынастарды құрудың сараланған моделін талап етеді. Бұл ретте агломерацияны басқару модельдерін қалыптастырудың маңызы зор. Осыған байланысты:

1) Астана және Алматы агломерацияларына қатысты Астана, Алматы қалалары, Ақмола және Алматы облыстары әкімдіктерінің арасындағы шарттық қатынастардың негізінде, сондай-ақ Үкімет жанынан осы агломерацияларды дамытуға тікелей жауапты комиссия құру арқылы басқаруды жүзеге асыру;

2) Шымкент, Ақтөбе агломерацияларына қатысты облыс әкімдіктері деңгейінде, сондай-ақ арнайы облыстық комиссия құру арқылы басқаруды жүзеге асыру көзделеді.

Агломерацияларды дамыту үшін:

1) тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздерін әзірлей отырып, өңірлердің біріктірілген үш орталығы бойынша (орталық, оңтүстік, батыс) Қазақстан Республикасын аумақтық дамытудың өңіраралық схемаларын;

2) мыналарды:

агломерацияны дамытуда өңіраралық және салааралық мүдделерді үйлестіруді (өйткені, бұл бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты);

агломерация аумағын неғұрлым нақты функционалдық аймақтарға бөлуді;

жерлерге түгендеу жүргізу, агломерацияны дамыту мақсатында аумақтарды резервтеу арқылы ерекше қала құрылысын реттеу аймақтарын белгілеуді (тұрғын үй құрылысы, өнеркәсіптік алаңдар, магистральдық инфрақұрылым, рекреация аймақтары, жасыл белдеулер және басқалар);

орталық қаланың, қала маңының, тартылу аймақтарының инфрақұрылымдарын үйлестіре дамытуды қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді кезеңге арналған агломерацияларды аумақтық дамытудың өңіраралық схемаларын;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрының бірыңғай жүйесін;

4) Үкіметтің қаулыларымен (Астана және Алматы агломерациялары бойынша) және облыстық мәслихаттардың шешімдерімен (Шымкент және Ақтөбе агломерациялары бойынша) бекітілетін агломерацияларды құрудың және дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлеу көзделіп отыр.

Қала құрылысы саясатын жетілдіру бос аумақтарды игеру, сондай-ақ қазіргі алғышарттар (экономикалық-географиялық жағдай және табиғи-ресурстық әлеует) негізінде агломерациялардың тірек қаңқасын айқындау есебінен агломерациялардың орталық қалаларының аумақтық кеңістігінің өзгеруін ескере отырып, қалалардың және іргелес аумақтардың елді мекендерінің қала құрылысы құжаттамасын қайта қарауды көздейді.

Агломерацияларды дамыту өңірлердегі көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға тәуелді болады. Осыған байланысты көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту хабтар қағидаты бойынша макроөңірлерді қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте макроөңірлерді қалыптастыру шеңберінде хаб қалалар – Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе қалалары – қалыптасып келе жатқан агломерациялар орталықтары, сондай-ақ болашақта Өскемен қаласы дамитын болады.

3. "Екінші деңгейдегі" қалаларды (облыс орталықтарын, Семей және Түркістан қалаларын) дамыту

Республикада стратегиялық хабтарды құру екінші деңгейдегі қалаларды дамыту әлеуетімен айқындалады. Екінші деңгейдегі қалалар өңірлік даму орталықтары болып табылады және алдағы уақытта олардың өзінің ғана емес, шектес өңірлердің экономикалық белсенділігін шоғырландыру, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өңірлік кластерлерді құрудың катализаторлары болу мүмкіндігі бар. Хаб-қалалар және екінші деңгейдегі қалалардың "Шұғыла" қағидаты бойынша көлік-логистикалық байланыстылығы өңірлердің ұлттық және сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз етеді.

"Екінші деңгейдегі" қалаларды (облыс орталықтарын, Семей және Түркістан қалаларын) дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру оларды дамыту бағдарламалары шеңберінде мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Кеден одағы мен Орталық Азия нарықтарында экономикалық позициялау;
- 2) инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды тиімді дамыту;
- 3) аумақтардың тиімді қала құрылысын жоспарлау.

1. "Екінші деңгейдегі" қалаларды (облыс орталықтарын, Семей мен Түркістан қалаларын) Кеден одағы мен Орталық Азия нарықтарында экономикалық позициялау.

Жергілікті атқарушы органдар облыстардың ғылыми қоғамдастығымен бірлесіп, "екінші деңгейдегі" қалаларды брендингтеу бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізетін болады, оның шеңберінде перспективалы экономикалық мамандандырулар анықталатын болады.

"Екінші деңгейдегі" қалаларда жоғары ұйымдастырылған урбанистік өмір сүру ортасын құру және оларды жаңа рөлде қалыптастыру үшін:

- 1) "екінші деңгейдегі" қалаларда және оларға жақын аумақтарда:

өңіраралық дистрибуцияның (сауда және көрсетілетін қызмет);

өңіраралық сауда-логистикалық орталықтарын қалыптастыра отырып, көлік-логистикалық және процессингтік көрсетілетін қызметтердің;

туристік, рекреациялық және спорттық көрсетілетін қызметтер, ойын сауық және бос уақытқа қызмет көрсету орталықтарының ("екінші деңгейдегі" қалалардың брендингі бойынша маркетингтік зерттеулер қорытындылары және жергілікті жағдайларға байланысты);

азық-түліктік мамандандырудың (азық-түлік белдеуі) көп функционалдық аймақтарын құру;

2) "екінші деңгейдегі" қалаларды белгілі бір экономикалық мамандандыру шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы жобаларды іске асыру;

3) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларда көзделген құралдарды қолдану ("Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы, "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы", туризмді, көлік және коммуникацияларды және басқаларды дамыту сияқты).

2. "Екінші деңгейдегі" қалалардың (облыс орталықтарының, Семей және Түркістан қалаларының) инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын кешенді дамыту.

"Екінші деңгейдегі" қалалардың инфрақұрылымын кешенді дамыту:

1) Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде тиімді көлік жүйесін;

2) озық инновациялық және технологиялық шешімдерді (озық үрдістерді ескере отырып) қолдана отырып, өндірістік, энергетикалық, инженерлік-коммуникациялық, су шаруашылығы және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуды;

3) мыналар:

энергияны және ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ету;

"жасыл белдеулер" мен орман-саябақ аймақтарын дамыту;

экологиялық таза көлікті пайдалану;

экологиялық зиянды өндірістерді қала сыртына шығару арқылы энергия тиімді экономиканы қалыптастыруды;

4) тасқындарға, селдерге, көшкіндерге, қар көшкіндеріне, жер сілкіністеріне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ агломерацияларды өртке қарсы қорғау инфрақұрылымдарын дамытуды көздейтін болады.

3. "Екінші деңгейдегі" қалалар (облыс орталықтары, Семей және Түркістан қалалары) аумақтарының тиімді қала құрылысын жоспарлау.

"Екінші деңгейдегі" қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту оларға іргелес елді мекендерді дамытумен үйлестірілетін болады.

"Екінші деңгейдегі" қалаларды дамыту үшін:

1) облыстар аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрының бірыңғай жүйесінің облыстық және базалық деңгейлерін әзірлеу;

3) Семей және Түркістан қалаларын дамыту жөніндегі бағдарламалық шараларды тиісті облыстардың бесжылдық кезеңге арналған даму бағдарламаларына енгізу көзделеді.

4. "Үшінші деңгейдегі" қалаларды (шағын және моноқалалар) дамыту

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде шағын және моноқалаларды дамыту жөніндегі міндетті орындау екі бағыт бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) шағын және моноқалаларда экономиканы әртараптандыру және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары шеңберінде шағын және орта бизнесті дамыту;

2) шағын және моноқалалардың инфрақұрылымын дамыту.

Осы бағыттарды іске асыру үшін уәкілетті орган нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, орталық мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдар тарапынан шағын және моноқалаларды дамытуды қолдауды үйлестіру бойынша шаралар қабылдайтын болады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдар уәкілетті органның ұсынымдарына сәйкес шағын және моноқалаларды экономикалық әлеуеті жоғары, орташа және төмен қалаларға топтастыруды жүргізетін болады ("Қазақстан Республикасының шағын және моноқалаларының тізбесі" деген 2-қосымша).

Бұл ретте мемлекеттік қолдау саясатының тетіктері шағын және моноқаланың әлеуетіне қарай сараланатын болады.

Экономикалық әлеуеті төмен шағын және моноқалаларға инфрақұрылымды өмір сүру сапасының ең төменгі қажетті деңгейінде ұстау үшін Бағдарламаның ағымдағы бюджеті шеңберінде қолдау көрсетіледі.

Әлеуеті орташа және жоғары шағын және моноқалаларға олардың әлеуетін жоғарылату мақсатында Бағдарламаның даму бюджеті аясында нысаналы қолдау көрсетілетін болады.

Бұдан басқа, агломерациялардың ықпал ету аймағына кіретін шағын және моноқалаларға, сондай-ақ шекара маңындағы аумақта орналасқандарға әлеуметтік-экономикалық әлеуетті дамыту бойынша ерекше қолдау көрсетілетін болады.

Шағын және моноқалаларды дамыту Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) аумақтарын дамыту бағдарламасы (бұдан әрі – АДБ) шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

1. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары шеңберінде шағын және моноқалаларда экономиканы әртараптандыру, шағын және орта бизнесті дамыту.

Осы бағыт шеңберінде шағын және моноқалалардың экономикасын ұзақ мерзімді әртараптандыру үшін "зәкірлік" инвестициялық жобалар (индустрияландыру бағдарламаларының құралдарын қоса алғанда) іске асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдар мүдделі салалық орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп шағын және моноқалаларда іске асыру үшін 1–3 "зәкірлік" инвестициялық жобаларды іріктейді.

Шағын және моноқалалардың экономикалық әлеуетін дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) моноқалаларда олардың ерекшелігін ескере отырып, ұлттық холдингтер мен компаниялардың қосалқы және қызмет көрсететін өндірістерін, тапсырыстарын орналастыруы.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы жобаның қаржылық-экономикалық және өндірістік орындылығын, компанияның ерекшелігін ескере отырып, моноқалаларда инвестициялық жобаларды ықтимал іске асыру бойынша шаралар қабылдайды;

2) шағын және моноқалалардың ерекшеліктерін ескере отырып, қала құраушы кәсіпорындардың қосалқы және қызмет көрсету өндірістерін, тапсырыстарын орналастыруы.

Жергілікті атқарушы органдар қала құраушы кәсіпорындармен бірлесіп, әрбір шағын және моноқалада оның мамандануына сәйкес кемінде бір инвестициялық жобаны іске асыру бойынша шаралар қабылдайды;

3) қолданыстағы мамандандыруды жаңғырту не жаңа мамандандыруды құру үшін стратегиялық инвесторды тарту арқылы шағын және моноқалаларда бұрынғы мамандандыруды қалпына келтіру.

Бұдан басқа, әлеуеті төмен және орташа шағын және моноқалаларда инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға газға, электр энергиясына, жер учаскесін сатып алуға және ғимараттарды, құрылыстарды сатып алуға (салуға) жұмсалатын шығындарды өтеу немесе бір бөлігін төлеу арқылы өнеркәсіптік жеңілдіктер ұсынылатын болады.

Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен тікелей келіссөздер негізінде пайдалы қазбалардың игерілетін кен орнын пайдалану мерзімі шектеулі кәсіпорындарға жер қойнауын пайдалану құқығын беру:

1) шағын және моноқалаларға жақын орналасқан пайдалы қазбалардың перспективалы кен орындарын "Қазгеология" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының немесе кәсіпорынның шикізат базасын кеңейтуге мүдделі жеке инвесторлардың қатысуымен жете барлау бойынша шараларды айқындай отырып анықтау;

2) "тұйыққа тірелу" проблемаларын шешу, шағын және моноқалалардың транзиттік әлеуетін дамыту мүмкіндіктері қаралатын болады.

Жергілікті атқарушы органдар, көлік саласындағы уәкілетті орган " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып, тұйыққа тірелу проблемаларын шешу үшін көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар қабылдайтын болады.

2. Шағын және моноқалалардың инфрақұрылымын дамыту

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру мақсатында шағын және моноқалалардың инфрақұрылымын дамыту қалаларды дамыту әлеуетінің дәрежесіне байланысты оларды дамытудың ұзақ мерзімді перспективалары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Осы бағыт шеңберінде агломерациялардың ықпал ету аймағындағы, сондай-ақ өндеу өнеркәсібінің орталықтары, көліктік-өнеркәсіптік орталықтар (тораптар) болып табылатын немесе туристік-рекреациялық әлеуеті бар, әлеуеті жоғары және орташа шағын және моноқалалар халқының оңтайландырылған санына шаққанда тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын салуды және (немесе) реконструкциялауды басым қаржыландыру жүзеге асырылатын болады.

Шағын және моноқалалар бойынша инвестициялық жобалар бюджет заңнамасында бекітілген тәртіппен қаржыландырылады.

Бұл ретте, бірінші кезекте қала тыныс-тіршілігінің неғұрлым өткір мәселелері (жылумен, сумен, электрмен, газбен жабдықтау, жолдар, авариялық және тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу, абаттандыру және экология) шешіледі.

Моноқалаларда мемлекеттің мұқтаждықтары үшін жер учаскелерінің алып қойылуына байланысты жер учаскелері мен өзге де жылжымайтын мүліктердің мәжбүрлеп алынуы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, осы бағыт шеңберінде республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен мынадай іс-шаралар қаржыландырылатын болады:

1) көлік инфрақұрылымын жөндеу (қалаішілік жолдар, бөгеттер, дамбалар мен көпірлер);

2) коммуналдық шаруашылық: тұрғын үйлер қорын сақтау және қоқыс шығару, рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жою, иесіз қалған объектілерді бұзу, қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар мен мал қорымдары полигондарын жайластыру, жылыту жүйелерін жөндеу, балалардың аула ойын алаңдарын орнату;

3) елді мекендерді абаттандыру жөніндегі іс-шаралар.

5. Тірек ауылдық елді мекендерді қоса алғанда, ауылдық аумақтарды дамыту
Ауылдық аумақтарды дамыту бойынша қойылған міндетке қол жеткізу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) аудан орталықтары мен тірек АЕМ-ді дамыту;

2) ауылдық округтердің орталықтарын, ауылдар мен кенттерді дамыту;

3) даму әлеуеті жоғарғы және орташа басқа АЕМ-ді дамыту;

4) ауылдық жердің кадрлық әлеуетін арттыру;

5) жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау.

Өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орташа және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарға сәйкес ауылдық аумақтардың ағымдағы жағдайын бағалау үшін жергілікті атқарушы органдар АЕМ-нің өндірістік, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымына мониторингті жүзеге асырады және оның негізінде олардың даму әлеуеті айқындалатын болады.

Тірек АЕМ тізбесін өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті орган бекіткен тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

1. Тірек АЕМ-ді және аудан орталықтарын дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) тірек АЕМ-дегі экономикалық қызметті дамыту.

Аталған бағыт тірек АЕМ-де өндірістік саланы дамытуға, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік өндірісті тұрақты жүргізу үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге, ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған.

Бірінші бағыт шеңберінде міндеттерді шешу қала құраушы кәсіпорындарды қалыптастыру, жұмыс істеп тұрған өндірісті кеңейту және жаңғырту, шағын және орта бизнесті дамыту үшін инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен жүзеге асырылады.

Инвестициялық жобаларды енгізу базалық қала құраушы өндірісті құруға мүмкіндік береді, ол тірек АЕМ-нің өндірістік әлеуетін дамытудың негізгі құралы болып табылады, экономиканы көтеруге, экспорттық әлеуетті ұлғайтуға, қосымша жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін тірек АЕМ-де ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге құқықтық, қаржылық және басқа да қызметтерді көрсету үшін кәсіпкерлікті қолдау орталықтары ашылатын болады.

2) тірек АЕМ-нің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту.

Аталған бағыт тұтастай алғанда, тірек АЕМ-де инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Инфрақұрылымдық жобалар мыналарды қамтиды:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін (сумен жабдықтау, кәріз, газбен, жылумен, электрмен жабдықтау жүйелерінің объектілері) салу, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу;

инженерлік-көліктік инфрақұрылымды (кентішілік және ауылішілік жолдар, кіреберіс жолдар, бөгеттер, дамбалар және көпірлер) салу, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу;

тұрғын үйлер салу және күрделі жөндеу, авариялық үйлерді бұзу;

елді мекендерді абаттандыру (көшелерді, саябақтарды, гүлзарларды жарықтандыру және көгалдандыру, иесіз объектілерді бұзу, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын, шағын сәулет нысандарын, қоршауларды, балалардың ойын алаңдары мен спорт алаңдарын жайластыру);

3) тірек АЕМ-де көліктік қолжетімділікті дамыту.

Үшінші бағыт өткізу және жабдықтау нарықтарына дейін көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ететін облыстық және аудандық маңызы бар, тірек ауылдар мен тірек АЕМ-нің тартылыс аймағына кіретін басқа да елді мекендердің арасындағы жолдарды дамытуға бағытталған.

Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамыту халықтың ұтқырлығы мен материалдық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, көлік шығасыларын және тасымалдау уақытының шығынын төмендету есебінен ауыл экономикасының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту және олардың техникалық жағдайын нормативтік талаптарға сәйкес келетін деңгейге жеткізу мақсатында мынадай жұмыс түрлері іске асырылатын болады:

салу және реконструкциялау;

күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу.

Бұл бағыт іске асырылған кезде инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру тірек АЕМ-нің оңтайлы қызмет көрсету шеңберінің аймағына кіретін елді мекендердің көліктік қолжетімділігін жақсартуға ғана бағытталатын болады;

4) мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтарын дамыту және құру.

Қазіргі уақытта мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтары негізінен аудан орталықтары мен қалаларда орналасқан, бұл ауыл халқына, әсіресе шалғай аумақтарда қажетті көрсетілетін қызметтерді алуға қиындықтар туғызуда.

Аталған бағытты іске асыру тірек АЕМ-де кепілдендірілген мемлекеттік, әлеуметтік және коммерциялық қызметтерге қолжетімділік проблемасын шешуге мүмкіндік береді, олар өз кезегінде республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ басқа да көздердің есебінен ауылдық елді мекендердің белгілі бір тобына қызмет көрсететін болады.

Бұл бағытты іске асыру:

1) халыққа қызмет көрсету орталықтарының бөлімдерін, полицияның, азаматтық хал актілерін тіркеудің тірек пункттерін және басқаларын ашу есебінен мемлекеттік қызметтерді көрсету орталықтарын дамыту және құру;

2) екінші деңгейдегі банктердің, микрокредиттік ұйымдардың, ауылдық кредиттік серіктестіктердің, сақтандыру компанияларының, нотариустардың, сервистік-дайындау орталықтарының, техникалық қызмет көрсету станцияларының және басқалардың бөлімшелерін ашу есебінен қаржыландыру жеке инвесторлардың және басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылатын коммерциялық қызметтерді көрсету орталықтарын дамыту және құру арқылы жүзеге асырылатын болады.

2. Ауылдық округтердің орталықтарын, ауылдарды және кенттерді дамыту.

Осы бағытты іске асыру жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қолдау және кеңейту, орта және ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын құру, шағын және орта бизнесті дамыту, ауылдық инфрақұрылымдарды дамыту, тұрғын үй салу жөніндегі шараларды іске асыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Ауылдық округтердің орталықтарын, ауылдар мен кенттерді дамыту жөніндегі шараларды іске асыру кезінде табиғи-климаттық жағдайлар, АЕМ экономикалық бағыты, ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандандырылуы, ауылдық инфрақұрылымның дамығандығы және басқалар ескерілуі қажет.

Бұдан басқа, жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен бас жоспарларды әзірлеу немесе түзету қажет, олардың стратегиясы орта және ұзақ мерзімді перспективада болжанатын халық санын ескере отырып, әлеуметтік, тұрғын үй және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға және жаңғыртуға бағыттталатын болады.

Агломерацияның аймағына кіретін АЕМ-нің бас жоспарларын және құрылыс салу схемаларын әзірлеу және түзету міндеттерін іске асыру оның стратегиясына сәйкес Қазақстан Республикасын аумақтық дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеумен қатар жүзеге асырылатын болады.

3. Даму әлеуеті жоғары және орташа басқа АЕМ-ді дамыту үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қолдау және дамыту, ұсақ тауарлы өндірістерді орта және ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына біріктіру, шағын және орта бизнесті дамыту, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен нормативтік қамтамасыз етілуге дейін жеткізу, ауылдық инфрақұрылымды қалыпты жағдайда ұстап тұру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Тірек АЕМ-ді және аудан орталықтарын, ауылдық округтердің орталықтарын, ауылдар мен кенттерді және даму әлеуеті жоғары және орташа басқа АЕМ-ді кешенді дамыту аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) аумақтарын дамыту бағдарламаларында оларды дамыту жөніндегі нақты іс-шараларды қамту жолымен жүзеге асырылатын болады.

4. Ауылдық жерлерде кадрлық әлеуетті жоғарылату ауылдық жерлерге жұмыс істеуге және тұруға келген әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кешен мамандарына көтерме жәрдемақы төлеу және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит ұсыну түрінде мемлекеттік қолдауды көздейді.

Осы бағытты мемлекеттік қолдау "Дипломмен ауылға" жобасының және облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

5. Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау АЕМ-ді дамыту және ауыл халқының тыныс-тіршілігін жақсарту жөніндегі іс-шараларды айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеуге тұрғындарды тартуға бағытталған.

Іс-шараларды іске асыру жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау шеңберінде әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа АЕМ-де ғана жүзеге асырылады.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері жергілікті қоғамдастықтың жиналыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, онда бірінші кезектілігі мен өзектілігі негізге алына отырып (іс-шараларды "төменнен жоғарыға қарай" іріктеу қағидаты), іс-шараларды іріктеу бойынша ұсыныстар талқыланады және шешімдер қабылданады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеу;

2) коммуналдық шаруашылық: көшелерді жарықтандыру және көгалдандыру, иесіз қалған объектілерді бұзу, қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар мен мал қорымдары полигондарын жайластыру, жылыту жүйелерін жөндеу, балалардың аула ойын алаңдарын орнату;

3) көлік коммуникациялары: кентішілік жолдарды және көпірлерді күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, бағдаршамдар орнату;

4) ауыл шаруашылығы: су қоймаларын тазарту, иесіз қалған су техникалық құрылыстарын қалпына келтіру;

5) елді мекендерді абаттандыру жөніндегі іс-шаралар.

Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру кезінде қолданыстағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, облыстар мен аудандардың аумақтарын дамыту бағдарламаларын қаржыландыру тетіктері пайдаланылатын болады. Бұл ретте ауылдық аумақтарды дамыту бойынша барлық бюджеттік инвестициялық жобалар (бұдан әрі – БИЖ) өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті органмен және басқа мүдделі орталық мемлекеттік органдармен кешенді дамыту жоспарлары мен іс-шаралар жоспарларына сәйкестігі тұрғысынан келісілуі тиіс.

6. Шекара маңындағы аумақтарды дамыту

Қойылған міндетке қол жеткізу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) шекара маңындағы аудандардың ірі қоныстарының әкімшілік маңыздылығын арттыру;

2) перспективалы елді мекендерді – шекара маңы ынтымақтастығының тораптық нүктелерін және оларды дамыту бойынша шараларды айқындау;

3) шекара маңы ынтымақтастығы елді мекендерінің инфрақұрылымын дамыту және жайластыру;

4) шекара маңындағы аумақтардың экономикасын әртараптандыру, шағын және орта бизнесті дамыту.

Аталған бағыттарды іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шекара маңындағы ынтымақтастықтың инфрақұрылымын дамыту, өндірісті әртараптандыруды жүзеге асыру, шағын бизнестің қалыптасуын ынталандыру, жергілікті инвестициялық ахуалды жақсарту мен әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту арқылы бекітілген мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларға, облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1. Шекара маңындағы аудандардың ірі қоныстарының әкімшілік маңыздылығын арттыру.

Шекара маңындағы аумақтардың ірі қоныстарының әкімшілік маңыздылығын арттыру мақсатында:

1) көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, қолданыстағы көліктік және транзиттік дәліздер арқылы жүк ағындарын ұлғайту;

2) туристік-рекреациялық объектілерді, туристік инфрақұрылымды салу (реконструкциялау) және пайдалану бойынша бірлескен кәсіпорындарды құру, туризм саласындағы өңірлік және шекара маңындағы ақпараттық жүйелерді дамыту және өзара іс-қимыл жасау;

3) өнеркәсіпті, жаңа технологияларға негізделген экспортқа бағдарланған және импорт алмастырушы өндірістерді дамыту, сауда және экспорт көлемдерін ұлғайту, озық басқарушылық тәжірибені енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

2. Перспективалы елді мекендерді – шекара маңы ынтымақтастығының тораптық нүктелерін және оларды дамыту бойынша шараларды айқындау.

Осы елді мекендерде жаңа өндірістерді, тиісті көліктік инфрақұрылымды құру, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасалады.

Перспективалы елді мекендердің – шекара маңы ынтымақтастығының тораптық нүктелерінің тізбесін облыс әкімдіктері айқындайды және өңірлік даму саласындағы уәкілетті органмен келіскеннен кейін жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Перспективалы елді мекендерді дамыту жөніндегі шаралар экономикалық белсенділіктің өсуін және инвестициялық тартымдылықты ынталандырудың әртүрлі тетіктері арқылы, оның ішінде қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуға арналған мемлекеттік инвестициялар есебінен жүзеге асырылатын болады.

Перспективалы елді мекендерді – шекара маңы ынтымақтастығының тораптық нүктелерін дамыту мақсатында:

1) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне және басқа елді мекендерге еркін және жылдам жүруге мүмкіндік беретін шекара маңындағы жолдар желісін құру;

2) пайдалы қазбалардың трансшекаралық кен орындарын бірлесіп пайдалану, халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қолда бар өндірістік қуаттарының жүктемесін арттыру;

3) перспективалы елді мекендердің – шекара маңы ынтымақтастығының тораптық нүктелерінің әлеуеттік сыйымдылығын арттыру мақсатында осы елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар қабылданатын болады.

3. Шекара маңы ынтымақтастығы пункттерінің инфрақұрылымын дамыту және жайластыру.

Осы бағыт шеңберінде көршілес мемлекеттермен шекара маңы ынтымақтастығының инфрақұрылымын бірлесіп салу және пайдалану жөніндегі шараларды қоса алғанда, оларды дамыту (шекарадан өту орындарын, бақылау-өткізу, кеден бекеттері және басқалар) жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Шекара маңы ынтымақтастығы пункттерінің инфрақұрылымын дамыту және жайластыру мақсатында:

1) кедендік және шекаралық инфрақұрылымды дамыту, шекарадан өту орындарын, бақылау-өткізу және кедендік бекеттерді, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық, фитосанитариялық және басқа бақылау органдарын материалдық-техникалық жарақтандыру деңгейін арттыру;

2) шекаралық, кедендік, иммиграциялық, экологиялық, фитосанитариялық және бақылаудың өзге түрлерінің рәсімдерін жетілдіру;

3) өткізу қабілетін арттыру мақсатында Мемлекеттік шекарадан өткізуді ұйымдастырудың технологиялық схемасын жетілдіру;

4) экспорттық және импорттық операцияларды ресімдеу мерзімдерін қысқартуға ықпал ететін жағдайлар жасау, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін электрондық құжат айналымы жүйесімен және автоматты сәйкестендіру жүйесімен жайластыру, кеден қоймалары мен терминалдарын жаңғырту бойынша шаралар қабылданатын болады.

4. Шекара маңындағы аумақтардың экономикасын әртараптандыру, шағын және орта бизнесті дамыту.

Шекара маңындағы аумақтардың экономикасын әртараптандыру мақсатында:

1) шекара маңындағы аумақтарда қолда бар резервтер мен пайдаланылмайтын шаруашылық активтерді (айналымнан шығарылған тоқтап тұрған өндірістерді және басқаларды), пайдалы қазбаларды экономикалық айналымға тарту және қолданыстағы инженерлік және көліктік инфрақұрылымды тиімді пайдалану;

1. Электрмен, жылумен, газбен жабдықтау желілерін және сағатына 100 Гкал дейінгі қазандықтарды қаржыландыру тетігі

Электрмен, жылумен, газбен жабдықтау жүйелерінің тозуын азайту, сондай-ақ жылу өндіру қуаттарын жөндеу және ауыстыру проблемасын шешу үшін тұрғын үй-коммуналдық секторды жаңғырту (реконструкциялау және салу) жөніндегі шаралар кешені қабылданады.

Ол үшін орталықтандырылған техникалық зерттеп-қарау жүргізіліп, жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға инвестициялар тарту орындылығының негіздемелері әзірленуде, сондай-ақ жобаларды іріктеу өлшемшарттары бойынша жобаларды өңірлерде іске асырудың басымдылығы айқындалатын болады. Жылумен, электрмен, газбен жабдықтау жүйелері мен сағатына 100 Гкал дейінгі қазандықтарды жаңғырту (реконструкциялау және салу) жөніндегі жобаларды қаржыландыру басымдығына қарай іріктеу өлшемшарттары.

1. Әлеуметтік фактор

Халықтың сапалы коммуналдық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілуі (халықтың санына байланысты), халық көп қамтылатын жоба қаржыландырылады.

2. Заманауи энергия үнемдейтін материалдарды, жабдықтар мен технологияларды қолдану

Нұсқаларды салыстыру арқылы неғұрлым сапалы материалдарға басымдық беріледі. Көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, қазақстандық тауар өндірушіге артықшылық беріледі.

3. Жылу көздері:

- 1) блокты-модульді қазандықтарды пайдалану;
- 2) өз ресурсы сарқылған қазандықтарды жаңа жоғары пайдалы әсер коэффициенті (бұдан әрі – ПӘК) бар қазандықтарға ауыстыру;
- 3) когенерациялық жүйелерді қолдану;
- 4) химиялық су дайындауды міндетті енгізу;
- 5) қазандықтар үшін құнарлылығы кемінде 4 мың Гкал көмір сатып алуды және жеткізуді пайдалану.

4. Жылумен жабдықтау желілері

Қолданыстағы жылу магистральдарының жылу құбырларын жедел диспетчерлік басқаруға арналған деректерді жинау және бақылау жүйелерімен жарақтандырылған тиімді жылу оқшаулау құбырларына ауыстыру; құбыржолдың мақсаты (магистральдық, орамішілік).

5. Газбен жабдықтау желілері

Құбыржолдың мақсаты (магистральдық, орамішілік).

6. Электрмен жабдықтау желілері

АОС қолдану.

7. ТКШ бағдарламасында көзделген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу. Жаңғыртылған желілердің ұзындығы индикаторын барынша ұлғайтатын жобаларға басымдық беріледі (желілердің тозу деңгейін төмендету).

8. Өтпелі жобаларды аяқтау.

Облыс бойынша бірінші кезекте өтпелі жобалар қаржыландырылады.

9. Жоғарыда көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша жобалар

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, Парламент депутаттарының сауалдары.

10. Жобаның құны

Жылумен жабдықтау секторын дамытудың негізгі мақсаттары:

1. негізгі қорларды жаңғырту (жекелеген жылумен жабдықтау объектілерінің физикалық тозуы шекті деңгейден асты);

2. жеке капитал үшін саланы тартымды ету мақсатында инвестициялар қайтарымдылығының нарықтық тетіктерін жасау;

3. технологиялар мен стандарттарды біріздендіру, бірыңғай техникалық саясатты қалыптастыру;

4. тарифтік саясат, жылумен жабдықтауда шекті тарифтер қағидаттарын қолдану.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) нормативтік құқықтық және техникалық базаны жетілдіру;

2) жылумен жабдықтау секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру . Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) және жеке инвестицияларды ынталандыру мәселелерін пысықтау;

3) жылу энергиясына тариф белгілеу жүйесін жетілдіру. Жылумен жабдықтауға шекті тарифтерді енгізу жұмысы жалғасады. Жылумен жабдықтауға шекті тарифтерді енгізу, оның ішінде екі мөлшерлемелі тарифке көшу жұмысы жалғасатын болады. Барлық өңірлерде жылу энергиясына сараланған тарифтерді, оның ішінде тұтынушылар санаттарының (топтарының) өлшемшарттарын белгілеу;

4) жылумен жабдықтау секторында ресурсты үнемдеу технологияларын, энергиялық тиімді жабдықтарды және материалдарды (алдын ала оқшауланған құбырлар, жиілікпен реттелетін сорғылар және басқалары) пайдалану;

5) қазандықтардың пайдалы әсер коэффициентін 85 %-дан жоғарылату. Суды химиялық дайындау жабдығын қамтамасыз ету, ол қазандық агрегаттарының техникалық сипаттамаларын қанағаттандыратын тазартылған суды пайдалануға мүмкіндік береді;

6) бақылау-өлшеу жабдықтарын және деректерді жинақтаудың кең көлемді жүйесі мен жедел диспетчерлік басқаруды енгізу арқылы көрсетілетін қызметтер сапасын бақылауды қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының қалалары мен елді мекендерінде жылумен жабдықтаудың ашық жүйесінен жабық жүйесіне кезең-кезеңмен өту.

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін үдемелі жаңғырту мақсатында қаржыландыру Ұлттық қордан бөлінетін нысаналы трансферт қаражаты есебінен республикалық бюджетті 150 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы 60 млрд. теңге, 2016 жылы 90 млрд. теңге және одан әрі жыл сайын кемінде 100 млрд. теңге мөлшерінде бюджеттік кредиттеу тетігі арқылы жүргізілетін болады.

Жергілікті атқарушы органдарды (бұдан әрі – ЖАО) халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тартуға ынталандыру, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін 2016 жылдан бастап жобаларды бюджеттік субсидиялау тетігі арқылы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландыру басталды.

Осы Бағдарлама шеңберінде жылу ысырабын қысқарту мақсатында көп пәтерлі тұрғын үйлерге терможаңғырту жүргізіп, "ТКШҚазОрталығы" АҚ автоматтандырылған жылыту пункттерін, жылуды есептеу аспаптарын кең ауқымда орнату қажет, бұл нақты тұтынылған жылу энергиясын есептеуге өтуге мүмкіндік береді. Есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етілмеген тұтынушылар үшін жылу энергиясын өңірлер бойынша тұтыну нормаларының негізінде нақтылау қажет.

Аталған іс-шаралар бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыруға, жылумен жабдықтау желілерінің 100 км-де техникалық бұзушылықтардың санын 200-ден 30-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

2. Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту тетіктері

Халықты сапалы ауызсумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету өңірлердің негізгі даму факторларының бірі болып табылады.

Ауызсумен қамтамасыз етудің белгілі бір дәрежеде жақсарғанына қарамастан, бүгінгі таңда республика халқының едәуір бөлігі әлі де тиісті сападағы сумен және толық көлемде қамтамасыз етілмей отыр. Көптеген тазарту құрылыстары өзінің пайдалану ресурстарын сарқыған және жөндеуді талап етеді, басқалары – артық жүктемемен жұмыс істейді, бұл сарқынды суларды тазалау технологияларының жобалық деректеріне сәйкес келмеуіне әкеп соқтырады.

Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру секторы проблемалар кешенімен сипатталады.

Осыған орай сумен жабдықтау және су бұру секторында елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану, жобалау, салу және реконструкциялау жөніндегі бірыңғай операторды құру мәселесі қаралатын болады.

Елді мекендерде сумен жабдықтау көздері жерүсті, жерасты сулары болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде жерасты суларының әлеуетін барынша пайдалану үшін жоғары сапалы ауызсудың барынша қорғалған және сенімді көзі ретінде жерасты тұщы суларының кен орындарын шаруашылық айналымға тарту бойынша жұмыс жандандырылатын болады.

Геологиялық-барлау жұмыстарының талап етілетін көлемі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту мен жаңғырту бойынша талап етілетін жұмыс көлемін негізге ала отырып, жерасты сулары бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органмен және су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органымен бірлесіп жыл сайын айқындайтын болады.

Жерасты сулары бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган пайдалану мерзімі аяқталған қолданыстағы су жинағыштар бойынша жерасты сулары қорының болуы туралы уақытша қорытындылар беретін болады.

Сумен жабдықтаудың жерасты көздері жоқ жерлерде сумен жабдықтаудың жерүсті көздері пайдаланылатын болады.

Су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті орган топтық су тартқыштарын салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды жүргізетін болады.

Сондай-ақ, ауылдық сумен жабдықтау секторында жергілікті сумен жабдықтау көздерін барынша пайдалану, блокты тазарту құрылыстарын қолдана отырып, үлгілік жобаларды әзірлеу және халық саны аз елді мекендерде кеңінен қолдану қажет.

Бюджет қаражатын тиімсіз және ұтымсыз пайдалану фактілерін болдырмау, 2020 жылға дейінгі алдағы кезеңге арналған халықты ауызсумен және су бұрумен қамтамасыз ету бойынша баламалы және үнемді шешімдерді іздеуді кеңейту мақсатында сумен жабдықтау мен су бұру секторын дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) сумен жабдықтау мен су бұрудың жаңа объектілерін салу және қолданыстағыларын реконструкциялау кезінде жүйелі тәсілді енгізу;

2) сумен жабдықтау және су бұру су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру объектілерін қаржыландыруға жеке капиталды барынша тарту. Қалалық және ауылдық жерлердегі сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындарын мемлекеттік-жекешелік әріптестік моделіне кезең-кезеңмен көшіру;

3) сумен жабдықтау мен су бұру саласында нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базаны жетілдіру, үлгілік жобаларды және үлгілік жобалық шешімдерді әзірлеу, сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін құрудың және пайдаланудың бірыңғай техникалық саясатын енгізу;

4) халықты ауызсумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының әлеуетін барынша пайдалану;

5) сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін жобалау сапасын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру саласында қазақстандық қамтуды дамыту;

6) саланы кадрлық қамтамасыз ету.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту кезінде Бағдарламаның міндеттерінде көрсетілген басымдықтар (агломерацияларды, "екінші деңгейдегі" қалаларды, "үшінші деңгейдегі" қалаларды, ауылдық аумақтарды, шекара маңындағы аумақтарды дамыту) және Бағдарламаның негізгі ережелері қабылданады.

1. Қалалық жерлерде жүйелі тәсіл мынаны:

1) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның сумен жабдықтау және су бұру желілерін салуды және реконструкциялауды қажет ететін елді мекендердің алдын ала тізімін қалыптастыруын;

2) 53 қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің инвестициялар негіздемелерін әзірлеудің аяқталуын (басталуы 2011 жылдың екінші жартыжылдығында және аяқталуы 2015 жылы) көздейді.

Қалаларды дамытудың перспективалық көрсеткіштері (халық саны, өнеркәсіп және т.б.) сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне инвестициялардың

негіздемелерін әзірлеу үшін негіз болып табылады, олардың негізінде тиісті деректер қалыптастырылады (су тұтынудың және су бұрудың жалпы көлемі, сарқындының сапалық және сандық сипаттамалары болжанады және т.б.).

Жергілікті атқарушы органдар бекіткен бас жоспарлары жоқ қалалар бойынша инвестициялардың негіздемелерін бекітуді кемінде есептік 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған қалаларды дамытудың перспективалық көрсеткіштерінің негізінде жүргізеді;

3) ЖАО-ның жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу жоспарланып отырған объектілердің тізбесін Бағдарлама басымдықтарының деңгейлеріне сәйкес коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органмен және су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органмен келісуі;

4) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелері инвестицияларының негіздемесіне сәйкес қалыптастыруы;

5) сумен жабдықтау және су бұру жобаларының алдын ала тізбесін өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен (бұдан әрі – ВАК) келісу. ВАК-та келісілген сумен жабдықтау және су бұру жобаларының тізбесіне қаржы жылының ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, нақтыланған тізбені ВАК-қа келісуге енгізу қажет.

Сумен жабдықтау және су бұру жобаларының алдын ала тізбесін қалыптастыруды коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган ЖАО-ның жоспарланған қаржы жылының алдындағы жылдың бірінші тоқсанында алдағы қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімдерінің негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ЖАО тарапынан міндетті қоса қаржыландыру ескерілуі тиіс. ЖАО тарапынан қоса қаржыландыру деңгейі ВАК-та әрбір өңір бойынша жеке, оның ішінде алдағы жоспарланған бюджеттік кезеңге капиталды көп қажет ететін объектілер бойынша жыл сайын қаралатын болады.

Мынадай құжаттары бар жобаларды қаржыландыруға рұқсат етіледі:

- 1) электрондық және қағаз жеткізгіштерде ЖСҚ-ның болуы;
- 2) санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптаманың болуы;
- 3) жерасты сулары бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органның келісімі, оның ішінде пайдалану мерзімі аяқталған қолданыстағы сумен жабдықтау көздері бойынша уақытша қорытынды ;
- 4) жоба ЖСҚ-сының кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы;
- 5) салалық мемлекеттік органның салалық сараптамасы;

- 6) түсіндірме жазба;
- 7) жобаны бекіту туралы бұйрық;
- 8) пайдаланушы кәсіпорынның болуы туралы кепіл хат.

Басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бұдан әрі – БИЖ) іріктеу мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) пайдалану кезінде сенімділік, жөндеуге жарамдылық, техникалық және экономикалық тиімділік талаптарына сәйкес келетін заманауи материалдарды, жабдықтарды және технологияларды қолдану көзделген жобалар;

2) аяқталмаған (ауыспалы) сумен жабдықтау және су бұру жобалары.

Уақтылы пайдалануға беру, сумен жабдықтау және су бұру жобаларының қымбаттауын болдырмау мақсатында аяқталмаған (ауыспалы) жобаларды міндетті қаржыландыруды қамтамасыз ету қажет;

3) Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмалары бар қалаларды және елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларына енгізілген жобалар;

4) жаңа сумен жабдықтау жүйелерін салуға бағытталған жобалар;

5) қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің ең авариялық учаскелерін реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі жобалар;

6) құрылыс құны кемінде 100 млн. теңге, өңірдің жергілікті проблемаларын шешуге бағытталған, жалпы өңір бойынша Бағдарламада көзделген индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуге елеулі әсер етпейтін жобалар жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландырылады.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің инвестиция негіздемелерін әзірлеу кезеңінде (2011 – 2015 жылдар) қалалық жерлердегі сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесіне жобаларды іріктеу жоғарыда көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Кейін қалалық жерлердегі сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін қалыптастыру қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің инвестиция негіздемелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Ауылдық сумен жабдықтау және су бұру объектілері үшін жүйелі тәсіл мынадай:

1) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның Бағдарламаның басымдықтарына сәйкес сумен жабдықтау және су бұру желілерін салуды және реконструкциялауды талап ететін елді мекендердің алдын ала тізімін қалыптастыруы;

2) ЖАО-ның Бағдарлама басымдықтарының деңгейлеріне сәйкес ЖСҚ әзірлеу жоспарланып отырған объектілердің тізбесін коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органмен және су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органмен келісуі;

3) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның мынадай өлшемшарттар бойынша сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін қалыптастыруы:

пайдалану кезеңінде сенімділік, жөндеуге жарамдылық, техникалық және экономикалық тиімділік талаптарына жауап беретін заманауи материалдар, жабдықтар және технологиялар салынған жобалар;

аяқталмаған сумен жабдықтау және су бұру (ауыспалы) жобалары;

уақтылы пайдалануға беру, сумен жабдықтау жобаларының қымбаттауына жол бермеу мақсатында аяқталмаған (ауыспалы) жобаларды міндетті қаржыландыруды қамтамасыз ету қажет;

ауылдық елді мекендерді, әсіресе суды шеттен тасып әкелетін елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтаумен және су бұрумен қамтамасыз етуге бағытталған жобалар;

бұл ретте, осы мақсатқа аса тиімді қол жеткізу үшін халықтың барынша көп санын орталықтандырылған сумен жабдықтауды қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты, халқының саны жоғары, орта деңгейдегі елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетіне ерекше мән беріледі;

ең авариялық учаскелерді реконструкциялауға бағытталған жобалар;

жалпы өңір бойынша жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын, Бағдарламада көзделген индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуге елеулі әсер етпейтін, өңірдің жергілікті проблемаларын шешуге бағытталған, құрылыс құны кемінде 100 млн. теңге болатын жобалар.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдар тарапынан міндетті бірлесіп қаржыландыру ескерілуі тиіс. ЖАО тарапынан бірлесіп қаржыландыру деңгейі ВАК-та жыл сайын жеке әрбір өңір бойынша, оның ішінде капиталды көп қажет ететін объект бойынша қаралатын болады.

Жобаларды іріктеу кезінде мынадай құжаттардың болуы қажет:

1) электрондық және қағаз жеткізгіштердегі ЖСҚ;

2) экологиялық сараптама;

3) бекітілген сумен жабдықтау көзіне жер қойнауын мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органның келісімі, оның ішінде пайдалану мерзімі аяқталған қолданыстағы сумен жабдықтау көздері бойынша уақытша қорытынды ;

4) жоба ЖСҚ-сының кешенді ведомстводан тыс сараптамасының қорытындысы;

5) салалық мемлекеттік органның салалық сараптамасы;

6) түсіндірме жазба;

7) жобаны бекіту туралы бұйрық;

8) пайдаланушы кәсіпорынның болуы туралы кепіл хат.

Өңірлерді дамытудың
2020 дейінгі бағдарламасына
4-қосымша

Тұрғын үй құрылысын жүзеге асыру тетігі

1. Мемлекеттік қолдау шаралары

Тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдау мынадай шаралармен қамтамасыз етіледі:

1) елді мекендердің бас жоспарларына, егжей-тегжейлі жоспарлаудың жобалары мен құрылыс салу қағидаларына сәйкес дайындалған жер учаскелерін бөлу;

2) құрылыс салу жоспарланған учаскелерге мақсатты түрде жылумен, сумен, газбен және электрмен жабдықтаудың, телефондандырудың инженерлік желілерін, су бұруды (кәрізді), инженерлік құрылыстарды қамтитын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жеткізу;

3) озық технологияларды қолдану негізінде құрылыс көлемінің өсуін және мерзімін қысқартуды, өзіндік құнын төмендетуді қамтамасыз ететін құрылысты индустрияландыру.

Жер ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Тұрғын үй салуға бөлінген жер учаскелерінің болуы тұрғын үй қолжетімділігінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Осы мақсаттар үшін жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО):

1) жаппай құрылыс салуға жарамды жер учаскелеріне тексеру жүргізуі;

2) бекітілген бас жоспарларға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына және елді мекендерде құрылыс салу қағидаларына сәйкес жаппай тұрғын үйлер салынатын басым аудандарды айқындауы;

3) жер учаскелерін дайындау бойынша алдын ала жұмыстар жүргізуі;

4) бос жер учаскелерінің болуы туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуі;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылыс салушыға жер учаскелерін беруді қамтамасыз етуі қажет.

Тұрғын үй құрылысы салынатын аудандарда инженерлік -коммуникациялық инфрақұрылым салу жөніндегі шаралар туралы

Құрылыс салуға бөлінген алаптар тұрғын үйлердің құрылысы басталғанға дейін жылумен, сумен, газбен және электрмен жабдықтаудың, телефондандырудың инженерлік желілерін, су бұруды (кәрізді), инженерлік құрылыстарды, орамшілік жолдар мен өтпелерді қамтитын

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен (бұдан әрі – ИКИ) қамтамасыз етілуі тиіс.

ИКИ-ді жобалау, дамыту және жайластыру, сондай-ақ жеке құрылыс салушылардан ИКИ-ді сатып алу (сыртқы, орамшілік және магистралдық желілерге қосылу нүктелеріне дейінгі тұрғын объектінің ішкі желілерінен тыс алаңшілік аумақтарды абаттандыруды қоспағанда) республикалық және жергілікті бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жеке құрылыс салушылар ИКИ құрылысының сметалық құны бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптаманың тиісті оң қорытындысын алуға тиіс.

ИКИ құрылысының іске асырылып жатқан ірі инвестициялық жобаларының бірі Алматы облысындағы ИКИ-дің дамуын қолдау болып табылады, оның ішінде "G4 City" төрт серіктес қаласы мен Панфилов ауданында жаңа елді мекеннің (Нұркент) құрылысы. ИКИ салу жобаларын қаржыландыру Алматы облысының уәкілетті ұйымын – "Алатау" акционерлік қоғамын капиталдандыру арқылы жүзеге асырылады.

Құрылыс индустриясын және индустриялық үй құрылысын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Құрылыс материалдарының өнеркәсібі экономиканың ірі құрамдас бөлігі болып табылады және құрылыс үшін материалдық негіз бола отырып, экономиканың басқа салаларындағы өсу қарқынына және тұтастай алғанда, қоғамның әлеуметтік жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

Құрылыс индустриясын дамыту жөніндегі бағдарламада құрастырмалы-қаңқалы үй құрылысынан басқа тұрғын үй құрылысының мерзімдерін қысқарту және құнын төмендету мақсатында басымдық ретінде ірі панельді үй құрылысын дамыту көзделген.

Өңірлерде мемлекеттің қаражаты есебінен тұрғын үйлерді іске қосу көлемдерін негізге ала отырып, осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде үй салу комбинаттарының оңтайлы саны, өте тиімді технология, өндірістің қуаты, қаржыландыру схемасы мен құрылымы, оның ішінде "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының құралдары есебінен қаржыландыру айқындалған.

Тұрғын үй құрылысының бағыттары

Бағдарлама аясында тұрғын үй құрылысының мынадай негізгі бағыттары көзделеді:

1. ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй.
2. ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй:
 - 1) халықтың барлық санаттары үшін;
 - 2) жас отбасылар үшін.

3. "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ипотекалық ұйымы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҚИК" ИҰ" АҚ) тұрғын үйі;

4. "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ) тұрғын үйі.

5. Авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберіндегі тұрғын үй.

6. Жеке меншіктегі тұрғын үй.

Әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту мақсатында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы белгіленген мемлекеттік нормативтерге сәйкес келетін жобалар бойынша бірінші қабаттарында әлеуметтік мақсаттағы объектілерді (балабақшаларды, балалардың шағын орталықтарын, емханаларды және басқаларды) орналастыра отырып, тұрғын үйлер салуға жол беріледі.

Баға өлшемдері және техникалық сипаттамалары бөлігінде Бағдарлама шарттарына сәйкес келетін "ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй" және "ҚИК" ИҰ " АҚ-ның тұрғын үйі" тұрғын үй құрылысы бағыттарының басталған және (немесе) қолданыстағы жобаларын іске асыру аяқталады және осы Бағдарламада белгіленген шарттарда Бағдарламаға қатысушыларға өткізіледі.

"Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) аясында тұрғын үй құрылысының жобалары мына бағыттар бойынша іске асырылады:

1) "Бәйтерек девелопмент" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "Бәйтерек девелопмент" АҚ) жалға берілетін тұрғын үйі;

2) "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның жалға берілетін тұрғын үйі;

3) "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ның кредиттік тұрғын үйі;

4) ЖАО арқылы берілетін кредиттік тұрғын үй;

5) "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры " акционерлік қоғамы арқылы берілетін коммерциялық тұрғын үй.

Бұрын басталған және (немесе) қолданыстағы тұрғын үй салу жобаларын қоспағанда, жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй салу жобалары жөніндегі шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 255 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламадағы өзгерістерге сәйкес регламенттеледі.

Тұрғын үй құрылысын бағыттар бөлінісінде іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

мың шаршы метр

Р/с №	Бағыттар атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1	2	3	4	5	6	7

	Республика бойынша тұрғын үйді іске қосу, барлығы	7 100	7 200	7 300	7 350,4	8 526
1.	ҚТҚЖБ желісі бойынша халықтың барлық санаттарына арналған тұрғын үй	390,1	113,3	30,8	29,3	388,3
2.	ЖАО кезекте тұрғандарға арналған тұрғын үй	150,2	52,1	97,4	101,0	276,7
3.	Жас отбасыларға арналған тұрғын үй	88,1	28,9	45,8	43,8	237,1
4.	"ҚИК" ИҰ" АҚ-ның тұрғын үйі	401,0	326,0	337,0	154,0	180,0
5.	"Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ-ның тұрғын үйі	151,4	103,7	27,4	154,8	0
6.	Астана қаласында авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберіндегі тұрғын үй	25,0	30,0	40,0	40,0	40,0
7.	"Бәйтерек девелопмент" АҚ кредиттік тұрғын үйі	0	110,1	256,8	183,5	183,4
8.	ЖАО арқылы берілетін кредиттік тұрғын үй		151,7	353,9	252,8	252,8
9.	"Бәйтерек девелопмент" АҚ жалға берілетін тұрғын үйі		97,2	226,9		
10.	Жеке меншіктегі тұрғын үйі	5 893,7	6 187,0	5 884,0	6 391,2	6 967,7

Осы қосымшада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші (үміткер) – тұрғын үй алу үшін (жеке меншікке, жалға алуға, кейіннен сатып алу арқылы жалға алуға) Бағдарламаға қатысуға өтініш берген тұлға;

2) Бағдарламаға қатысушы – қаржы институттары белгілеген тәртіппен төлем қабілеттілігін растаған және тұрғын үйді бөлу рәсімінен өткен өтініш беруші (үміткер);

3) тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы № 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 – 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 383 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – 2008 – 2010 жылдарға арналған Мембағдарлама);

4) төлем қабілетін бағалау – өтініш берушінің Бағдарламаға қатысушының қаржылық мүмкіндігін бағалау үшін жүргізілетін іс-шаралар кешені;

5) тұрғын үйге мұқтаж адамдарды есепке алу – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жеке меншік тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу;

6) ЖАО-ның кезегінде тұрғандар – жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үйге мұқтаж адамдардың есебінде тұрғандар;

7) тұрғын үйді өткізетін операторлар – ЖАО, ҚТҚЖБ, Жылжымайтын мүлік қоры;

8) тұрғын үй құрылысының (сатып алудың) операторлары – ЖАО, "ҚИК" ИҰ " АҚ, "Самұрық - Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры), "Бәйтерек девелопмент" АҚ.

2. Тұрғын үйді өткізу тетігі

1. Бағдарламаға қатысушылар

"ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" бағыты бойынша "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 67-бабының 1-тармағында көрсетілген ЖАО-да кезекте тұрған тұлғалар қатысады.

"Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ның және "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның жалға берілетін тұрғын үй жобалары бойынша Заңның 67-бабының 1-тармағында айқындалған ЖАО-да кезекте тұрғандар қатысушылар болып табылады.

Аталған жобалар бойынша қатысушыларды іріктеу тәртібі осы бөлімнің ережелерінде белгіленеді.

ЖАО-да кезекте тұрғандар Бағдарламаның мынадай бағыттары: ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттары үшін", "ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйі", "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бойынша I топ қатысушысы не өтініш берген және Бағдарламаның белгіленген талаптарына сәйкес келген жағдайда II немесе III топ қатысушылары ретінде қатысуға құқылы

Топтар қатысушыларына қойылатын талаптар мен өлшемшарттар және қалыптастыру тәртібі осы бөлімнің ережелерінде көзделеді.

ЖАО кезекте тұрғандар Бағдарламаның аталған бағыттарының шеңберінде тұрғын үйді жеке меншікке немесе сатып алу арқылы жалға алған жағдайда тұрғын үйге мұқтаждар есебінен алып тасталады.

Бағдарламаның "ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй", "ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйі", "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ-ның тұрғын үйі" бағыттары бойынша мынадай қатысушылар көзделеді:

1) I топ, оның ішінде:

"ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттарына арналған тұрғын үй", "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша – Заңның 68-бабының 2), 4), 10) тармақшаларын қоспағанда, Заңның 67-бабының 1-тармағының 1-1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар санатына жататын ЖАО-да кезекте тұрғандар;

"ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша – ЖАО-да кезекте тұрғандар, Заңның 67-бабының 1-тармағының 1-1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар санатына жататындар, атап айтқанда:

көп балалы отбасылар;

толық емес отбасылар;

мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

оралмандар;

мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері;

1 және 2-ші топтағы мүгедектер.

Аталған бағыттың қатысушыларын қалыптастыру мынадай кіші топтар мен өлшемшарттар бойынша жүргізіледі:

1-кіші топ – ЖАО-да осы санатта кезекте тұрғандар, кемінде 3 жыл некеде тұрған, балалары (баласы) бар және жұбайлардың екеуінің де жасы 35 жасқа толмаған (Бағдарламаға қатысуға өтініш беру сәтінде), сондай-ақ балаларды (баласы) жасы 35-ке толмаған, оның ішінде ажырасқан, жесір/тұл қалған ата-ананың бірі ғана тәрбиелеп отырған толық емес отбасы;

2-кіші топ – 1-кіші топқа кірмейтін, көрсетілген санаттағы ЖАО-да кезекте тұрғандар.

Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынға қайта ұйымдастырылған жағдайда, аталған санат бойынша тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған тұлғалар "Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері" санатына теңестіріледі;

2) II топ: ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй" бағытына қатысушы халықтың барлық санаты;

3) III топ: мынадай талаптарға сәйкес келетін тұлғалар санаты:

кемінде екі жыл некеде тұрған жас отбасы, жұбайлардың екеуінің де жасы 29-дан аспауы қажет (Бағдарламаға қатысуға өтініш беру сәтінде), сондай-ақ балаларды (баласы) жасы 29-ға толмаған, оның ішінде ажырасқан, жесір/тұл қалған ата-ананың бірі ғана тәрбиелеп отырған толық емес отбасы.

Кемінде екі жыл тіркелген некеде тұрған кезеңі "үшінші деңгейдегі" қалаларда (шағын және моноқалаларда) немесе АЕМ тұрғын үй алуға үміткер жас отбасыларға қатысты болмайды. Қазақстан Республикасы шағын және моноқалаларының тізбесі осы Бағдарламаға 1-қосымшада көрсетілген.

III топқа жататын адамдар санаты ҚТҚЖБ желісі бойынша "Жас отбасыларға арналған тұрғын үй" бағытына қатысады.

4) IV топ:

"ҚИК" ИҰ" АҚ келісімдер/меморандумдар жасаған мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметкерлері;

"ҚИК" ИҰ" АҚ, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты негізінде келісімдер/меморандумдар жасаған моноқалаларға немесе тірек ауылдық елді мекендерге көшуді ынталандыру және кадрлардың кетуін төмендету мақсатында өз қызметкерлеріне тұрғын үй салуды және/немесе сатып алуды ұйымдастыратын мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметкерлері. Бұл ретте, көрсетілген заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында тұрғын үй салуды және/немесе сатып алуды ұйымдастыруға құқығы бар.

Өтініш берушілер Бағдарлама талаптарына сәйкес келгенде және Бағдарламаның 3-кіші бөлімінің 2-тармағында көзделген талаптарды сақтаған жағдайда, топтардың біріне қатысушысы ретінде қатыса алады.

2. Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар

1. I топқа қойылатын негізгі талаптар:

1) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрғанын және тұрғын үйге мұқтаж мәртебесін растау;

2) тұрғын үйді өткізу шарттары бойынша тиісті кірістердің міндеттемелерін орындау мүмкіндіктерін растау.

Адам басына шаққанда пайдалы алаңның көлемі кемінде он бес шаршы метрден аспайтын, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер немесе жатақханадағы бөлме болған кезде, тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған адамдар Бағдарламаға I топ ретінде қатысуға жіберілмейді.

2. II және III топтарға қойылатын негізгі талаптар:

1) Қазақстан Республикасы азаматтығының немесе оралман мәртебесінің болуы;

2) өтініш берген күнге соңғы екі және одан да көп жыл тіркеуде болуы ескерілетін, Астана және Алматы қалаларын қоспағанда, тұру мерзіміне қарамастан, тұрғын үй алуға үміттенген елді мекенде тұрақты тіркеуде болуы.

Астана және Алматы қалалары бойынша жоғарыда көрсетілген тәртіпті қоспағанда, ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй" бағыты бойынша қатысқан кезде өтініш беруші тұрғын үй алуға үміттенген елді мекенде тұрғылықты жері бойынша тіркеуде болуы талап етілмейді;

3) Бағдарламаға қатысушының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелет жасына жетпеген балаларының), сондай-ақ өтініште көрсетілген отбасы құрамына кіргізілген өзге де отбасы мүшелерінің:

әрбір отбасы мүшесіне пайдалы алаңы 15 шаршы метрден кем болатын жатақханадағы бөлменің болуын;

осы тұрғын үйдің орналасқан жері бойынша ЖАО-ның тиісті анықтамасымен расталатын құлау (қирау) қаупі бар авариялық жағдайдағы балшықтан құйылған және қаңқалы-қамысты тұрғын үйді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында жеке меншік үйінің немесе кейіннен сатып алу арқылы жалға алынған тұрғын үйінің жоқтығы (ортақ бірлескен меншігі, осы тармақта көрсетілген тұрғын үй бірлігі ретінде өзге отбасы мүшелерімен ортақ бірлескен (үлестік) меншігін құрайтын үлестік меншіктегі үлесі);

4) Бағдарламаға қатысушыда және онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының (зайыбының), кәмелетке толмаған балаларының), сондай-ақ отбасы құрамына енгізілген және өтініште көрсетілген отбасының басқа мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үйді ауыстыру немесе өзіне меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді иеліктен шығару арқылы тұрғын үй жағдайларын әдейі нашарлатуы фактілерінің болмауы;

5) 3-кіші бөлімнің 2-тармағында көрсетілген тұрғын үйді өткізу шарттары бойынша тиісті табыстармен міндеттемелерді орындау мүмкіндіктерін растау.

IV топтың Бағдарламаға қатысушыларына қойылатын шарттар, тәртібі мен талаптары "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ) келісім бойынша келісімдерде/ меморандумдарда және "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттарында айқындалады.

3. Бағдарламаға қатысушыларға тұрғын үйді өткізу шарттары

1. Тиісті табыс деңгейі болған кезде Бағдарламаға қатысушыға тұрғын үй:

1) ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй" және "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бағыттары бойынша жеке меншікке немесе сатып алу арқылы жалға алуға;

2) ҚТҚЖБ желісі бойынша "Жас отбасылар үшін тұрғын үй" бағыты бойынша сатып алу арқылы жалға алуға;

3) "ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйі" және "Бәйтерек девелопмент" АҚ тұрғын үйлері бағыты бойынша сатып алу арқылы және сатып алусыз жалға алуға өткізіледі.

2-кіші бөлімнің 1-тармағының 2) тармақшасында, 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген талаптарды орындау мақсатында өтініш берушілер ҚТҚЖБ, "ҚИК" ИҰ" АҚ және "Жылжымайтын мүлік қоры" АҚ-ның, "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ның ішкі талаптарына сәйкес тиісті табысты (төлем қабілеттілігін бағалау) растайды.

ҚТҚЖБ желісі бойынша "ҚТҚЖБ барлық санаттағы тұрғындар үшін" бағыты бойынша өтініш беруші бастапқы кезде тұрғын үйді сатып алушы ретінде төлем қабілеттілігін растайды.

Төлем қабілеттілігі шегін растамаған жағдайда, ай сайынғы жиынтық (отбасылық) табысының ең жоғарғы деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 10 еселенген мөлшерінен аспаған кезде тұрғын үйді жалға алушы ретінде қаралады.

"Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша жеке меншік қаражаты және (немесе) қарыз қаражаты есебінен тұрғын үйді сатып алуға дайын екенін білдірген үміткерлер үшін төлем қабілеттілігін бағалау рәсімі алып тасталды.

ҚИК" ИҰ" АҚ және "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ бағыттары бойынша үміткерлер жиынтық (отбасылық) табысқа (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығы мен өзге де шегерімдерді, оның ішінде отбасының әрбір мүшесін асырауға кететін шығындардың белгіленген ең аз деңгейін есепке алғанда) қатысты мәліметтер болған жағдайда, үміткерлер жалдау төлемінің ең жоғары сомасын есептеу бойынша автоматтандырылған бағдарлама арқылы табыстың тиісті деңгейіне алдын ала талдау (төлем қабілеттілігін бағалау) жүргізуге құқылы.

2. Бағдарлама шеңберінде Бағдарламаның барлық бағыттары және Қазақстанның барлық өңірлері бойынша 1 бірліктен аспайтын тұрғын үйді жеке меншікке сатып алуға немесе жалға алуға рұқсат етіледі.

Аталған талаптың орындалуын бақылауды Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің қатысуын тексеру туралы өтініш берушінің міндетті келісімі негізінде операторлар тұрғын үйді өткізуді жүзеге асырады.

Бағдарламаға қатысушы жалдау шарттарын жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жөніндегі уәкілетті органда міндетті мемлекеттік тіркеуге тиіс.

Бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен соттан тыс тәртіппен мәжбүрлі немесе соттың шешімі бойынша кепілдікке алынған тұрғын үйді өткізу жағдайларын қоспағанда, Бағдарламаға қатысушы сатып алу-сату шарттары бойынша меншікке сатып алған кредиттік немесе жалға берілетін тұрғын үйді сатып алған күнінен бастап бес жыл ішінде иеліктен шығаруға жол берілмейді.

Бағдарламаға қатысушының жалға алынған тұрғын үйді қосымша жалға беруіне, жалға алушылардың жалға беру келісімшартын қайта табыстау жолымен сыйлыққа беруіне немесе айырбастауына тыйым салынады.

3. I және III топтың үміткерлеріне Бағдарламаға қатысу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) белгілі бір пәтер түріне берілген өтініш (бұдан әрі – өтініш);
- 2) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) өтініш берушіні және онымен тұрақты бірге тұратын отбасы мүшелерін тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мекенжай анықтамасы;

4) неке қию/некені бұзу, жұбайының/зайыбының қайтыс болуы, балалардың туу туралы куәліктері; өтініш берушінің некеде тұрмайтындығы туралы нотариаттық куәландырылған өтініш;

5) өтініш берушінің және онымен тұрақты бірге тұратын отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша меншік құқығы бар үйінің немесе сатып алу арқылы жалға берілетін тұрғын үйінің бар немесе жоқ екені туралы анықтама;

6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтарды тіркеу және оның техникалық сипаттамалары (балшықтан құйылған және қаңқалы-қамысты тұрғын үйдегі, жатақханадағы бөлмеде үлесі болған кезде) туралы анықтама, сондай-ақ аталған жағдайларда меншік құқығының туындауын растайтын құжаттар;

7) өтініш берушінің басқа адамдарын отбасы мүшелері ретінде тану туралы сот шешімі;

8) жалақы туралы анықтама.

I топтағы өтініш беруші үшін қосымша:

1) кезектілік нөмірін немесе бірегей нөмірін (Бағдарламаға қатысуға өтініш берген сәтте) көрсете отырып, тұрғын үйге мұқтаждардың есебіне қою туралы мәліметтер;

2) "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша жеке меншік қаражаты және (немесе) қарыз қаражаты есебінен тұрғын үйді сатып алуға дайын екені туралы өтініш;

3) өтініш берушінің Заңның 67-бабында айқындалған санатқа жататынын растайтын құжаттар.

III топтағы өтініш беруші үшін қосымша:

1) өтініш берушінің және/немесе өтініш беруші жұбайының (зайыбының) мемлекеттік мекемелерде, бюджеттік ұйымдарда немесе білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік кәсіпорындарда қызметін жүзеге асырған кезде жұмыс орнынан анықтама;

2) отбасы мүшесінің мүгедектігін немесе кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрін растайтын анықтама;

3) өтініш берген күнге кемінде соңғы екі жыл және одан көп жыл Алматы немесе Астана қалаларында тұру фактісін растайтын құжат;

4) өтініш берушінің немесе оның жұбайының (зайыбының) "кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған, жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар мен балалар" мәртебесін растауына арналған құжаттар;

5) мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде "жас отбасы" санаты бойынша өтініш берілетін орын бойынша қатысу туралы және белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде салынған үйде тұрғын үй алушылардың тиісті тізіміне енгізілмегені туралы мәліметтер;

б) тұрғын үйді техникалық зерттеп-қарау жөніндегі қорытынды және тиісті ЖАО-ның шешімі.

Құжаттар ЖАО Бағдарламаның белгілі бағыты бойынша пәтерлер санын, типтерін және өткізу тәсілдерін (сату, сатып алу арқылы жалға алу, сатып алусыз жалға алу) көрсете отырып, тұрғын үйді өткізу туралы хабарландыруларды жариялаған кезде тапсырылады.

Аудан орталықтарында, қалаларда, республикалық, облыстық маңызы бар қалаларда, астанада үміткерлерден өтініштер мен құжаттар қағаз жеткізгіште қабылданады, ал электрондық-ақпараттық база іске қосылғаннан кейін тек қана "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қабылданатын болады. Ауылдық елді мекендерде, кенттерде ауылдық округтердің (ауылдардың, кенттердің) әкімдері қағаз жеткізгіште қабылдайды.

4. Бөлінетін тұрғын үй нормалары және Бағдарлама бағыттарының операторлары

1. Тұрғын үй мынадай мөлшерде және тәртіппен бөлінеді:

1) "ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" бағыты бойынша мемлекеттік (коммуналдық) жалға берілетін тұрғын үй Заңның 74-бабында белгіленген тәртіппен ЖАО толық көлемде кезекте тұрғандарға бөледі;

2) "ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй" бағыты бойынша:

5-кіші бөлімге сәйкес ЖАО қалыптастыратын I топтың пулына қатысушылар арасында – 50 %;

6-кіші бөлімге сәйкес ҚТҚЖБ қалыптастыратын II топтың пулына қатысушылар арасында – 50 %.

Топтардың арасында тұрғын үй тепе-тең мөлшерде және бірдей типті пәтерлер бөлінеді.

ЖАО мен ҚТҚЖБ арасында пәтерлерді бөлу тәртібі әрбір құрылыс объектісі бойынша ынтымақтастық туралы тиісті шартта айқындалады. Құрылыс объектісінде пәтер саны тақ болған жағдайда, бұл қалдық ҚТҚЖБ-ға бекітіледі.

I топтан Бағдарламаға қатысушылар пулын қалыптастыру кезінде өтініш берушінің табысы тиісті деңгейде расталмаған жағдайда, ЖАО қажет болған жағдайда екі реттен асырмай алдын ала тізімдегі кейінгі өтініш берушілерден іріктеу жүргізуге құқылы. Өтініш берушілер болмаған жағдайда, ЖАО бөлінбеген пәтерлерді ҚТҚЖБ-ға береді.

II топтан тұрғын үй алуға үміткерлер болмаған жағдайда, ҚТҚЖБ бөлінбеген пәтерлерді ЖАО-ға береді.

I және II топтан өтініш берушілер болмаған жағдайда, ҚТҚЖБ 6-кіші бөлімде көзделген тәртіпке сәйкес Астана және Алматы қалалары үшін 2-кіші бөлімнің 2-тармағы 2) тармақшасының және басқа өңірлер үшін 3), 4) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмейтін ҚТҚЖБ салымшылары арасында тұрғын үйлер бөлінеді;

3) ҚТҚЖБ желісі бойынша "Жас отбасы үшін тұрғын үй" бағыты бойынша 5-кіші бөлімге сәйкес ЖАО қалыптастыратын III топтың пулына қатысушылардың арасында жалға берілетін тұрғын үй толық көлемде бөлінеді;

4) "ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша 5-кіші бөлімге сәйкес ЖАО қалыптастыратын I топ пулына қатысушылар арасында жалға берілетін тұрғын үй мынадай мөлшерде бөлінеді:

1-кіші топ қатысушылары үшін 50 % ;

2-кіші топ қатысушылары үшін 50 %;

Мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін (IV топтар) жалға берілетін тұрғын үйдің көлемі "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ келісімі бойынша "ҚИК" ИҰ " АҚ-мен жасалған келісімдерге/меморандумдарға сәйкес айқындалады;

5) "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша 5-кіші бөлімге сәйкес ЖАО қалыптастыратын I топтың пулы үшін тұрғын үйді ЖАО арқылы өткізуге Жылжымайтын мүлік қоры айқындағанның 100 %-ы.

I топтан тұрғын үй алуға үміткерлер болмаған жағдайда, Жылжымайтын мүлік қоры 8-кіші бөлімге сәйкес үміткерлерді іріктеуге және тұрғын үйді бөлуге байланысты іс-шаралар жүргізеді.

2. Тұрғын үйді өткізу операторлары 7 (жеті) жұмыс күні ішінде:

1) пәтерлердің белгілі бір типтеріне үміткерлерден өтініштерді қабылдау аяқталған күннен бастап тіркеу күні мен уақытын көрсете отырып, барлық келіп түскен өтініштердің тізімін;

2) іріктеу рәсімдері аяқталған күннен бастап өтінішті тіркеу күнін, уақытын, қатысушының санатын және мұқтаждарды (I топ бойынша), баллдарды (II және III топ бойынша) есепке алу күнін көрсете отырып, пәтерлердің белгілі бір типтеріне арналған Бағдарламаға қатысушылардың түпкілікті тізімдерін өзінің интернет-ресурсында жариялай отырып, Бағдарламаға қатысушылардың өтініштерін қабылдаған сәттен бастап пәтерлерді бөлу туралы шешім қабылданғанға дейін іріктеу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

5. I және III топтардың Бағдарламаға қатысушылары үшін тұрғын үйді өткізу рәсімдері

1. ЖАО функциялары:

1) жергілікті атқарушы және өкілетті органдар, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен тұрғын үй комиссиясының жұмыс істеу тәртібін белгілеу;

2) ҚТҚЖБ, "ҚИК ИҰ" АҚ, "Бәйтерек девелопмент" АҚ, Жылжымайтын мүлік қорымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілеу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында және өздерінің интернет-ресурстарында Бағдарламаның негізгі бағыттарын кеңінен насихаттауды, сондай-ақ халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

4) "ҚИК" ИҰ" АҚ-дан, Жылжымайтын мүлік қорынан, "Бәйтерек девелопмент" АҚ-дан ақпарат алынған күнінен бастап Бағдарламаның бағыттарын, азаматтардың санаттарын, тұрғын үйдің сипаттамаларын, құжаттарды қабылдау орындарын (қажет болған жағдайда) көрсете отырып, тұрғын үйді өткізу шарттары, құжаттарды қабылдау басталатын және аяқталатын күні туралы хабарландыруларды интернет-ресурстар арқылы жариялауды 3 жұмыс күні ішінде қамтамасыз ету. Құжаттарды қабылдау мерзімін ЖАО дербес белгілейді, бірақ ол 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды;

5) ҚТҚЖБ, "ҚИК ИҰ" АҚ, Жылжымайтын мүлік қоры, "Бәйтерек девелопмент" АҚ-мен жасалған келісімдерде айқындалатын мерзімдерде I және III топтардың қатысушылары бойынша пулдардың қалыптастырылуын, бірақ аталған тармақтың 4) тармақшасына сәйкес өткізілетін тұрғын үй бойынша ақпаратты алған күнінен бастап 2 (екі) айдан кешіктірмей қамтамасыз ету;

6) 4-кіші бөлімнің 2-тармағына сәйкес Бағдарламаға қатысушылар тізімдерінің жариялануын қамтамасыз ету;

7) пулдарды қалыптастырған кезде 3-кіші бөлімнің 2-тармағында көзделген талаптардың орындалуын сақтау мақсатында Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша және өңірлерге I және III топ үміткерлерінің қатысуына мониторинг жүргізу;

8) Бағдарлама бағыттары шегінде сатып алу немесе сатып алу арқылы жалға алу арқылы тұрғын үй алған Бағдарламаға қатысушыларды тұрғын үйге мұқтаждар есебінен алып тастау;

9) "ҚИК ИҰ" АҚ тұрғын үйі", "Бәйтерек девелопмент" АҚ бағыттары бойынша Бағдарламаға қатысушылардан іріктелгендер арасында тұрғын үйді (пәтерлерді) бөлуді қамтамасыз ету және тиісті тізімдерді жіберу.

2. I топ үшін тұрғын үйді өткізу рәсімдері

ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй", "ҚИК ИҰ" АҚ тұрғын үйі", "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ және "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ның жалға берілетін тұрғын үйі бағыттары бойынша Бағдарламаның I топтағы қатысушыларын іріктеу мынадай тәртіппен пулдарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

1) тұрғын үйге мұқтаждарды есепке алудың бөлек тиісті тізімдерінде Заңның 74-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен үміткерлердің бөлек тізімдерін тиісінше қалыптастыра отырып, үміткерлерден пәтерлердің белгілі бір типтеріне берілген өтініштер мен құжаттарды қабылдау;

2) үміткерлердің Бағдарлама талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізе отырып, қатысушылар пулының үміткерлері қатарынан пәтерлер типтерінің санына мөлшерлес болатын одан кейінгі бөлек қалыптастыру, оның ішінде олардың төлем қабілеттілігін бағалау және Бағдарламаның өзге де бағыттары бойынша өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің қатысу фактілері бойынша рәсімдерден өтуі.

Қалыптастырылған тізімге сәйкес Бағдарлама талаптарына сәйкес келетін қатысушы ретінде қаралатын өтініш берушінің төлем қабілеттілігін бағалау рәсімінен өту қажеттігі туралы:

ЖАО жолдамасы алынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы институттарына;

жүргізілген бағалау нәтижелері туралы қаржы институтынан хабарлама алынған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ЖАО-ға қажетті құжаттарды ұсыну жөнінде хабардар етіледі.

Өтініш берушінің тиісті табысы расталмаған не белгіленген мерзімде хабарлама ұсынылмаған жағдайда, ЖАО алдын ала тізімдердің кейінгі өтініш берушілерінен іріктеу жүргізуге құқылы.

Бағдарлама талаптарына сәйкес келмейтін өтініш берушіге:

аталған бөлімнің 3-кіші бөлімінің 2-тармағында көзделген Бағдарлама шарттарын сақтау мақсатында Бағдарламаның өзге де бағыттары бойынша оны немесе оның отбасы мүшелерін қатысушылар тізіміне қосу фактілері анықталған жағдайда, Бағдарлама бағыттарының біреуінен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде таңдау қажеттігі туралы;

өзге нормалар бойынша Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмейтіндігі туралы хабарлама жіберіледі.

Қабылданған өтініштердің жиынтық санына әрбір бөлек тізімдегі пәтерлердің белгілі бір типіне қабылданған өтініштер санының үйлесімін айқындаудан және аталған үйлесімді өткізілетін пәтерлер санына қолданудан әрбір пулға пәтерлердің белгілі бір типінің саны шығады;

3) тұрғын үй комиссиясының шешімімен Бағдарламаға қатысушылардың түпкілікті пулын бекіту мен оларды хабардар ету және бекітілген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде бекітілген тізімдерді ҚТҚЖБ, "ҚИК" ИҰ" АҚ, Жылжымайтын мүлік қоры, "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ға тиісінше жіберу;

4) "ҚИК" ИҰ" АҚ мен "Бәйтерек девелопмент" АҚ бағыттары бойынша Бағдарламаға қатысушылар арасында тұрғын үйді (пәтерлерді) "ҚИК" ИҰ" АҚ

және "Бәйтерек девелопмент" АҚ-дан қабаттардағы пәтерлердің нөмірлері мен орналасуы бойынша толық ақпарат алынған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде бөлуді жүзеге асыру.

3. III топ үшін тұрғын үйді өткізу рәсімдері

III топ арасында Бағдарламаға қатысушыларды іріктеу мынадай тәртіппен пулдарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

1) мынадай өлшемшарттар бойынша есептелетін баллдардың ең көп саны бойынша үміткерлер тізімдерін тиісінше қалыптастыра отырып, үміткерлерден пәтерлердің белгілі бір типтеріне өтініштерді және құжаттарды қабылдау:

бірінші бала үшін – 20 балл, әрбір екінші және кейінгі балалар үшін 30 балл;

мүгедек болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын отбасының әрбір мүшесі үшін – 10 балл;

"жас отбасы" санаты бойынша мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде өтініш берілетін орын бойынша бұрын қатысқан және белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде, салынған үйден тұрғын үй алудың тиісті тізіміне енгізілмеген үміткерлер үшін – 5 балл;

жетім балалар және кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа толмаған балалар санатына жататын ерлі-зайыптылардың әрқайсысы үшін – 10 балл;

2) үміткерлердің Бағдарлама талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізе отырып, қатысушылар пулының үміткерлері қатарынан пәтерлер түрлерінің санына мөлшерлес болатын одан кейінгі бөлек қалыптастыру, оның ішінде олардың төлем қабілеттілігін бағалау және Бағдарламаның өзге де бағыттары бойынша өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің қатысу фактілері бойынша рәсімдерден өтуі.

Қалыптастырылған тізімге сәйкес Бағдарлама талаптарына сәйкес келетін қатысушы ретінде қаралатын өтініш берушінің төлем қабілеттілігін бағалау рәсімінен өту қажеттігі туралы:

ЖАО жолдамасы алынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы институттарына;

жүргізілген бағалау нәтижелері туралы қаржы институтынан хабарлама алынған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ЖАО-ға қажетті құжаттарды ұсыну туралы хабардар етіледі.

Өтініш берушінің тиісті табысы расталмаған не белгіленген мерзімде хабарлама ұсынылмаған жағдайда, ЖАО алдын ала тізімдердің кейінгі өтініш берушілерінен іріктеу жүргізуге құқылы.

Бағдарлама талаптарына сәйкес келмейтін өтініш берушіге:

аталған бөлімнің 3-кіші бөлімінің 2-тармағында көзделген Бағдарлама шарттарын сақтау мақсатында Бағдарламаның өзге де бағыттары бойынша оны немесе оның отбасы мүшелерін қатысушылар тізіміне қосу фактілері анықталған жағдайда, Бағдарлама бағыттарының бірімен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде таңдау қажеттігі жөнінде;

өзге нормалар бойынша Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмейтіндігі жөнінде хабарлама жіберіледі.

Бағдарламаға қатысушыларды Пулдарға енгізу кезектілігі жиналған балл санымен айқындалады. Үміткерлердің баллдары тең болған жағдайда, отбасындағы ерлі-зайыптылардың біреуі мемлекеттік қызметші не бюджеттік ұйымдардың және білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері болып табылатын отбасыларға басымдық беріледі;

3) тұрғын үй комиссиясының шешімімен Бағдарламаға қатысушылардың түпкілікті пулын бекіту мен оларды хабардар ету және бекітілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҚТҚЖБ-ға бекітілген тізімдерді жіберу.

6. "ҚТҚЖБ тұрғын үй желісі" (жас отбасылар және халықтың барлық санаты үшін тұрғын үй) бағыты бойынша тұрғын үйді өткізу рәсімдері

1. ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үйді өткізу тәртібі

Тұрғын үйді өткізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) "Жас отбасылар үшін тұрғын үй" бағытына қатысушылар үшін 5-кіші бөлімнің 3-тармағына сәйкес;

2) "Халықтың барлық санаты үшін тұрғын үй" бағытына қатысушылар үшін: I топ бойынша 5-кіші бөлімнің 2-тармағына сәйкес;

II топ бойынша осы қосымшаның және ҚТҚЖБ-ның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес.

ҚТҚЖБ ЖАО-мен жасалған келісімде көрсетілген құрылыс аяқталатын күнге дейін 6 (алты) айдан аспайтын мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстар арқылы II топ үшін тұрғын үйді өткізу шарттары, тұрғын үйдің сипаттамалары, құжаттарды қабылдау орындары, құжаттарды қабылдау басталатын және аяқталатын күн туралы хабарлама жариялайды.

Белгіленген мерзім ішінде ҚТҚЖБ мынадай талаптар бойынша II топ бойынша тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулдарын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) пулдар Бағдарламаға қатысу үшін берілген өтініштердің негізінде ҚТҚЖБ салымшыларының қатарынан қалыптастырылады;

2) пулдарды қалыптастырған кезде пулға қосудың басым құқығы пулға қатысушы салымшының тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шартының

бағалау көрсеткіші және/немесе өзге сапалық сипаттамасына қарай ҚТҚЖБ анықтайтын ең жоғары балл жинаған ҚТҚЖБ салымшыларында болады;

3) өтініш берушілердің осы қосымшаның 1, 2-кіші бөлімдерінде, 3-кіші бөлімнің 1, 2-тармақтарында белгіленген Бағдарламаның талаптары мен шарттарына сәйкестігі тексеріледі;

4) пулға енгізу және пәтер бөлу кезінде мынадай кезектілікпен көбірек балл санын жинаған қатысушылар арасынан басымдық айқындалады:

тұрғын үйді ҚТҚЖБ қарыздары, тұрғын үй құрылыс жинақтары және меншікті қаражат есебінен алатын сатып алушылар;

кейіннен сатып алу арқылы тұрғын үйді жалға алушылар.

2. Тұрғын үйді сатып алу тәртібі.

"Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй" бағыты бойынша Бағдарламаға қатысушылар тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін тұрғын үйді :

1) тұрғын үй, алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздары, жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары және меншікті қаражат есебінен жеке меншікке;

2) тұрғын үй қарыздары, жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары мен меншікті қаражат есебінен кейіннен сатып ала отырып, тұрғын үйді жалдау арқылы сатып алуды жүзеге асырады.

ҚТҚЖБ қарыздары, Бағдарламаға қатысушылардың меншікті қаражаты және жинақталған жинақтар сомаларының арақатынасы ҚТҚЖБ-ның ішкі құжаттарында айқындалады.

Пулға қатысушыларға қарыз беру ҚТҚЖБ ішкі талаптары бойынша және сатып алынатын пәтерлерді ҚТҚЖБ-ға кепілге беру арқылы жүргізіледі.

Тұрғын үй объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін ЖАО пулға қатысушылармен сатып алу-сату (немесе тұрғын үйді жалдау) шарттарын жасайды, тұрғын үйге деген меншік құқығын ресімдеу мен тіркеуді немесе Бағдарламаға қатысушының қаражаты есебінен жылжымайтын мүлік құқығын тіркеу жөніндегі уәкілетті органда тұрғын үйге меншік құқығын немесе жалға алу шартын ресімдеу мен тіркеуді қамтамасыз етеді.

3. Жалға алу шарттарын жасасу тәртібі және жалдау шарттары

Сатып алу арқылы жалға алудың ең ұзақ мерзімі тұрғын үй пайдалануға берілген күннен бастап 8 жылдан аспауға тиіс. Сатып алу арқылы жалға алу шарты жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу жөніндегі уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуі тиіс.

ЖАО салған және тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы сатылатын тұрғын үйді кейін сатып алу арқылы жалға алудың ерекшелігі:

1) ЖАО "ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй" бағытының тұрғын үйін жалға алушылар тізімін қалыптастырады;

2) ЖАО Бағдарламаға қатысушылармен жалдау шартын жасасады, оның ішінде мыналар көзделеді:

8 жылдан аспайтын кезеңге жалдау төлемақысын төлеу:

жас отбасылар үшін – нөлдік мөлшерлеме бойынша;

халықтың барлық санаттары үшін – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалдау үйлеріне төленетін жалдау төлемақысын есептеу әдістемесіне сәйкес, бірақ 1 шаршы метр үшін 100 теңгеден аспайтын жалдау төлемін төлеу;

коммуналдық көрсетілетін қызметтерді (электр қуаты, су, жылу) және өзге пайдалану шығыстарын жалға алушының есебінен төлеу;

жалға алушының жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу үшін және тұрғын үй құрылыс жинағы туралы шартқа сәйкес жалға алу шарты жасалған күннен бастап 8 жылға дейінгі мерзім ішінде тұрғын үй құрылыс жинақтарына жарналар жинақтау бойынша міндеттемесі;

ҚТҚЖБ-дан 3 ай ішінде тұрғын үй құрылыс жинақтарына жарналарды жинақтау бойынша төлемдердің болмауы туралы ақпарат түскен кезде ЖАО-ның жалға алушыны және оның отбасы мүшелерін жалға берілген тұрғын үйден шығару тәртібі.

Бұл жағдайда ЖАО жалға алушыны пәтерден шығарады.

Жалға алушы шарт міндеттерін орындамаған немесе ол ерікті түрде шыққан кезде ҚТҚЖБ ЖАО оның жалдамалы тұрғын үйде нақты тұрғаны үшін жалға алушы жинақтаған тұрғын үй құрылыс жинақтарынан және/немесе кепілдік жарнадан өтемақы аударады. Өтемақы сомасы жалға алу шарты жасалған күннен бастап тұрған әрбір ай үшін 8 жыл ішінде жинақ жинақтаудың стандартты талаптарында есептелген салымға ай сайынғы жарна көлемінің бір еселенген мөлшерінде есептеледі.

ЖАО жалға алушыны тұрғын үйден шығару немесе оның шығуы туралы, оның ішінде өтемақыны ЖАО аудару үшін тұрған ай саны туралы ақпаратты ҚТҚЖБ-ға береді.

Жалдамалы тұрғын үйде тұру тәртібі мен талаптары және өзге қажетті шарттар.

Жалға алу шартының және/немесе тұрғын үй құрылыс жинақ шартының талаптарын орындамаған жағдайда, ЖАО Бағдарламаға қатысушыны жалдамалы тұрғын үйден шығару рәсімін жүзеге асырады.

ЖАО жасалған тұрғын үйді жалдау шарттарының көшірмелерін ТҚЖБ-ға береді;

3) ҚТҚЖБ-ның Бағдарламаға қатысушылармен кейін сатып алу арқылы тұрғын үй жалдау, жарналар жинақтау бойынша төлемдер жасалмаған жағдайда, жалға алушыдан тұрғын үй құрылыс жинағын жинақтау бойынша

6 еселенген ай сайынғы жарна көлемінде кепілді жарна қабылдау талаптарын қамтитын тұрғын үй құрылыс жинақ шарттарына қосымша келісімдер жасау.

Бағдарламаға қатысушыда кепілді жарнаның мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары сомасы болған кезде кепілді жарнаны төлеу талап етілмейді;

4) жалға алушының пәтерге кіруі, жасалған тұрғын үй құрылыс жинақ шартына сай тұрғын үй құрылыс жинағын жинақтауды жүзеге асыруы;

5) алдыңғы жалға алушының шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе өз еркімен шығуына байланысты кейінгі жалға алушыны іріктеу 5-кіші бөлімде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

ЖАО кейінгі жалға алушы үшін тұрғын үй құнын алдыңғы жалға алушының нақты тұрғаны үшін алынған өтемақы мөлшеріне азайтады;

6) мерзімінің аяқталғаны және жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу үшін тұрғын үй құрылыс жинақтау шарттарының орындалуы бойынша жалға берілетін пәтерлерге сатып алу-сату шарттарын жасасу үшін ҚТҚЖБ тізімді ЖАО-ға жібереді;

7) ЖАО-ның Бағдарламаға қатысушылармен сатып алу-сату шарттарын рәсімдеуі және қол қоюы, банктік қарыз және кепіл шарттарын рәсімдеу үшін оларды ҚТҚЖБ-ға беруі.

7. "ҚИК" ИҰ" АҚ-тың тұрғын үйі" бағыты бойынша тұрғын үйді өткізу рәсімдері

1. Тұрғын үйді өткізу тәртібі.

"ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйлерін өткізу сатып алу арқылы жалға алу және сатып алусыз жалға алу арқылы мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ЖАО-мен жасалған ынтымақтастық туралы келісім негізінде ЖАО арқылы тұрғын үйді өткізу мынаны көздейді:

тұрғын үйді салған жағдайда, құрылыс аяқталатын күнге дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын сату бойынша сипаттамалары (саны мен алаңы, ай сайынғы жалдау төлемақысының мөлшері және әрбір пәтер үлгісі бойынша сату тәсілдері) туралы ақпаратпен "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес ЖАО арқылы сатуға белгіленген тұрғын үй-жайлардың тізімдерін ЖАО-ға жіберу;

аталған бөлімнің 5-кіші бөліміне сәйкес ЖАО-дан Бағдарламаның іріктеп алынған қатысушыларының бекітілген тізімдерін алу;

тұрғын үй пайдалануға берілген (сатып алынған) күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін ЖАО тұрғын үйді бөлмеген, ЖАО-ның үміткерлері болмаған не олар төлем қабілеттілігін растамаған және "ҚИК" ИҰ" АҚ-да бөлінбеген тұрғын

үйі болған жағдайда, "ҚИК" ИҰ" АҚ осы тұрғын үйді IV топ қатысушылары арасында бөлуге құқылы;

2) мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жасалатын келісімдер/меморандумдар аясында тұрғын үйді өткізу.

Жалдау төлемақысының мөлшері "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттарында құрылысты қаржыландыруға бөлінген қаражаттың қайтарымдылығы қағидаттары негізге алына отырып айқындалады.

Бұл ретте, мүлік салығы мен жер салығының сомасы жалдау төлемақысының мөлшеріне енгізілмейді және оны салық заңнамасында айқындалған қолданыстағы мөлшерлемелер бойынша аталған салықтарды төлеу фактісі бойынша "ҚИК" ИҰ" АҚ ұсынған хабарламалар негізінде жалға алушылар өтейді.

2. Жалға алу шарттарын жасасу тәртібі мен жалдау шарттары.

5-кіші бөлімге сәйкес іріктеуден өткен әлеуетті жалға алушыларға жалға берілетін тұрғын үйдің түрлері бойынша мынадай негізгі шарттар қамтылған жалдау шарттары жасалады:

1) сатып алу арқылы жалдау мынаны көздейді:

жалдау мерзімі – 20 жылға дейін, табыстар жеткіліксіз болған жекелеген жағдайларда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған және (немесе) кәмелет жасына толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар үшін жалға алу шартының мерзімі 30 жылға дейін ұзартылуы мүмкін;

жалға алушының жалдау төлемақысын және мүлікті күтіп-ұстау шығыстарын, оның ішінде мүлік салығын, жер салығын, коммуналдық және басқа пайдалану шығыстарын төлеуі;

5 жыл жалдау мерзімі өткеннен кейін жалға берілген тұрғын үйді "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттарында белгіленген шарттары мен сатып алу мүмкіндігі туралы шарт;

5 жыл жалдау мерзімі өткеннен кейін кемінде 6 айлық жалға алу төлемақысы мөлшерінде ішінара мерзімінен бұрын төлеу мүмкіндігі туралы шарт;

жалға алушының табысы жеткіліксіз болған жағдайда жалдау төлемақысын енгізу бойынша кепіл берушілерді тарту мүмкіндігі туралы шарт;

жалға алушының жалға алу шарты бойынша міндеттері тиісті түрде және толық орындалған кезде тұрғын үйді меншігіне беру туралы шарт;

жалдау төлемақылары енгізілмеген, сондай-ақ жалға алу шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда, жалға алушыны және оның отбасы мүшелерін жалға берілген тұрғын үйден шығару тәртібі;

жалға алушының жалға берілген тұрғын үйді жөндеуі туралы шарт.

2) сатып алусыз жалға алу мынаны көздейді:

Бағдарламаға қатысушы еңбек ету қабілетін жоғалтқан жағдайда, сондай-ақ көп балалы отбасыларға және тұрғын үй комиссиясы дербес қарайтын өзге жағдайларда кейіннен мерзімін 5 жылға ұзарту мүмкіндігімен жалға алу мерзімі – 10 жылға дейін;

индекстеу кезіндегі инфляция коэффициентіне сәйкес жалдау төлемақысын үш жылда 1 (бір) рет индекстеу;

жалға алушының жалдау төлемақысын және мүлікті күтіп-ұстау шығыстарын , оның ішінде мүлік салығын, жер салығын, коммуналдық және басқа да пайдалану шығыстарды төлеуі;

жалға алушының табысы жеткіліксіз болған жағдайда, жалдау төлемақысын енгізу бойынша кепіл берушілерді тарту мүмкіндігі туралы шарт;

жалға алушының жалға берілген тұрғын үйді жөндеуі туралы шарт;

жалға алушының тұрған жерінен көшуі, тұрғын үй сатып алуы, коммуналдық тұрғын үй немесе сатып алу арқылы жалға берілетін тұрғын үй алуы туралы ақпарат түскен жағдайда, тұрғын үйге мұқтаждар есебінен алып тасталған, жалдау төлемақысын жасамаған және шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайларда жалға алушыны және оның отбасы мүшелерін жалға берілетін тұрғын үйден шығару тәртібі.

"ҚИК" ИҰ" АҚ жалға беру мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) ай қалғанда жалға алушы ұсынған тұрғын үйге мұқтаждығын растайтын құжаттардың және/немесе шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жалға алушының коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алғаны туралы ЖАО ақпаратының негізінде жалға алу шартын ұзартудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жұмыскерлері үшін (IV топқа қатысушы) жалға алу шарттарын жасасу тәртібі және жалдау шарттары "ҚИК" ИҰ" АҚ-мен жасасқан келісімдерге/меморандумдарға сәйкес айқындалады.

3. "ҚИК"ИҰ" АҚ:

1) Бағдарламаға қатысушылармен (жалға алушылармен) жалға алу шартын жасасады;

2) тұрғын үйді жалға береді;

3) ай сайынғы жалдау төлемақыларын қабылдауды және оларға мониторингті жүзеге асырады;

4) жалға алушы сатып алу арқылы жалға алу шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда жалға берілетін тұрғын үйді оның меншігіне береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, "ҚИК"ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттары мен жалға алу шарттарына сәйкес өзге де іс-шараларды жүзеге асырады.

4. Бағдарламаға қатысушылар:

1) әлеуетті жалға алушылар тізіміне енгізілген кезде "ҚИК"ИҰ" АҚ-мен тиісті жалға алу шарттарын жасасады;

2) жылжымайтын мүлік құқығын тіркеу жөніндегі уәкілетті органда жалға алу шартының міндетті мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етеді;

3) тұрғын үйді жалға алады;

4) ай сайынғы жалдау төлемақыларын, мүлікті күтіп-ұстау шығыстарын, оның ішінде мүлік салығын, жер салығын, коммуналдық және басқа пайдалану шығыстарын төлеуді жүзеге асырады;

5) "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттарына және жалға алу шарттарына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындайды.

8. "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ тұрғын үйі" бағыты бойынша тұрғын үйді өткізу рәсімдері

Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үйлерді және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды өткізуді жалға беру, сатып алу арқылы жалға беру және тікелей сату арқылы мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1. Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын үйлерді ЖАО арқылы өткізуді:

1) ЖАО-мен тұрғын үйлерді бөлу жөніндегі ынтымақтастық туралы үлгі келісімге қол қою;

2) құрылыс аяқталатын күнге дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын сату бойынша сипаттамалары (саны мен алаңы, ай сайынғы жалдау төлемақысының мөлшері және әрбір пәтер үлгісі бойынша өткізу тәсілдері) туралы ақпаратпен Жылжымайтын мүлік қорының ішкі құжаттарына сәйкес ЖАО арқылы өткізу белгіленген тұрғын үй-жайлардың тізімдерін ЖАО-ға жіберу;

3) тиісті қаржы институттарына Жылжымайтын мүлік қорының ішкі қағидаларында айқындалатын жалдау төлемақысының ең жоғары сомасын есептеу әдістемесін жіберу;

4) 5-кіші бөлімде көзделген мерзімде және тәртіппен Бағдарламаның іріктелген үміткерлерінің бекітілген тізімдерін ЖАО-дан алу;

5) ЖАО ұсынған тізімдердегі реттік нөмірімен айқындалатын кезектілікке сәйкес үміткерлерге пәтер таңдау мүмкіндігін, оның ішінде аффилиирленген компаниялардың беруі, оларға тұрғын үйлерді бекітіп беру және шарттары Жылжымайтын мүлік қорының ішкі қағидаларында айқындалатын сатып алу арқылы жалға алу немесе сатып алусыз жалға алу шарттарын жасасу.

2. Жылжымайтын мүлік қоры (аффилиирленген компания) тұрғын үй-жайларды бөлуде ЖАО пулынан жеке тұлғаға:

1) ай сайынғы жалдау төлемақыларын төлеу үшін төлем қабілеттілігі жеткілікті болмаған;

2) сатып алу арқылы жалға алу шартын жасасқан кезде кепілді жарнаның қажетті сомасын немесе сатып алу-сату шартын жасау үшін қажетті қаражат сомасын төлемеген;

3) ЖАО тізімі бекітілген күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күн мерзімде талап етілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда бас тартуға құқылы.

Жылжымайтын мүлік қоры ЖАО сатып алу-сату немесе жалға алу шарттарын жасасудан бас тартылған адамдар туралы тиісті ақпаратты жібереді.

3. Жылжымайтын мүлік қорының ЖАО арқылы сатуға белгіленбеген тұрғын үйі, сондай-ақ осы кіші бөлімнің 1) тармақшасына сәйкес бөлінбеген және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайлар Жылжымайтын мүлік қорының ішкі қағидаларына сәйкес өткізілуге жатады.

Сатып алу арқылы жалға берілетін тұрғын үйді бөлу тұрғын үйі жоқ немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж адамдарға басым құқық беру қағидаты сақтала отырып жүргізіледі.

4. Жалдау төлемақысының мөлшері Жылжымайтын мүлік қорының құрылысын қаржыландыруға және қаржылық орнықтылығына бөлінген қаражаттың қайтарымдылығы қағидаттарын негізге ала отырып айқындалады.

Жылжымайтын мүлік қоры (Жылжымайтын мүлік қорының аффилиирленген компаниясы) мен жалға алушының арасында сатып алу арқылы жалға алу шарты жасалады. Бұл ретте сатып алу арқылы жалға алу шартында жалға алушының үй-жайды мерзімінен бұрын жеке меншігіне сатып алу құқығы көзделуі мүмкін.

Жеке тұлғалар өздерінің тұрғын үй-жайды сатып алу, оның ішінде сатып алу арқылы жалға алу шартымен сатып алу құқығын бір реттен асырмай қолдана алады.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу арқылы тұрғын үй-жайларды өткізуі 15 жылға дейін жүзеге асырылады. Жалға алушыны сатып алу арқылы тұрғын үйді жалға алу шарты бойынша өзінің міндеттемелерін толық орындағаннан кейін Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй-жайды жалға алушының жеке меншігіне беретін болады.

Сатып алу арқылы жалға алу шарты жалға алушының жалдау төлемақыларын, мүлік салығын, жер салығы мен мүлікті күтіп-ұстау шығыстарын, оның ішінде коммуналдық және өзге де пайдалану шығыстарын төлеуін көздейді.

Бұл ретте, мүлік салығы мен жер салығының сомасы жалдау төлемақысының мөлшеріне қосылмайды және салық заңнамасында белгіленген қолданыстағы мөлшерлемелер бойынша аталған салықтарды төлеу фактісі бойынша Жылжымайтын мүлік қоры ұсынған хабарламалар негізінде жалға алушылар өтейді.

9. "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ның кредиттік және жалға берілетін тұрғын үйді өткізу рәсімдері

1. ЖАО-ның кредиттік тұрғын үйі мен "Бәйтерек" девелопмент" АҚ кредиттік тұрғын үйін өткізу "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың

2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалады.

2. "Бәйтерек девелопмент" АҚ-ның жалға берілетін тұрғын үйін өткізуді тұрғын үйді өткізу көлемі және ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін жалға беру немесе сатып алу арқылы жалға бере отырып өткізу тәсілдері бойынша ынтымақтастық туралы жасалған келісімнің негізінде мынадай тәртіппен ЖАО жүзеге асырады:

1) пайдалануға берілген күнге дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын өткізу бойынша сипаттама туралы ақпаратпен (саны және ауданы, ай сайынғы жалдау төлемақыларының көлемі және пәтерлердің әр түрі бойынша өткізу тәсілі) ЖАО арқылы өткізуге айқындалған тұрғын үй-жайлардың тізімі ЖАО-ға жолданады;

2) аталған бөлімнің 5-кіші бөліміне сәйкес Бағдарламаның іріктелген үміткерлерінің бекітілген тізімдерін ЖАО-дан алу;

3) "Бәйтерек" девелопмент" АҚ ішкі құжаттарында жалдау шарттары, оның ішінде мынадай негізгі шарттар айқындалады:

сатып алу арқылы жалға алу мерзімі 20 жылға дейін, кепілді жарнаны енгізу және сатып алу арқылы жалға алу шарты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап жалға берілетін тұрғын үйді мерзімінен бұрын сатып алу құқығын беру;

сатып алусыз жалға алу мерзімі 10 жылға дейін, кепілдік жарнаны енгізу;

табысты растау кезінде "Бәйтерек девелопмент" АҚ шотына 3 (үш) айлық жалдау төлемақысы мөлшерінде кепілді жарнаны енгізу;

табысты растамаған және (немесе) қатысушыда күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен артық қолданыстағы қарыздың біреуі бойынша өтелмеген берешек болған кезде "Бәйтерек девелопмент" АҚ шотына 6 (алты) айлық жалдау төлемақысы мөлшерінде кепілді жарнаны енгізу;

жалға алушының жалдау төлемақыларын, мүлік салығын, жер салығын, коммуналдық және басқа да пайдалану шығыстарын төлеу.

Бұл ретте, мүлік салығы мен жер салығының сомасы жалдау төлемінің мөлшеріне қосылмайды және салық заңнамасында белгіленген қолданыстағы мөлшерлемелер бойынша аталған салықтарды төлеу фактісі бойынша ұсынған хабарламалар негізінде жалға алушылар өтейді.

3. Тұрғын үй құрылысының тетіктері

1. ЖАО-ның "ЖАО кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" және "ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй" бағыттары бойынша тұрғын үй салу тетіктері

1. Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру шарттары:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттен ЖАО-ға: ҚТҚЖБ желісі бойынша "Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй" бағытын іске асыру үшін жылдық 0,01 % мөлшерлеме бойынша кредиттер;

ҚТҚЖБ желісі бойынша "ЖАО кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" және "Жас отбасылар үшін тұрғын үй" бағыттарын іске асыру үшін нысаналы трансферттер;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және сатып алуға нысаналы трансферттер бөледі;

2) алынған қаражат фактісі бойынша және жалға алушы мерзімінен бұрын сатып алған немесе жалға алу мерзімі аяқталған соң жасалған жалға алу шарттары бойынша Бағдарламаға қатысушымен жасалған сатып алу-сату шарттарына сәйкес ЖАО-ның қаражатты республикалық бюджетке қайтаруын қамтамасыз етуді көздейтін кредиттік шарттардың талаптарына сәйкес "Халықтың барлық санаттарына арналған тұрғын үй" бағыты бойынша ЖАО-ның бюджеттік кредитті өтеуі;

3) тұрғын үй және ИКИ құрылысы кезінде ЖАО әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (бұдан әрі – ӘКК) тарта алады. Жобалар ӘКК арқылы іске асырылған жағдайда ЖАО бағыттарға байланысты тиісінше тұрғын үй құрылысын жүзеге асыру үшін ӘКК-ке бюджеттік кредит немесе нысаналы трансферт бөледі.

2. ЖАО-ның тұрғын үй салу тетігі:

"ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" бағыты бойынша жобалау, салу, реконструкциялау және (немесе) жеке құрылыс салушылардан дайын тұрғын үйді сатып алу;

ынтымақтастық жөніндегі ниеттер туралы жасасқан келісімдер шеңберінде "ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй" бағыты бойынша жобалау, салу, реконструкциялау және (немесе) жеке құрылыс салушылардан дайын тұрғын үйді сатып алу. ЖАО мен ҚТҚЖБ-ның өзара іс-қимыл жасау тәртібі осы бөлімнің 2-кіші бөлімінің 1-тармағында көрсетілген;

ИКИ жобалау, дамыту және жайластыру, сондай-ақ жеке құрылыс салушылардан ИКИ сатып алу (тұрғын үй объектісінің сыртқы желілерге, орамшілік және магистральдық жүйелерге қосылу нүктесіне дейін тұрғын үй объектісінің ішкі желілерін, ауланың ішіндегі аумақты абаттандыруды қоспағанда);

бекітілген бас жоспарларға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына және елді мекендерде құрылыс салу қағидаларына сәйкес құрылысқа берілген жер учаскелерін айқындау және оларға ИКИ жүргізу.

3. Жобаларға қойылатын талаптар және бағалық бағдарлар.

1) Жайлылық деңгейі бойынша тұрғын үйлер:

"ЖАО кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" бағыты бойынша – 4-сыныпты;
"ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй" бағыты бойынша – 3 және 4-сыныпты болуға тиіс.

Тұрғын үйлердің алаңы 35-тен 75 шаршы метрге дейін болуға тиіс.

2) Құрылыстың бағалық параметрлері.

"ЖАО кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй" бағыты бойынша жайлылығы 4-сыныпты тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салудың және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алудың құны өңірлерде 90 мың теңгеден аспайды (инженерлік желілердің құнын және өңірдің сейсмикалығын есептемегенде) және Астана мен Алматы қалаларында 120 мың теңгеге дейін (инженерлік желілердің құнын есептемегенде) болады.

"ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй" бағыты бойынша таза әрленген тұрғын үйдің 1 шаршы метрі үшін сату бағасы:

жайлылығы 4-сыныпты тұрғын үй – Астана және Алматы қалаларында – 120 мың теңгеге дейін (инженерлік желілердің құнын есептемегенде), Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында – 110 мың теңгеге дейін (инженерлік желілердің құнын есептемегенде), қалған өңірлерде – 90 мың теңгеге дейін (инженерлік желілердің құнын есептемегенде және өңірдің сейсмикалығын есептемегенде);

жайлылығы 3-сыныпты тұрғын үй – Астана және Алматы қалаларында – 142,5 мың теңгеге дейін (инженерлік желілердің құнын есептемегенде), Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында – 115 мың теңгеге дейін (инженерлік желілердің құнын есептемегенде), қалған өңірлерде (инженерлік желілердің құнын есептемегенде және өңірдің сейсмикалығын есептемегенде) – 100 мың теңгеге дейін құрайтын болады;

Алматы қаласының шекарасына іргелес жатқан Алматы облысының аумағында қала құрылысын ерекше реттеу аймағында таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін баға Алматы қаласы бойынша жайлылығы 3 және 4-сыныпты тұрғын үйдің бағасы ұқсас бағада көзделеді. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағы "Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары туралы (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1097 қаулысында айқындалған.

Жоғары сейсмикалы аудандар үшін тұрғын үйдің бір шаршы метрін салу құнына мынадай түзету коэффициенттері рұқсат етіледі:

10 балл – 1,27;

9 балл – 1,22;

8 балл – 1,16;

7 балл – 1,1.

Тұрғын үй құрылысы ауданының сейсмикалығы "Сейсмикалық аудандардағы құрылыс" Қазақстан Республикасының 2.03-30-2006 ҚНЖЕ-ге сәйкес айқындалады.

Өңірлер бойынша тұрғын үйдің жалпы алаңының бір шаршы метрінің түпкілікті құны тұрғын үйлердің жобалау-сметалық құжаттамасына (бұдан әрі – ЖСҚ) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының негізінде айқындалады.

Өңірлер бойынша тұрғын үйдің жалпы алаңының бір шаршы метрінің түпкілікті құны сейсмикалық түзету коэффициенттерін ескере отырып, осы кіші бөлімде көрсетілген бағалық параметрлерден аспауға тиіс.

Тұрғын үй құрылысының құнынан асатын шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Құрылыстың құнына инфляция коэффициентін қолдануды ескере отырып, тұрғын үй салуға арналған шығындар республикалық бюджеттен жоспарланады.

3) Тұрғын үйді реконструкциялау кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының негізінде ЖСҚ-да белгіленген қаражат шегінде жүзеге асырылады. Тұрғын үйді реконструкциялаған жағдайда бір шаршы метрдің құны Бағдарлама шеңберіндегі жаңа тұрғын үй құрылысы құнының 60 %-ынан аспауға тиіс.

4) Бағдарлама бойынша тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салудың баға параметрлерін сақтау және тұрғын үй құрылысы көлемін ұлғайту мақсатында мердігерлік құрылыс ұйымдарымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарын пайдалануға болады.

Осыған байланысты, ЖАО объектілерді жобалау кезінде жапсарлас салынған сауда және кеңсе алаңдарын және/немесе қосымша қабаттарды көздей алады, олардың құрылысын қаржыландыруды мердігерлік құрылыс ұйымдары өз бетінше жүзеге асырады және кейін сатуға құқылы.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидатын іске асырған кезде ЖАО алаңдарды және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен салынып жатқан үй-жайлардың құнын меншікті қаражат есебінен салынып жатқан үй-жайлардан бөле отырып, кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындыларын ресімдейді, сондай-ақ конкурс шарттарында мердігерлік құрылыс ұйымдарының сауда және кеңсе алаңдары, қосымша қабаттар бөлігінде жобалауға арналған шығындарды өтеуін, тұрғын, сауда және кеңсе алаңдарын пайдалануға жеке енгізуін көздейді.

Бұл ретте, ЖАО және мердігерлік құрылыс ұйымдары бекітілген және келісілген жұмыстар жүргізу кестесіне сәйкес құрылысты қаржыландыруды жүзеге асырады.

2. ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй

1. ЖАО мен ҚТҚЖБ арасындағы өзара іс-қимыл жасау тәртібі.

1) ЖАО мен ҚТҚЖБ құрылыстың әрбір объектісі және Бағдарламаның бағыты, оның ішінде "Халықтың барлық санаттарына арналған тұрғын үй" бағыты бойынша пулдарды қалыптастыруға қатысты ынтымақтастық туралы шартқа қол қояды, атап айтқанда:

құрылыс аяқталғанға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей I топтың өтініш берушілерінің тізімін ұсыну мерзімі бойынша;

алдын ала тізімнен кейінгі үміткерлерді ұсыну рәсімдері және үміткерлердің төлем қабілеттілігіне бағалау жүргізу мерзімі бойынша;

құрылыс объектісіндегі бөлінбеген пәтерлерді беру тәртібі бойынша;

Бағдарламаның басқа бағыттарының тізіміне енгізілген қатысушылар бойынша ақпарат алу және алмасу;

тұрғын үйді сатып алу-сату және сатып алу арқылы жалға алу шарттарының үлгі нысандарын келісу;

ҚТҚЖБ объектілерді салу барысын мониторингтеуі;

ЖАО-ның тұрғын үйдің пайдалануға берілуін қамтамасыз етуі;

тұрғын үй құрылысы объектілерінің пайдалануға беруге дайындығы туралы ҚТҚЖБ-ге хабарлау және салынған тұрғын үй объектілерін пайдалануға қабылдауда ҚТҚЖБ-ның қатысуы;

2) ҚТҚЖБ II топтағы қатысушылар арасында сатып алушылар мен жалға алушылардың пулдарын қалыптастырады, ЖАО I және III топтағы қатысушылар арасында сатып алушылар мен жалға алушылардың пулдарын қалыптастырады;

3) ЖАО тұрғын үйді салуды және пайдалануға беруді қамтамасыз етеді;

4) ҚТҚЖБ сатып алынатын пәтерлердің төлемі есебінен I, II және III топтардағы қатысушылардан Бағдарламаға қатысушылардың жинаған және/немесе меншікті қаражатынан қарыз сомасын ЖАО-ға аударуды жүзеге асырады.

2. ҚТҚЖБ қаражатын Бағдарламаға қатысушыларға қарыз беру үшін пайдалану.

2011 жылы ҚТҚЖБ жарғылық капиталы 57 млрд. теңге сомаға ұлғайтылып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы № 672 қаулысымен мынадай бағыттарға қайта бөлінді:

1) екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – ЕДБ) шартты депозиттер орналастыруға – 6 млрд. теңге;

2) 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға қатысушылардың тұрғын үй сатып алуы үшін жылдық 4 % сыйақы мөлшерлемесі бойынша алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге – 26 млрд. теңге;

3) алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетуге – 25 млрд. теңге.

Сондай-ақ, 2012 жылы "Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй" бағыты бойынша Бағдарламаға қатысушыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін ҚТҚЖБ-ге 12,2 млрд. теңге сомасында бюджеттік кредит бөлінді.

Көрсетілген лимит шеңберінде кредиттік тұрғын үй сатып алу кезінде "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары мен I топтағы Бағдарламаға қатысушыларына алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге жол беріледі.

Бұл ретте, алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ арқылы "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қатысушыларына беру үшін ҚТҚЖБ кредиттік тұрғын үй сатып алуға 22 млрд. теңге мөлшерінде қаражат берілді.

3. "ҚИК" ИҰ" АҚ тұрғын үйі

"ҚИК" ИҰ" АҚ жалға берілетін тұрғын үйлер құрылысын ұйымдастыруды жүргізеді және/немесе үшінші тұлғалардан тұрғын үй құрылыс объектілерін (салынып жатқан, құрылысы аяқталмаған, салынған және пайдалануға берілмеген , салынған және пайдалануға берілген (дайын тұрғын үй) тұрғын үй объектілерін) сатып алады.

"ҚИК" ИҰ" АҚ жалға берілетін тұрғын үйлерді өткізуді екі бағыт бойынша іске асырады:

1) сатып алу арқылы жалға берілетін тұрғын үй;

2) сатып алусыз жалға берілетін тұрғын үй.

1. Құрылысты қаржыландыру тетігі.

Жалға берілетін тұрғын үйлер құрылысын (сатып алуды) қаржыландыру Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты, "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның меншікті қаражаты және басқа да қаржы көздері есебінен мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның жалға берілетін тұрғын үйін салуды (сатып алуды) қаржыландыру үшін:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан 115 млрд. теңге сомасындағы облигациялық қарыз, оның ішінде 2015 жылы – 92,5 млрд. теңге, 2016 жылы – 22,5 млрд. теңге;

2016 жылы республикалық бюджеттен жылдық 0,1 % сыйақы мөлшерлемесімен 30 жыл мерзімге 19,1 млрд. теңге сомасында бюджеттік кредит ;

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және оның еншілес ұйымдарының тұрғын үйлері салынатын (сатып алынатын) аудандарда инженерлік желілерді жобалауға,

салуға және (немесе) сатып алуға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 35 млрд. теңге сомасында нысаналы даму трансферттерін, оның ішінде 2015 жылы – 17,5 млрд. теңге және 2016 жылы – 17,5 млрд. теңге бөледі.

2) "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ "ҚИК" ИҰ" АҚ-ға 134,1 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 92,5 млрд. теңге, 2016 жылы – 41,6 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қаражатын береді.

Тұтастай алғанда, жалға берілетін тұрғын үйлер салуды (сатып алуды) қаржыландыруға 239,1 млрд. теңгеге дейін жұмсау жоспарлануда, оның ішінде:

1) Ұлттық қордың қарыз қаражаты – 115 млрд. теңге;

2) бюджеттік кредиттеу тетігі арқылы республикалық бюджеттен бөлінген қарыз қаражаты – 19,1 млрд. теңге;

3) 2017 – 2019 жылдары облигацияларды орналастырудан тартылған "ҚИК" ИҰ" АҚ меншікті қаражаты – 50 млрд. теңге;

4) 2013 – 2014 жылдары "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат – 29,2 млрд. теңге;

5) басқа да көздер, оның ішінде 2017 – 2019 жылдары 25,8 млрд. теңге мөлшерінде бөлінген қаражаттарды, сондай-ақ жалдау төлемақысын өтеуден және қаржыландырудың өзге де көздерінен алынған қаражатты қайтадан пайдалану.

Жер учаскелерінің, ЖСҚ, ИКИ болуына қарай және дайын тұрғын үй объектілерін өткізу туралы ұсыныстарды ескере отырып, Бағдарламаны іске асыру процесінде жалға берілетін тұрғын үйді салуға (сатып алуға) бөлінген қаражатты қайта бөлуге жол беріледі.

Бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізу мақсатында осы кіші бөлімде көзделген әртүрлі қаржыландыру көздерінің қаражаты есебінен тұрғын үй құрылысының жобаларын қаржыландыруға, оның ішінде құрылыстың барлық кезеңдерінде құрылысқа байланысты жобалау-ізвестіру жұмыстары бойынша, ЖСҚ әзірлеуге (түзетуге), құрылыс-монтаж жұмыстарына, авторлық және техникалық қадағалау мен өзге де шығыстарға рұқсат етіледі.

"ҚИК" ИҰ" АҚ "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасы шеңберінде салынған (салынып жатқан) тұрғын үйдің құрылысы мен оны өткізуді осы кіші бөлімде көзделген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырады. Бұл ретте, "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасы шеңберінде ұсынылған қаражат есебінен басталған жобалардың құрылысын осы кіші бөлімде көзделген әртүрлі қаржыландыру көздері есебінен аяқтауға рұқсат етіледі. Бұдан басқа, "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат есебінен "ҚИК" ИҰ" АҚ келтірген шығындар, оның ішінде "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның

еншілес (тәуелді) ұйымдары келтірген шығындар, жобалау-іздістіру жұмыстарына, ЖСҚ әзірлеуге жұмсалған шығыстар осы кіші бөлімде көзделген сомалар шегінде әртүрлі қаржы көздері есебінен, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен іске асырылатын жобалардың өзіндік құнына жатқызылатын болады.

Осы мақсаттарда "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтудың қаржы-экономикалық негіздемесіне тиісті түзетулер енгізілетін болады.

2. ЖАО-ның жер учаскелерінде тұрғын үй салуға қойылатын шарттар мен талаптар:

1) ЖАО "ҚИК" ИҰ" АҚ-ға жалға берілетін тұрғын үйлер салу үшін ИКИ және қайта қолдану үшін ЖСҚ (бар болса) қолданыстағы жер учаскелерін береді;

2) "ҚИК" ИҰ" АҚ ЖАО-мен әрбір құрылыс объектісі бойынша ынтымақтастық туралы жеке келісім жасасады, ол келісімде ИКИ жүргізу және жайластыру мерзімдері, абаттандыру, Бағдарламаға қатысушыларды іріктеудің және есепке алудың шарттары, жалға берілетін (сатып алу арқылы және сатып алусыз) тұрғын үйлерді беру тетіктері көрсетіледі.

3. "ҚИК" ИҰ" АҚ осы кіші бөлімнің 5-тармағының талаптарына және "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үй объектілерінің құрылысын ұйымдастырады, оның ішінде:

1) ЖСҚ-ны әзірлеуге тендер өткізеді және кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге, мердігерлік құрылыс-монтаждау ұйымдарын (бұдан әрі – мердігер) айқындауға тендер өткізеді;

3) өткізілген тендерлердің қорытындылары бойынша мердігерлермен тиісті шарттар жасасады;

4) жалға беруге жататын тұрғын үйдің құрылысын қаржыландырады;

5) жалға беруге жататын тұрғын үй құрылысының процесін және кезеңдерін бақылайды;

6) құрылыстың барлық кезеңдерінде техникалық және авторлық қадағалауды қамтамасыз етеді;

7) жалға беруге жататын тұрғын үйлердің құрылысы аяқталғаннан және белгіленген тәртіппен құқық белгілейтін құжаттар ресімделгеннен кейін мердігерлер пайдалануға берген объектілерді қабылдауды қамтамасыз етеді;

8) Бағдарламаны іске асыру барысында туындайтын өзге іс-шараларды жүзеге асырады.

"ҚИК" ИҰ" АҚ-ның жеке инвесторлармен бірлесіп, оның ішінде

ЖАО-мен келісіп, Бағдарламаның талаптарына сәйкес келетін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және "ҚИК" ИҰ" АҚ ішкі құжаттарына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарының негізінде

, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерге шартты депозит орналастыру жолымен қаржыландыру арқылы тұрғын үйлер құрылысына (қоса қаржыландыруға) қатысуға құқығы бар.

"ҚИК" ИҰ" АҚ 2015 жылы жалға берілетін тұрғын үй салуға және сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражат есебінен Алматы қаласындағы Атлетика ауылы объектілерінің 2017 жылғы Универсиада аяқталғаннан кейін тұрғын үйлерді Бағдарламаның шарттарына сәйкес жалға өткізу үшін жалпы алаңы кемінде 86 033 шаршы метр тұрғын үй бөлігін қаржыландыруға, сондай-ақ құрылыс барысында көрсетілген қызметтер үшін, оның ішінде техникалық және авторлық қадағалау мен тұрғын үй құрылысына байланысты өзге де шығыстарды төлеуге құқылы.

4. "ҚИК" ИҰ" АҚ үшінші тұлғалардан, оның ішінде инвестициялық стратегиялық жобалар (стратегиялық жобалар) шеңберінде осы кіші бөлімнің 5-тармағында белгіленген жобаларға қойылатын талаптарға және "ҚИК" ИҰ" АҚ ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үй құрылысының объектілерін (салынып жатқан, құрылысы аяқталмаған, салынған және пайдалануға берілмеген, салынған және пайдалануға берілген (дайын үйлер) тұрғын үй объектілерін, оның ішінде жапсарлас салынған коммерциялық алаңдар мен қосымша қабаттарды) сатып алуға құқығы бар.

5. Жобалар мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1) сатып алу арқылы жалға берілетін тұрғын үйдің (пәтердің және (немесе) бір қабатты жеке тұрғын үйдің) жалпы алаңы 80 шаршы метрден аспауға тиіс, 5 %-дан аспайтын ауытқуға жол беріледі.

2015 жылы "ҚИК" ИҰ" АҚ белгіленген шектердің жалпы алаңнан ауытқуы 20 %-дан аспайтын салынып жатқан, оның ішінде Атлетика ауылының тұрғын үй объектілерін сатып алу арқылы жалға берілетін құрылысы аяқталмаған, салынған және пайдалануға берілмеген, салынған және пайдалануға берілген (дайын тұрғын үйлер) тұрғын үй объектілерін сатып алуға Ұлттық қордан бөлінетін қаражаттың 30 %-ынан аспайтын көлемін жұмсайды;

2) таза әрленген тұрғын үйді салудың және (немесе) сатып алудың баға параметрлері.

Таза әрленген тұрғын үйдің (пәтердің және (немесе) бір қабатты жеке тұрғын үйдің) жалпы алаңының 1 шаршы метрін салудың базалық құны жобалау-іздістіру жұмыстарының, авторлық және техникалық қадағалау жүргізуді ұйымдастыру және құрылыстың барлық кезеңдерінде тұрғын үй құрылысына байланысты өзге де шығыстарды қоса алғанда, инфляция коэффициентіне сәйкес бағаларды жыл сайын түзетумен немесе құрылыстағы

баға индексін өзгертумен Астана және Алматы қалаларында 185 мың теңгеге дейінгі (ИКИ құнын есептемегенде), қалған өңірлерде 150 мың теңгеге дейінгі соманы (ИКИ құнын есептемегенде) құрайды.

Таза әрленген тұрғын үйді (пәтердің және (немесе) жеке тұрғын үйді) салу құны тұрғын үйлердің ЖСҚ-на жасалған кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының негізінде және (немесе) тиісті аттестаты бар сарапшылардың қорытындысының негізінде айқындалатын болады.

Таза әрленген тұрғын үйдің (пәтердің және (немесе) бір қабатты жеке тұрғын үйдің) жалпы алаңының 1 шаршы метрін сатып алудың (сатып алынатын) базалық құны инфляция коэффициентіне сәйкес бағаларды жыл сайын түзетумен немесе құрылыстағы баға индексінің өзгеруімен Астана және Алматы қалаларында 200 мың теңгеге дейінгі (ИКИ құнын есептемегенде), қалған өңірлерде 165 мың теңгеге дейінгі (ИКИ құнын есептемегенде) соманы құрайды.

Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы ауылында таза әрленген тұрғын үйдің (пәтердің және (немесе) бір қабатты жеке тұрғын үйдің) 1 шаршы метрін салудың және/немесе сатып алудың (сатып алынатын) базалық құны Астана қаласы бойынша тұрғын үйдің бағасына ұқсас белгіленеді.

Алматы қаласының шекарасына іргелес Алматы облысының аумағында қала құрылысын ерекше реттеу аймағында таза әрленген тұрғын үйдің (пәтердің және (немесе) бір қабатты жеке тұрғын үйдің) 1 шаршы метрін салудың және/немесе сатып алудың (сатып алынатын) базалық құны Алматы қаласы бойынша тұрғын үйдің бағасына сәйкес белгіленеді. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағы " Алматы қаласының қала маңы аймағының Бас жоспары туралы (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы

№ 1097 қаулысында айқындалған.

3) Жеке инвесторлармен бірлесіп (қоса қаржыландыру жағдайында), оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарымен немесе екінші деңгейдегі банктерде қаражатты негізделген депозитте орналастыру арқылы ұйымдастырылатын тұрғын үй құрылысының жобалары осы тармақтың 1), 2) тармақшаларының талаптарына және мынадай шарттарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады:

жеке инвестордың меншік құқығында жер учаскесінің, бас жоспарға және елді мекенді егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес тиісті ИКИ-мен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілуі жоспарланған, ауыртпалықтан бос тиісті нысаналы тағайындаумен тексеріп қарау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу және/немесе құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау үшін берілген жер пайдалану немесе жер учаскесінің болуы;

кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттаманың болуы;

жеке инвестордың жер учаскесін кепіл түрінде қамтамасыз етуді, аяқталмаған құрылыс пен жобалау-сметалық құжаттаманы ұсынуға келісімі;

"ҚИК" ИҰ" АҚ ішкі құжаттарында белгіленген өзге де талаптар.

Жеке инвесторлар ұсынған тұрғын үй құрылысының жобаларын іріктеу және қарау "ҚИК" ИҰ" АҚ ішкі рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте, "ҚИК" ИҰ" АҚ құрылыс салушымен шарттық қатынастарда айқындалатын тұрғын үй бөлігінің құрылысын қоса қаржыландыру бөлігінде тұрғын үй құрылысының жобаларына қатысады.

4) Құрамдас коммерциялық алаңдары және/немесе қосымша қабаттары бар объектілерді жобалауға жол беріледі, олардың құрылысын қаржыландыруды мердігерлік құрылыс ұйымдары/жеке инвестор дербес не "ҚИК" ИҰ" АҚ меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырады. Бұл ретте, "ҚИК" ИҰ" АҚ бөлетін қаражатына жеке инвестордың қаражаты есебінен салынатын үй-жайлардың алаңдарын және құнын бөле отырып, ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындыларын алады, сондай-ақ конкурс шарттарында жеке инвестордың жобалауға, тұрғын үй, коммерциялық алаңдарды жеке-жеке пайдалануға беру шығындарын өтеу көзделеді.

6. "ҚИК" ИҰ" АҚ-ның Бағдарлама шеңберінде қойылған міндеттерді іске асыру үшін еншілес ұйымдар құруға немесе Бағдарлама шарттарымен "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарын тартуға құқылы. Бұл ретте, аталған ұйымдармен және Бағдарламаны іске асыру шарттары бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібі тиісті шарттармен регламенттеледі.

4. "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ-ның тұрғын үйі

Осы бағыт бойынша тұрғын үй құрылысын жүзеге асыру үшін "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның меншікті қаражаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты пайдаланылатын болады.

Тұрғын үй объектілерін салу тетіктері:

1. Жеке құрылыс салушылардың (инвесторлардың) инвестициялық өтінімдері бойынша құрылысты ұйымдастыру.

Жылжымайтын мүлік қоры ішкі рәсімдерге сәйкес жеке құрылыс салушылар (инвесторлар) ұсынған тұрғын үй объектілерін салу жөніндегі жобаларды (бұдан әрі – жобалар) іріктейді және қарайды.

Жобалар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) ауыртпалықтан бос, инфрақұрылымды дамыту жоспарларына сәйкес ЖАО тиісті ИКИ-мен қамтамасыз еткен немесе қамтамасыз етуді жоспарлаған жер учаскесінің болуы;

2) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысы бар ЖСҚ-ның болуы;

3) тұрғын үйдің жайлылық сыныбы – "Тұрғын үй ғимараттары" Қазақстан Республикасының ҚНЖЕ 3.02-43-2007 бойынша 3-сыныптан жоғары емес. Жылжымайтын мүлік қорының бір пәтерінің жалпы ауданы 120 шаршы метрден және/немесе бір пәтерлі аз қабатты үйдің (коттедждің) жалпы ауданы 200 шаршы метрден аспауға, Қазақстан Республикасының ҚНЖЕ талаптарына сәйкес коммерциялық үй-жайлар және машина орындары болуға тиіс. Тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы ауданының 1 шаршы метрі құрылысының базалық құны Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында және олардың қала маңындағы аймақтарында 185 мың теңгені құрайды, қалған өңірлерде инфляция коэффициентіне сәйкес және құрылыстағы бағалар индексінің өзгеруіне байланысты бағаларды жыл сайын түзетумен 150 мың теңгені құрайды;

4) құрылыс салушының (инвестордың) жобаға қатысу үлесі жер учаскесін (кадастрлық құны бойынша) сатып алуға, ЖСҚ әзірлеуге және кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге жұмсалған шығындарды және/немесе объектінің құрылысы аяқталғанға дейінгі мерзімге берілген тиісті кепілдіктермен не қаржыландырудың расталған көздерімен қамтамасыз етілген ақшалай қаражатты және/немесе жобаны Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен іске асыру басталған сәтке дейін объектіде орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі бойынша жасалған техникалық аудит қорытындысымен расталған аяқталмаған құрылысты қоса алғанда, жоба құнының 20 %-ынан кем болмауға тиіс.

Іріктеу кезінде құрылыс салушының (инвестордың) қаржыландырудағы үлесі көбірек болған жобаларға басымдық беріледі.

2. ЖАО-ның жер учаскелерінде Жылжымайтын мүлік қорының жобаларын іске асыруы.

ЖАО Жылжымайтын мүлік қорына тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз ету жоспарланған жер учаскелерін берген жағдайда, Жылжымайтын мүлік қоры жобаларды іске асыруға қатысу үшін құрылыс компанияларын (инвесторларды) тарта отырып, осы кіші бөлімнің 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үй салуды ұйымдастырады. Бұл ретте Жылжымайтын мүлік қоры құрылыс компанияларын инвесторлар және/немесе жоба бойынша бас мердігерлер ретінде тартуы мүмкін.

3. Жобаларды нысаналы депозит арқылы іске асыру.

Құрылысты қаржыландыру үшін Жылжымайтын мүлік қоры нысаналы жедел банк салымдары туралы шарттар жасасу арқылы екінші деңгейдегі банктерге нысаналы депозиттер орналастырады, осыған сәйкес екінші деңгейдегі банктер

нысаналы салымның қаражаты есебінен тұрғын үй объектілерін салу үшін құрылыс салушыларға кредит беруді жүзеге асырады.

Нысаналы депозиттің сомасын өтеу есебінен Жылжымайтын мүлік қорының меншігіне берілетін тұрғын үй осы кіші бөлімнің 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Жылжымайтын мүлік қорының екінші деңгейдегі банктерге нысаналы депозиттер орналастыру шарттары мен тәртібі Жылжымайтын мүлік қорының ішкі құжаттамасымен регламенттеледі.

4. Жылжымайтын мүлік қорының салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілерінде осы кіші бөлімнің 1-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тиісті тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды сатып алуды қамтамасыз етуге құқығы бар.

5. Құрылыс аяқталып, объектілер пайдалануға берілгеннен кейін үй-жайлар жобаға қатысу үлесіне сәйкес бөлінеді.

Жылжымайтын мүлік қоры салынған инвестицияның сақталуы мен қайтарымдылығы қағидаттарын басшылыққа ала отырып, объекті құрылысының барысына тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

6. 2012 жылы құрылысы басталған жобалар бойынша тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы алаңының 1 шаршы метрін тікелей сатудың базалық құны Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында және олардың қала маңындағы аймақтарында 180 мың теңгеден, Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде 144 мың теңгеден аспайды. Кейінгі жылдары тікелей сату бағасы тұрғын үйдің (пәтердің) 1 шаршы метрін салу құнының өзгеруі есепке алына отырып, нақтыланатын болады.

5. Астана қаласындағы авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жоба шеңберіндегі тұрғын үй

1. Астана қаласы бойынша пилоттық жобаның жалпы сипаттамасы

Аталған бағытты әзірлеу кезінде Анкара қаласының авариялық және тозған тұрғын үйді бұза отырып, әлеуметтік тұрғын үй салуға негізделген "ТОКІ" мемлекеттік кәсіпорнының қатысуымен қалалық ортаны жаңарту бағдарламасын іске асыру бойынша тәжірибесі қолданылды.

Астана қаласының қалыптасқан бөлігінде алаңы 588 мың шаршы метр 2978 үй немесе 11264 пәтер реконструкциялауды және бұзуды талап етеді, олар реконструкцияланатын 42 ауданға, 315,6 га аумаққа бөлінген. Оның ішінде:

- 1) 5 қабатты – 66 үй;
- 2) 4 қабатты – 13 үй;
- 3) 3 қабатты – 19 үй;
- 4) 2 қабатты – 174 үй;
- 5) 1 қабатты (барак) – 127 үй;

б) усадьбалық типтегі үйлер – 2579 үй.

Бұзылатын тұрғын үйдің орнына жобаланатын тұрғын үй алаңы 3,1 млн. шаршы метрді құрайды.

2. Пилоттық жобаны іске асыру:

1) 2017 жылдың соңына қарай алаңы 150,0 мың шаршы метр

228 авариялық үйді бұзу және 3519 отбасын көшіру іс-шараларын орындауды ;

2) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды нарық бағалары бойынша сатудан және жобаны іске асыру барысында ілеспелі қызметтерді көрсетуден түскен қаражатты қайта инвестициялау есебінен авариялық үй құрылыстарының меншік иелерін көшіру үшін тұрғын үй салу бойынша жергілікті бюджетке түсетін жүктемені төмендетуді;

3) коммуналдық тұрғын үй қорын, 2018 жылдан бастап іске асырылатын жобаның 10 %-ын коммуналдық тұрғын үй қорына және 90 %-ын – жеке меншікке сату үлесімен толықтыруды;

4) астана мәртебесіне сәйкес келетін сәулеттің қазіргі заманғы келбетін жасай отырып, астананың "ескі" кварталдарын кешенді қайта жаңартуды қамтамасыз етеді.

3. Авариялық тұрғын үйді бұзу және азаматтарды көшіру тетігін іске асыру.

Астана қаласының әкімдігі:

1) Астана қаласының қалалық ортасын реконструкциялау жобасын, авариялық тұрғын үйді бұзуды және тұрғын үй қорын салуды іске асыру үшін уәкілетті ұйымды құрады;

2) үй құрылыстарын комиссиямен тексеріп қарауды жүргізеді, оның нәтижелері бойынша олардың табиғи тозуын көрсетіп және тұрғын үйді авариялық деп тану үшін негіздерді белгілей отырып, техникалық тексеріп қарау актілері жасалады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай шеңберінде жер учаскелерін алып қоюды және босатуды жүргізеді;

4) реконструкциялау аудандарын айқындайды, құрылысты жүзеге асыру үшін жер учаскелерін бөледі;

5) магистральдық инженерлік желілердің құрылысын және абаттандыруды қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес авариялық үй құрылыстарының иелерін қолданыстағы және кейін уәкілетті ұйым коммуналдық тұрғын үй қорынан берген үлестер есебінен қалыптастырылатын тұрғын үймен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

7) авариялық тұрғын үйлердің меншік иелеріне бұзылатын тұрғын үйлердің орнына алаңы бойынша тең келетін, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес жаңа пәтерлер береді;

8) авариялық тұрғын үйлерде тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне реквизицияланатын мүліктің құнын өтеуді ұйымдастырады. Авариялық тұрғын үйде орналасқан тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі келіскен жағдайда, реквизицияланатын мүлік үшін өтемақы Бағдарламаның осы бағыты бойынша салынып жатқан объектілердегі тұрғын емес үй-жайлардың алаңы бойынша тепе-тең көлемде тұрғын емес үй-жайлар беру арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Уәкілетті ұйым (Астана қаласы әкімдігінің 100 % қатысуымен):

- 1) тұрғын үйлерді жобалайды және салуды жүзеге асырады;
- 2) авариялық үй құрылыстарының меншік иелерін көшіру үшін коммуналдық тұрғын үй қорына салынған тұрғын үйдің үлесін тапсыруды қамтамасыз етеді;
- 3) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың бір бөлігін нарықта сатады;
- 4) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан түскен табыстарды қайта инвестициялау есебінен және жобаны іске асыру барысында ілеспелі қызметтерді көрсету арқылы одан кейінгі құрылысты ұйымдастырады.

Пилоттық жоба шеңберінде жобаны қайта инвестициялау мақсатында нарықта сату үшін жайлылығы 3-4-сыныптағы тұрғын үй және элиталық және бизнес сыныпты кеңсе үй-жайлары мен паркингтері бар коммерциялық тұрғын үй салу көзделіп отыр.

Тұрғын үйдің жалпы алаңының бір шаршы метрі құрылысының құны тұрғын үйлердің ЖСҚ-сына кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының негізінде айқындалады.

Тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метрін сату құны

192 400 теңгеден төмен емес деп көзделетін болады, бұл ретте сату бағасы салынып жатқан тұрғын үйдің жайлылық деңгейіне және сатылатын сәтте жылжымайтын мүлік нарығының қалыптасқан конъюнктурасына байланысты болады.

4. Қаржыландыру тетігін іске асыру:

1) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасының шеңберінде Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымына 40 млрд. теңге, оның ішінде 2012 жылы – 20 млрд. теңге, 2014 жылы – 20 млрд. теңге мөлшерінде кредиттік қаражат бөлді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымының "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ бұдан бұрын қабылдаған міндеттемелерін өтеуі үшін республикалық бюджеттен 40 млрд. теңге, оның ішінде 2013 жылы – 20 млрд. теңге, 2018 жылы – 20 млрд. теңге мөлшерінде нысаналы ағымдағы трансферт бөледі;

3) одан әрі жобаны қаржыландыру басқа көздердің есебінен жүзеге асырылады: жеке инвестицияларды тарту, ЕДБ-ден қарыз алу, уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын толықтыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер, тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан және жобаны іске асыру барысында ілеспелі қызметтерді көрсетуден түскен табыс.

6. Жеке меншіктегі тұрғын үй

1. Қазақстанда тұрғын үй құрылысының жалпы көлеміндегі негізгі үлесті (50 % – 60 %-ға дейін) жеке тұрғын үй құрылысы (бұдан әрі – ЖТҚ) алады.

ЖТҚ-ны ынталандыру үшін мыналарды көздеу қажет:

1) аз қабатты тұрғын үйлер салудың үлгі жобаларын тарату бойынша ЖАО қызметін ұйымдастыру. Бұл жобалар азаматтарға тегін берілуі тиіс;

2) ЖАО ЖТҚ-ға арналған алаңдарды бекітілген бас жоспарларға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына және елді мекендерде құрылыс салу қағидаларына сәйкес алаптармен бөлуге тиіс;

3) ЖТҚ-ға бөлінген алаптар тұрғын үйлердің құрылысы басталғанға дейін ИКИ-мен қамтамасыз етілуге тиіс;

4) ЖАО-ның азаматтарға жер учаскелерін заңнамада белгіленген тәртіппен беруі.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі деңгейін арттыру және тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту үшін қосымша ынталандыру шараларын жасау жөніндегі жоғарыда көрсетілген іс-шаралармен қатар ЖАО тұрғын үй проблемасын дербес шешетін азаматтардың бастамаларына жәрдем көрсетуі керек.

Осы бағытта тәуекел деңгейі үлестік құрылысқа қарағанда мейлінше төмен тұрғын үй құрылыс кооперативтері (бұдан әрі – ТҚК) өздерін оң жағынан танытты. Мемлекеттің меншігіндегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін құрылыс үшін бөлу ТҚК құрудың міндетті шарты болуға тиіс. Бұл ретте құрылыс салынатын учаскеге ЖАО қажетті инженерлік желілер мен коммуникациялар жүргізуге тиіс. ТҚК-ның меншігіне жер учаскесін ресімдеу тұрғын үй пайдалануға берілгеннен кейін жүзеге асырылуға тиіс.

2. Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі және "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның қаржыландыруы арқылы жеке құрылыс салушылардың коммерциялық тұрғын үйін дамытуға қолдау көрсетілуде.

1) ҚТҚЖБ тұрғын үй құрылысының жобаларын ЕДБ-дегі шартты депозит арқылы іске асыру.

Тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тартуды ынталандыру мақсатында түпкілікті қарыз алушы үшін тиімді сыйақы мөлшерлемесін жылдық 7 %-дан асырмау шартымен, ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысымен расталған құрылыс құнының 100 %-ына дейінгі мөлшерде

жылдық 3 % сыйақы мөлшерлемесі бойынша 5 жылға дейінгі мерзімге шартты депозиттерді орналастыру арқылы құрылыс салушыларға кейіннен кредит беру үшін ЕДБ-ні қорландыру жүзеге асырылатын болады.

Аталған тетікті іске асыру үшін бос қаражаттың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы № 672 қаулысында айқындалған іс-шараларды қаржыландыруға арналған жарғылық капиталдың қаражатын пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, 20 млрд. теңгеге дейінгі мөлшердегі ҚТҚЖБ қаражатын жұмсау жоспарланып отыр. Аталған тетікті іске асыру үшін белгіленген тәртіппен ҚТҚЖБ-ның жарғылық капиталының қаражатын қайта бөлу қажет.

Тұрғын үй құрылысының жобаларын іске асыру тетігі, шарттары, тәртібі және шартты депозиттерді орналастыру есебінен салынған тұрғын үйді сатып алушыларға қойылатын талаптар ҚТҚЖБ-ның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2) ЖАО-ның мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу арқылы ҚТҚЖБ тұрғын үй құрылысының жобаларын іске асыру.

ЖАО ҚТҚЖБ салымшыларына өткізуге жататын тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында ҚТҚЖБ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ЖАО мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Тұрғын үй құрылысының жобаларын іске асыру тетігі, шарттары, тәртібі және мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру есебінен ЖАО салған тұрғын үйді сатып алушыларға қойылатын талаптар ҚТҚЖБ-ның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

3) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушылардың жобаларын қаржыландыруды жүзеге асырады.

Өңірлерді дамытудың
2020 дейінгі бағдарламасына
5-қосымша

Тұрғын үй қорын жаңғырту тетігі

Бағдарлама шеңберінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу (бұдан әрі – жөндеу) ғана жүзеге асырылатын болады.

Терможаңғырту элементтерімен күрделі жөндеуді жүргізу нәтижесінде жылу тұтынуды үнемдеу 30 пайызға дейін қол жеткізіледі.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қайтаратын қаражаттары есебінен жұмыстардың ең аз және ең көп түрлерінде көзделген күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Жалпы жиналыстарда тағайындалатын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері қатарынан жауапты тұлғалармен келісім бойынша жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін міндетті түрде орнатумен үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қайтаратын қаражаттары есебінен ортақ мүлікті күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге жол беріледі.

Ғимаратты (объектіні) күрделі жөндеу – қажет болған жағдайда конструкциялық элементтері мен инженерлік жабдық жүйелерін ауыстыра отырып, оның ресурсын қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ғимаратты жөндеу.

Тұрғын ғимараттарды күрделі жөндеу ұйымдастыру-технологиялық жобалау құжаттамасына – жобаға (жұмыс жобасына), күрделі жөндеуді ұйымдастыру жобасына және жұмыстарды жүргізу жобаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері келісімдерінің және жөндеу жүргізу туралы шешім қабылдаған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің барлығы қол қойған шарттардың болуы көп пәтерлі тұрғын үйде жөндеу жүргізу үшін негіз қалаушы факторлардың бірі болып табылады.

Ортақ мүлікті күрделі жөндеу жұмыстары мыналарды көздейді:

1) жұмыстардың ең аз түрлері – бұл жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін және үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын міндетті түрде орнатумен тұрғын үйдің шатырын, кіреберісін және жертөлесін жөндеу;

2) жұмыстардың ең көп түрлері – бұл жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін және үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын міндетті түрде орнатумен шатырды, кіреберісті, жертөлени, қасбетті жөндеу, лифті жабдығын (болған жағдайда) жөндеу (ауыстыру).

Үйдің шатырын, қасбетін және кіреберісін жөндеу талап етілмеген жағдайда жертөлени (инженерлік желілерді қоса алғанда) жөндеу жоғарыда баяндалғанға жатпайды.

Ғимаратты терможаңғырту жөніндегі кешенді жұмыстар кезінде тұтынылатын жылуды реттеудің автоматтандырылған жүйесі (орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған) және үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары орнатылады, оларды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізу тетігі республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) бюджетіне нысаналы трансферттер бөлуді көздейді, олар жарғылық капиталына мемлекет қатысатын мамандандырылған уәкілетті ұйымдарды капиталдандыруға бағытталатын болады.

ЖАО мамандандырылған уәкілетті ұйымды ұстауды қаржыландыруды және жергілікті бюджет есебінен жөндеу жұмыстарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Мамандандырылған уәкілетті ұйымды капиталдандыру үшін бюджеттік өтінімді қалыптастыру экономикалық сараптаманың қорытындысы мен кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін техникалық тексеру актілерін қоса берілген қаржы-экономикалық негіздеменің (бұдан әрі – ҚЭН) негізінде жүргізіледі.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуге қаржы қаражатын бөлген кезде жеке өңірлердің ортақ тұрғын үй қорында күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көп пәтерлі тұрғын үйлердің үлесі ескерілетін болады.

ЖАО қажет болған кезде аталған тетікті жүзеге асыру үшін жергілікті бюджет қаражатын пайдаланады.

Кондоминиум объектісін басқару органы мен оператор (бас мердігер) болып табылатын мамандандырылған уәкілетті ұйым және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері арасында кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуге шарт жасалады.

Мамандандырылған уәкілетті ұйым қосалқы мердігерлерді тарту мүмкіндігімен ортақ мүлікке жөндеу жүргізеді.

Кондоминиум объектісін басқару органының екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – ЕДБ) әр кондоминиум объектісіне ашылған жинақ есепшоты болады.

Шартта белгіленген мерзім ішінде үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері ЕДБ-дегі жинақ есепшотына ай сайынғы жарналарды төлейді.

Жинақталған қаражат ЕДБ-дегі есепшоттан мамандандырылған уәкілетті ұйымға орындалған жұмыстар үшін бөліп ақы төлеу ретінде аударылады.

Мамандандырылған уәкілетті ұйым тұрғындар қайтарған соманы кондоминиумның басқа объектілерін жөндеуге жұмсайды.

Аталған тетікті іске асыру үшін оның қатысушылары мынадай іс-әрекеттерді орындайды.

ЖАО:

1) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің өтінімдері бойынша жөнделуі тиіс үйлердің тізбесін қалыптастырады;

2) тұрғын үй инспекцияларының тиісті актілерді беруімен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне техникалық тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

3) тұрғын үйге энергетикалық аудит жүргізуді ұйымдастырады;

4) мамандандырылған уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын ұлғайту үшін ҚЭН әзірлейді;

5) ҚЭН-ге экономикалық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

6) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға растау құжаттарын қоса бере отырып, бюджеттік өтінімді жолдайды;

7) жөндеу жұмыстарының жүргізілу барысын бақылауды және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен орындалған жұмыстар үшін қаражаттың қайтарылуына мониторингті қамтамасыз етеді;

8) аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді ұйымдастырады;

9) кондоминиум объектілері басқару органдарымен және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерімен жөндеу жұмыстарын орындауға шарттар жасаған кезде үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің 8-ден 15 жылға дейін (күрделі жөндеу жұмыстары түрлеріне байланысты) қаражатты қайтару мерзімін сақтауын қамтамасыз етеді;

10) қабылдау комиссиясын мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың, мердігер ұйымның, кондоминиум объектісін басқару органдарының, тұрғын үй инспекциялары және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламаға жетекшілік ететін бөлімдердің, сондай-ақ техникалық қадағалаудың (үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің келісімімен авторлық қадағалаудың), мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының басшылары, жалпы жиналыста тағайындалатын жөнделетін объектілердің үй-жайлары (пәтерлері) меншік иелерінің (жеті адамнан кем емес) арасынан жауапты тұлғалар қатарынан қалыптастырады.

Бұл ретте, қаражатты қайтару кестелерін жасау қажет, оларды одан әрі жөндеу үшін пайдалануды болжауға мүмкіндік береді.

Мамандандырылған уәкілетті ұйым:

1) кондоминиум объектілерін басқару органдарымен және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерімен жөндеу жұмыстарын орындауға шарт жасасуды;

2) шартқа сәйкес жөндеу жұмыстарын орындауды;

3) қажет болғанда қосалқы мердігерлік ұйымдармен шарттар жасасуды;

4) жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жіберілген кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдауды;

5) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен – шартқа қатысушылардан берешектерді сот тәртібімен өндіріп алуды ұйымдастыруды;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) және шығыстар сметасын әзірлеуді қамтамасыз етуді және оны үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерімен келісуді жүзеге асырады.

Кондоминиум объектісін басқару органы:

1) кондоминиум объектісін тіркеуді жүзеге асырады;

2) екінші деңгейдегі банктерде кондоминиум объектісіне ағымдағы және жинақ есепшоттарының ашылуын қамтамасыз етеді;

3) мамандандырылған уәкілетті ұйым әзірлеген ЖСҚ, шығыстар сметасының, ақаулар ведомостерінің келісілуін ұйымдастырады;

4) мамандандырылған уәкілетті ұйыммен жасалған шартқа қол қоюды қамтамасыз етеді;

5) орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысады;

б) жалпы жиналыстың шешімін орындаудан бас тартқан және шартқа қатыспайтын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы талап арыз беруді жүзеге асырады.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысы:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізу туралы шешім қабылдайды;

2) қосалқы мердігер ұйымды таңдауды келісуді жүзеге асырады (оны тарту қажет болған кезде);

3) ЖСҚ немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге шығыстар сметасын келіседі;

4) әрбір пәтерге (үй-жайға) жүктелетін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге жұмсалатын шығындар сомасын бекітеді, ол жеке (бөлек) меншіктегі тұрғын және (немесе) тұрғын емес алаңдардың пайдалы алаңының осы кондоминиум объектісіндегі үй-жайлардың барлық тұрғын және тұрғын емес алаңдарының пайдалы алаңдарының сомасына қатынасы бойынша айқындалады;

5) орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысу үшін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қатарынан жауапты тұлғаларды таңдауды жүзеге асырады.

Орындалған жұмыстарды қабылдауға мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың, мердігер ұйымның, кондоминиум объектісін басқару органдарының, тұрғын үй инспекциялары және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламаға жетекшілік ететін бөлімдердің, сондай-ақ техникалық қадағалаудың (үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің келісімімен авторлық қадағалаудың) басшылары, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары, жалпы жиналыста тағайындалатын, жөнделетін объектілердің үй-жайлары (пәтерлері) меншік иелерінің (жеті адамнан кем емес) қатарынан жауапты тұлғалар қатысады.

Сондай-ақ, 2014 жылдан бастап ЖАО-ға кейіннен жөндеу жұмыстары жүргізілетін үйлерде энергетикалық аудит жүргізуге трансферттер бөлінеді.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу аяқталып, жылыту маусымы өткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар осы жөндеудің энергия тиімділігін бағалау үшін қайта энергетикалық аудит жүргізеді.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуге тиіс.

Секторды технологиялық дамыту үшін кемінде 5-10 жылда бір рет барлық нормативтік-техникалық құжаттаманы қайта қарау қажет, бұл осы саладағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды қайта қарауды, бекітуді және жаңаларын әзірлеуді көздейді.

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне сәйкес тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін тұрғын үй көмегі көрсетіледі.

Пәтерлердің (үй-жайлардың) меншік иелерін тұрғын үй қорын термोजаңғырту процесіне тарту мақсатында халық арасында энергия үнемдеуді насихаттау шараларын жүргізу қажет. Халықтың қалың бұқарасына, кондоминиум объектілерін басқару органдарына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) мамандарына және білім алатын жастарға энергия үнемдеу саясатын насихаттау бойынша қызметтер көрсетілетін болады. Энергия үнемдеуді насихаттау жөніндегі іс-шаралармен қамтылған қала халқының үлесі іс-шараларды жүргізу нәтижесінде жыл сайын ұлғаятын болады.

Халық арасында энергия үнемдеуді насихаттау Бағдарламаны табысты іске асырудың негізі болып табылады және мынадай негізгі іс-шараларды қамтиды: ағартушылық және арнайы әдебиетті тираждау және тарату, өңірлік семинарлар, көрмелер және конференциялар ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық акциялар мен жарнамалық науқандар өткізу.

Саланы кадрлық қамтамасыз ету шеңберінде практикалық оқыту үлесін ұлғайту, ТКШ саласы үшін ғылыми кадрлар даярлау, ТКШ саласы мамандарының біліктілігі мен құзыретін арттыру жүйесін дамыту арқылы жоғарғы, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру қажет.

Нәтижесінде көп қабатты тұрғын үйге өзінің жеке меншік тұрғын үй ретіндегі иелік ету қатынасы және энергияны үнемдеу қалыптасуға тиіс, жалпы осы іс-шаралардың барлығы тиімді меншік иесін қалыптастыруға және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің энергияны тұтынуын азайтуға бағытталатын болады.

Термोजаңғырту бірінші кезекте осы қалалар халқының қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталады.

Бағдарлама шеңберінде күрделі жөндеуді қажет ететін көппәтерлі тұрғын үйлер көрсеткіштерінің тұрақты мониторингі жүзеге асырылады, бұл жерде

респонденттер ретінде жергілікті атқарушы органдар болуы мүмкін, ал кейін респонденттер ретінде кондоминиум объектісін басқару органдарын және сервистік қызмет субъектілерін тарту шаралары қаралатын болады.

Бұрын 2011 – 2012 жылдары Бағдарламаны іске асыру бойынша оператордың бірі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі – ӘКК) болып табылған. Оларда үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қайтарымды қаражатын жинау әлі де жүзеге асырылатын ӘКК рөлін ескере отырып, жөндеу жүргізу үшін ӘКК-ге қайтарылатын ақша қаражатын пайдалану бойынша жұмысты жалғастыру, сондай-ақ осы қаражатты мамандандырылған уәкілетті ұйымдар арқылы тікелей пайдалану тетіктерін қарау қажет.

Перспективада мамандандырылған уәкілетті ұйымның рөлін кәсіпкерлік құрылымдар, ал оларды қаржыландыруды мамандандырылған қаржы институттары (агенттіктер) және ЕДБ өзіне алады.

Өңірлерді дамытудың
2020 дейінгі бағдарламасына
6-қосымша

"Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау" басымдығы бойынша Бағдарламаны іске асыру кезінде қаржыландырудың және қатысушылардың өзара іс-қимыл жасауының тетігі

1. Қаржыландыру лимитін бөлу:

1) облыс әкімі әрбір ауданға және облыстық маңызы бар қалаға қаржыландыру лимитін ауылдық округтерде, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдарда және кенттерде тұратын халықтың санына байланысты жеткізеді;

2) аудан әкімі және облыстық маңызы бар қала әкімі әрбір ауылдық округке қаржыландыру лимитін әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа әр ауылдық округте, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылда, кентте тұратын халықтың санына байланысты жеткізеді.

Бұл ретте аудан әкімі және облыстық маңызы бар қала әкімі қаржыландыру лимитін бөлген кезде ауылдық округтің құрамына кірмейтін даму әлеуеті төмен ауылдар мен кенттерді алып тастайды және оны ауылдық округтерге, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдарға және кенттерге қайта бөледі;

3) ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері барлық ауылдарға, кенттерге және ауылдық округтерге есептелген қаражат көлемін жергілікті қоғамдастық жиынының шешіміне сәйкес бөледі.

2. Іріктеу рәсімі:

1) жергілікті қоғамдастықтың жиналысында аудан әкімі, облыстық маңызы бар қала әкімі жеткізген қаражат көлемінің шеңберінде іс-шаралар айқындалады және жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен ресімделеді;

2) мақұлданған іс-шаралар бойынша ұсыныс (жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі) ауылдық округтің әкіміне, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдың және кенттің әкімдеріне түседі;

3) ауылдық округтің әкімі, ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдың және кенттің әкімдері мақұлданған іс-шаралар бойынша ұсыныстарды (жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімін) аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдігіне жібереді;

4) аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігі бағытты ескере отырып, ұсынылған іс-шаралардың тізбесін қалыптастырады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген құжаттарды қоса бере отырып, Бағдарламаның үйлестірушісіне жібереді;

5) Бағдарламаның үйлестірушісі іс-шаралар бойынша ұсынылған құжаттарды қарайды және олар бойынша қорытынды қалыптастырады;

6) Бағдарламаның үйлестірушісі іс-шараларға берілген қорытындылардың нәтижесін аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігіне жолдайды.

Өз кезегінде аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігі Бағдарлама үйлестірушісінің қорытындысын ауылдық округтердің, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдардың және кенттердің әкімдеріне жібереді.

Ауылдық округтердің, сондай-ақ ауылдық округтердің құрамына кірмейтін ауылдардың, кенттердің әкімдері жергілікті қоғамдастықтың жиналыстарында қолдау көрсетілген және қолдау көрсетілмеген іс-шаралар туралы ақпаратты жеткізеді.

3. Бағдарлама үйлестірушісі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген мерзімдерде бюджеттік жоспарлау саласындағы жергілікті уәкілетті органға бюджеттік өтінімді ұсынады.

4. Бюджет қаражатын пайдаланудың мониторингі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалану мониторингін жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.